

Телғожа Жанұзақ, Қыздархан Рысберген

А 2006

9020 к



Қ А З А Қ
ОНОМАСТИКАСЫ


ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

12006/9020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТІРЛІГІ

ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Телғожа Жанұзақ, Қыздархан Рысбергелі



Қ А З А Қ
О Н О М А С Т И Қ А С Ы

ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

"АЭНА" баспасы, АЛМАТЫ 2004

ББК 81 2 Қаз-3

Т 32 0026

Жауапты редакторы: филология ғылымдарының докторы,
профессор К.Ш.Хұсайын

Пікір жазған: филология ғылымдарының
кандидаты Н.М.Уәли

Телғожа Жанұзақ, Қыздархан Рысберген
Т 32 **Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы.**
Алматы: "Азия" баспасы, 2004. 128 бет.

ISBN 9965-9341-2-6

Бұл әдістемелік құралда қазақ ономастикасы жайлы толық мағлұматтар беріліп, 1950 жылдан бері атқарылған ғылыми-зерттеу, қоғамдық мәндегі жұмыстар талданып, тұжырым-түйіндер жасалды.

Осымен қатар ұлттық ономастиканың болашағы туралы нақты ұсыныстар, орындалар іс шаралар көрсетілді.

Кітап мемлекеттік ұйымдар мен мамандарға, оқушылар мен студенттерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.

ББК 81. 2 Қаз -3

Т 4602000000
00(05)-04

ISBN 9965-9341-2-6

© Телғожа Жанұзақ, Қыздархан Рысберген, 2004

© Тілдерді дамыту департаменті, 2004

© "Азия" баспасы, 2004

АЛҒЫ СӨЗ

Ұлттық ономастика мәселесі қазіргі таңда үлкен саяси-идеологиялық мәнге ие болып отыр. Бір жағынан төрткүл дүние ел мен жер, мемлекетті ең алдымен оның белгілі тұлғаларының есімдері мен жаһанға әйгілі жер-су атаулары танытын болса, ғылым мен білімді байыту арқылы сондай-ақ көзі болса, екіншіден, ономастикалық мағлұматтар халқымыздың, өсер ұрпақтың елжандылығын, өз еліне деген мақтаныш сезімін тербейтін, тәрбиелік рухани, мәдени маңызы аса зор фактордың бірінен саналады. Ұлт мақтанышына айналған Фараби, Абылай хан, Абай, М.Әуезов, Жамбыл сынды бабаларымыз бен ағаларымыздың есімі күллі әлемге танымал болса, жазира даламыздың Қазығұрт, Отырар, Ертіс, Талас, Сарыарқа, Астана, Алматы, Жайық сынды ежелгі қала, өзен, тау атаулары адамзат тарихында өз орнын орынды сайлаған жалпымәдени, гуманитарлық маңызы зор өркениет құндылығына айналғанын неге мақтан тұтпасқа?!

Мындаған жылдар адамзат Құс жолына көз тігіп, шексіз ғаламды қиялмен шарлаған ғарышқа екі жол болса, бірі қазақ топырағындағы әлем таныған Байқоңырдан бастау алатындығына кез келген қазақтың кеудесін мақтаныш қалай кернемеске?!

Есік қорғанынан табылған Алтын Адам, қазақ жерінен табылған қола дәуіріне қатысты мұразаттар (артефактілер) есте жоқ ықылым заманда бабалар жерінде жоғары мәдениеттің болғандығының куәсі емес пе? Ал қазақ халқының алтын бесігі болған ұлы Сырдария алабы мен Іле, Ертіс, Жайық сағалары әлемнің аса көне өркениет ошақтары — аты аңызға айналған Ніл, Ефрат, антикалық Рим, Эллада мәдениетімен пайда болу кезеңі тұрғысынан шендесе қатар тұра алатын ұлттық, тіптен еуразиялық ортақ мәдениеттің феномені ретінде қарастырылса керек.

Қай кезде, қай қоғамда болмасын адам баласы дүниеге келген заматтан бастап атаулар қоршауында болған. Ең алдымен адам өзін-өзі есімі арқылы танып, өзгеге танытып, туған жерін, шыққан тегін идентификациялап, жақын мен жатты осы атаулар арқылы түйсінген.

Сондықтан қазақ халқының қазіргі қалыптағы ономастикалық кеңістігіндегі атаулар жүйесі — жерімізді әр заманда мекен еткен халықтар мен ұлыстардың, түптен келгенде, өз жұртымыздың сан ғасырлар бойы жасалған ұжымдық ой-санасының жемісі, ортақ мәдени, рухани туындысы.

Еліміздің жер-су атаулары мен жалқы есімдер жүйесі ұлтымыздың тілі мен этникалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде танылып, қазақ халқының ділі мен тілі, дінінің болмыс ерекшелігін паш етеді.

Жалпы қазақ ат қойып, айдар тағуға шебер халық болған, ат қою процесіне баппен байыппен қарап, қорғаштаған. Ондаған ғасырлар бойы қалыптасқан топонимдік жүйеде шексіз даладағы тіршілік көзі — жер-суға ат қойғанда, ең алдымен практикалық мақсаттағы уәжі, бағдар-ориентир қызметі негіз болса (мысалы, *Суықбұлақ, Тұщысу, Соналы, Жусанды* т.б.), екінші жағынан, қарапайым қазақтың қиял ұшқырлығына, асқан жоғары поэтикалық қабілеті мен эстетикалық талғамына тәнті боласыз, мысалы, *Келіншектау, Айғырушқан, Домбыралы* мифотопонимдері мен теңеуге құрылған *Оқжетпес* сынды поэтикалық әлеуеті мол атауларды келтіруге болады. Кісі есімдері жүйесінің де поэтикалық ой толғатар тұстары көп, мысалы, *Абайдың Әйгерімі, Төлегеннің Қыз Жібегі*, өз заманымыздың *Ақерке, Ботагөз* сынды қыз есімдерін көптеп келтіруге болады. Әр тарихи кезеңдегі қоғамдық формацияның сол кездегі тілдік, мәдени ортаның өзіне тән ономастикалық бірліктер репертуары болғандығы белгілі. Кез келген онимдік атаудың артында үлкен фондық білім жасырын тұр, алуан түрлі энциклопедиялық ақпараттар желісімен байланысты болып келеді. Мәселен, көне түркі жұртына ортақ *Білге* бабаның, берідегі *Абай, Сүйінбай, Махамбет* т.б. есімдері немесе *Ордабасы, Аңырақай* сияқты топонимдер төңірегінде қаншама аялық білім бар десеңші! Осы атаулардың әрқайсысы құлпы бар өз заманының қолтары іспеттес, кілтін тауып, доп басқан кісіге небір өткен қилы замандардың тылсым сыры ашылмақ. Яғни ономастика ұлтымыздың “өлемнің тілдік моделінен” өзіндік орын алатын, кумулятивтік мәні зор, жоғары коннотацияға ие, этностың рухани әлеуетінің көрсеткіші ретінде танылса керек.

Ономастика — “кұрлықтық” үлкен лингвистиканың бір бөлігі бола тұра, өзге лексикалық топтар арасындағы табиғаты оқшаулау саласы. Өйткені онимдік бірліктердің жасалуында тілден тыс құбылыстардың ықпалы зор, ол географиялық, тарихи, этнографиялық т.т. факторлардың басым келуі. Мәселен, сулы, батпақты Карелия өңірінде батпақ түріне қатысты 40-тан астам термин-апеллятивтер бар болса, саха тілінде 20-дан асатын қардың түрін айырады екен. Ал Африкадағы Сахара шөлінің автохтондары 20-ға дейін құдық

түрін ажыратса, сол 20-ға жуық құдық түрі қазақтың шөлді, шөлейт аймақтарында кездесіп отыр. Қазақстанның жалғыз ғана оңтүстік аймақтарында 2 мыңнан астам құдық атауларының бар екендігін топонимдік зерттеулер дәлелдеп отыр. Яғни мидай жазық ұлы Бетпақдала мен Қызылқұм, Мойынқұм шөлдерінде әрбір құдық тіршілік көзі болған, көштің әл-қуат жинап, малын суарып, дамылдайтын орны болған. Сондықтан да бабаларымыз оларды аялап қастерлеген, келесі қонар көшке бетін жауып қалдырған, бұл мәні тереңде жатқан дала экологиясының көрінісі. Құм астында қаншама қала, қыстақ, керуен, көш жолдары қалды десенші! Қазақ ономастикасының ашылмай жатқан, өз зерттеушілерін күтіп тұрған сырға толы беттері әлі де жетерлік. Қызылқұм шөлін тігінен, көлденеңінен кесіп өткен ертедегі *Сарғатажол*, *Іргежол* т.б. керуен, көш жолдары атауларының (дромонимдер), сондай-ақ топоним жасауға қатысатын метеорологиялық апеллятивтерге жататын жүзден астам жел атауларын академик Ә.Қайдар жинаса, топонимистер материалдарында *Тұщы желдер*, *Түстік жел* анемотопонимдер мен *Шақпақ*, *Арыстанды Қарабасты* анемонимдерінің (жел атаулары) болуы қазақ ономастикасындағы зерттелмеген қызықты жайлардың бірінен саналады. Бұл атаулардың жасалу уәжінің астарында географиялық, тарихи-этнографиялық, мәдени факторлар жатыр. Алайда жалқы есімдер өзге сөз таптары сияқты тілдік әдіс-тәсілдермен зерттелетіндігін де баса айту керек.

Сондай-ақ, қазақ этнонимдері мен этнотопонимдері де өзге орал-алтай тіл қауымдастығына тән ұлттық ономастиконда айрықша орын алады. Бұл саланы халықтың бай шежіресімен байланыстыра зерттеу мәдени, тарихи тұрғыдан нәтижелі болмақ.

Ономастика — қызығы мол, қиындығы көп, ғылыми-теориялық түйіні жалпыға ортақ, ешкімді бейберекет қалдырмайтын тіл саласы.

Бұл жұмыс — осы уақытқа дейінгі төл ономастикамыздың жетістігін саралап, баға беріп, негізгі бағыт-бағдарын, даму үрдісін, болашақ қолға алар зерттеулер нобайын айқындайтын алғашқы жұмыс.

Жарты ғасыр тарихы бар, өзіндік дәстүр, тәжірибесі мен түйгені бар ұлттық ономастикамыздың бүгінгі бет-бейнесін айқындар мезгіл жетті. Ендігі жерде қазақ ономастикасының қалыптасу тарихы мен болашағына назар аударалық.

Авторлар

КІРІСПЕ

Ономастика — кез келген жанды және жансыз заттар мен құбылыстарды даралап белгілейтін тіл білімінің саласы. Кез келген тілдің сөз қорындағы жалқы есімдер немесе онимдер корпусы және оны зерттеу “ономастика”, “онимия” (грек тілінде “*ονομα* — “есім, ат” *onomastika* — “ат қою өнері”, яғни атауларды зерттейтін ғылыми сала) терминдерімен белгіленеді. Тарихи әр кезеңдегі жалқы есімдер құрамы қоғамның бет-бейнесін айқындайды. Нақты бір тарихи кезеңде, бір территорияда орналасқан тілдік қауымдастықтың есімдер жиынтығын **ономастикалық кеңістік** деп атайды. Әдетте ономастикалық кеңістікті кез келген халықтың, қауымдастықтың тілдік құралдарымен белгіленетін ақиқат және қияли нысаналардың атаулары мен есімдері, яғни онимдік бірліктері құрайды. Ол атаулар тілді тұтынушы халықтың қалыптасқан “әлемнің тілдік моделіне” сай, қоршаған ортаны сан ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, ұлттың ой-өресі негізінде бөліктеу ерекшелігіне сәйкес жасалады.

Қазақстан Республикасының қазіргі қалыптағы ономастикалық кеңістігін алдымен ұлттық жалқы есімдер жүйесі құрайды, сонымен қатар Республикамызды мекендейтін өзге тілдік диаспора есімдер жүйесі де “подсистема” ретінде өзіндік орын алады.


Бұл ретте Қазақстанның жалпы ономастикалық кеңістігі мен ұлттық тол ономастика кеңістігін айыра білген жөн. Атаулар мен атауға ие болған нысаналардың белгілі жер кеңістігі мен одан тыс аумақта, мысалы ғарыш әлеміндегі нысаналар атауы орналасуымен байланысты, түрлі мәдениет иелерінің ономастикалық кеңістігіндегі атаулары да алуан мазмұнда келеді. Ал барлығына ортақ жағдай — оларда шартты түрде өткен дәуірлер ізі әрқашан да көрініс тауып отырады.

Ономастиконның (жалқы есімдер түзілімі) ұлттық-мәдени ерекшелігінің айқын көрініс табатын тұсы — ол нақтылы дәуірде тіршілік еткен кеңістіктегі түрлі заттар мен құбылыстар тобының немесе қияли ұғымдардың сол халықтың дүниетанымына сай ономастикалық атауға ие болатындығы.


Қазақ ономастикалық кеңістігі бірнеше секторлар мен сегменттерге бөлінеді. Жалқы есімдер атауға ие болатын нысана денотаты сипатына сай түрлі топтар мен кластарға бөлінеді. Қазақ ономаст-мамандары онимдік бірліктерді топтарға бөлгенде Батыс Еуропа және орыс ғалымдары жүйелеулеріне сүйенетіндігін айту керек. Осы орайда көпшілікке ұғынықты

болу үшін казак ономастикасының басты тармақтары мен топтарын әлемдік ономастика, одан бері орыс ғалымы Н.В.Подольскаяның (Н.В.Подольская. Словарь русской ономастической терминологии. М., “Наука”, 1988) қолданған белгілі схема жүйесі негізінде көрсетуге болады. Олар грек және латын тілінің негізіндегі интернационалдық терминдік элементтерден жасалған.

1-схема Жер беті кеңістігі атаулары




2-схема Жер беті кеңістігі атаулары (жанды және жансыз болмыс)



3-схема Адамның тіршілік аясындағы атаулар

теоним	мифоним	идеоним	прагматоним
(кез келген пантеондағы құдай атауы)	мифоантропоним	артионим	хремотоним
	поним	(өнер туынды атауы)	(зат атауы)
	мифоперсоним	библионим	порейоним
	мифотопоним	(жазба шығарма атауы)	(көлік атауы)
	мифозооним	геортоним	ойконим (елді мекен атауы)
	мифотопоним	(мереке атауы)	ойкодоним (гимарат атауы)
		гемероним	урбаноним
		(мерзімді баспасөз атауы)	(қала іші нысана атаулары)
		документоним	дромоним
		(құжат атауы)	(жол атаулары)
		позтоним	агрооним
		(көркем әдебиет атауы)	(өңделген жер телімі атауы)
		хрононим	
		(уақыт, кезең атауы)	

4-схема Ғарыш кеңістігі атаулары



Бұл схемаға антропонимдер де қосылу керек. Ол да ономастиканың қомақты бір бөлігі болып саналады.

Ономастиканың әлемдік бейнесін бұлай бөлшектеудің кейбір тұстары шартты екендігін мойындау керек. Алайда адам, адамзат іс-әрекеті, тіршілігі аясына іліккен нысаналар мен құбылыстар таңбаланып, иерархиялық тұрғыдан ономастиканың қажет болғандықтан, осылай топтастырылып, жүйеленуі қолайлы да орынды деп білеміз.

Көрсетілген онимдік топтардың кез келген тілде сан

жағынан басым келетіні топонимдер мен антропонимдер секторы болғандықтан, оның маргиналды жағдайдағы, ономастикалық кеңістіктің шеткері шеңберінде орналасқан кейбір топтары қазақ ономастикасында қоғам, тілдік орта қажеттілігіне ғана байланысты зерттелмек.

Ендігі жерде түркі, қазақ ономастикасының кейбір зерттеу проблемаларына, тарихына қатысты қысқаша шолу жасағанды жөн көрдік.

Ономастиканы (кісі аттарын, жер, су, ру, тайпа аттарын т.б.) зерттеудің қажеттігін көрнекті ғалымдар: В.В.Радлов, В.В.Бартольд, Н.Х.Катанов, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.К.Кеңесбаев, С.Аманжолов т.б. өздерінің жазған мақалаларында орқашан айтып отырған еді. Академик А.Н.Самойлович өзінің бір мақаласында былай жазғанды: “Следовало бы составлять полные алфавитные списки с подробными указаниями, в каких случаях, в какую историческую эпоху, кому и почему давалось или дается данное имя. В последствии явилась бы возможность произвести весьма интересное в культурно-историческом и в этнографическом отношении сравнительное исследование личных имен всех тюркских народов”. (Самойлович. 1911. вып. IV).

С.Е.Малов — ономастиканы зерттеуге ерекше назар аударған, мейлінше қолдаған ғалым. Түркі тілдерін, әсіресе ұйғыр, қарақалпақ, өзбек, қазақ тілдерін жетік білетін Сергей Ефимович Малов 1954 жылы Ленинград қаласында “Қазақ тіліндегі кісі аттары” деген кандидаттық диссертацияның тақырыбын ұсынған еді. Ғалым түркі тілдеріндегі ономастиканы зерттеудің мәні мен маңызы үлкен екендігін, оның тіл тарихы, тарих, этнография ғылымдарымен тікелей байланысты болып келетінін үнемі айтып отырған. Қазақтың жас ғалымдарына тіл білімінің бұл саласы “ономастика бізде әлі зерттелмеген, келешегі үлкен жас ғылым, оны зерттеу керек” деген ақыл кеңестер берген.

Ономастика туралы материалдар мен пікірлер С.Е.Маловтың көптеген еңбектерінде орын алған. Әсіресе Орхон-Енисей жазба ескерткішіне арналған кітаптарының қосымша бөлімінде ономастика жайлы қыруар материалдар берілген.

Н.К.Дмитриев Поволжье татарларының этногенезіне арналған сессияда сөйлеген сөзінде ономастика ғылымының мәніне кеңінен тоқталып: “Необходимо подвергнуть ономастику историко-лингвистическому анализу и при

надлежащих поправках мы можем получить здесь очень ценный материал” (Дмитриев. 1946, 153) деген еді. А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков ономастика материалдары тіл тарихында үлкен рөл атқаратынын өз зерттеулерінде ғылыми тұрғыда дәлелден отырды. А.Н.Кононовтың этноним, антропоним, топоним туралы ойлары мен пікірлері, көрнекті еңбектері түрколог ғалымдарға ежелден паш (Кононов.1949,1958, 35).

Түркі халықтары тіліндегі ономастиканы жан-жақты зерттеуді батыл насихаттап, өзі де күрделі еңбектер жазып жүрген белгілі түркітанушы Н.А.Баскаков болатын. Ғалымның этнонимия, антропонимия саласындағы еңбектерінде ономастиканы зерттеудің мән-маңызы жан-жақты сөз болады (Баскаков. 1970,1971). 1936 жылы проф. Қ.Жұбанов жалқы есімдерді, оның ішінде кісі аттарын зерттеу жайлы орынды пікір айтты. Онда: “Синтаксис сложных личных имен имеет все основания быть предметом специальной диссертации, так как по слоям, отлагавшимся в этих окаменевших образованиях, представляется возможность прочитать значительное число страниц неписаной истории грамматического строя” (Жұбанов. 1966,49) деп жазды ғалым.

Ономастиканы зерттеудің актуалды проблема екені әсіресе қазіргі лингвистикалық қауымда ерекше дамып, зор мәнге ие болып отыр (В.Я. 1967. N-4). Бұл жөнінде 1965 жылы СССР Ғылым академиясы Президиумының арнай қаулы алғаны да белгілі. Елімізде тіл білімінің қарқындап дамуымен байланысты соңғы 10-15 жыл ішінде ономастиканы зерттеуге айрықша мән беріліп отыр.

СССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен Этнография институтының жанында “Ономастикалық топтар” жұмыс істеді. Бұлардың ұйымдастыруымен соңғы жылдары одақтық, регионалдық конференция –семинарлар өтті, жинақтар шықты. Ономастика көптеген жоғары оқу орындарында пән ретінде жүреді. Оған арналған оқу құралдары мен бағдарламалар бар. Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Қазан, Киев, Минск университеттерінде ономастика бойынша арнайы курстар оқылып, кружоктар, ресми семинарлар өтеді. Топонимика, антропонимика бойынша жүздеген монографиялар мен сөздіктер жарық көріп жатыр.

Украина, Белоруссия, Молдова, Латвия, Қазақстан т.б. республикаларда ономастикалық комиссия жұмыс істеуде. Ономастиканы тіл білімінің тың саласы ретінде зерттеу түркологияда қызу қолдау тауып, дами түсуде. Бұл күндері

Қазақстан, Өзбекстан, Татарстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Башқұртстан т.б. республикаларда ономастиканың антропонимика, топонимика салалары бойынша 1960 жылдардан бері қыруар зерттеу жұмыстары жасалды. Жер жүзінде ономастика бойынша жыл сайын қисапсыз ғылыми әдебиеттер мен ресми басылымдар: Поляк Халық Республикасының Краков, Варшава қалаларында 1950 жылдан бері “Onomastika”, Берклай, Лос-Анджелес қалаларында 1958 жылдан бастап “Names”, Хейдельберг қаласында 1949 жылдан “Beitrag zur Namenforschung”, Парижде 1949 жылдан қазірге дейін “Revue internationale d’Onomastigul” журналдары шығып тұрады.

Лингвистиканың көптеген салалары сияқты ономастика бойынша да халықаралық конгресс үш жылда бір рет өтіп тұрады. Бірінші халықаралық конгресс 1938 ж. Парижде өткен еді. Екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан бірінші және екінші конгресс аралығында 8 жыл айырмашылық болды. Алайда екінші конгресс 1946ж. тағы да Парижде өтті. Осыдан кейінгі конгрестер жоспарлы түрде өтіп отыратын болды. Тағы бір конгресс 1972 жылы Софияда өтті. Оған түрколог ғалымдар қатысты. 1978 жылы (Польшада), 1984 жылы (Германия), 1990 жылы (Финляндияда) өткен халықаралық ономастикалық конгрестерге ономаст-ғалым Т.Жанұзақ қатысып, қазақ ономастикасы жайлы баяндамалар жасады.

Ономастиканы салыстыра зерттеудің тіл тарихы мен тарихи этнография үшін мәні аса зор. Өйткені ономастикалық материалдар бойында көне лексикалық қабаттар, граматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдар, халықтық әдет-ғұрыптары мен ырымдары т.б. жайыттар толық байқалады. Табиғаты жағынан жалқы есімдер тілдегі сөздік қорға тән, тілдің жалпы заңы мен нормасына бағынышты. Бұлардың бәрі жалпы есім сөздерден жасалады. Тіліміздегі сол жалқы есімдерді құрамына қарай жіктегенде, төл сөздерден жасалғандармен қатар, басқа тілдерден енгендері де мол екені байқалады. Оларды зерттеу барысында қоғамдық құрылыстың көрінісін, халықтың дүниеге көзқарасын, басқа елдермен жасаған мәдени қарым-қатынасын, тарихи байланысын анық аңғарамыз. Орыс ономастикасының осындай сипаттарын анық байқаған ғалым В.К.Чичагов былай жазды: “Имена и их формы, восходящие к различным эпохам истории русского народа, красноречиво отражают состояние тогдашнего общества: уровень его культуры, положение их носителей в обществе, а вместе с тем классовую структуру

этого общества. Пожалуй, ни одна область языковой деятельности русского народа не была так тесно и непосредственно связана с его историей, как область ономастики. Русская историческая ономастика как один из отделов науки об истории русского народа имеет свои особенности. Эта наука прежде всего лингвистическая, являющаяся разделом истории русского языка” (Чичагов 1959, 8).

Демек, орыс халқы ономастикасының кешкен тарихын, оның басты белгілерін қазақ есімдерінің де шығу, жасалу тарихы сырынан, ұлттық ономастиканың қалыптасу жолдарынан толық байқаймыз. Тіліміздегі халық есімдерінің шығу, пайда болуы әр түрлі қоғамдық дәуірлерге тән екендігі даусыз.

Олай болса, олардың шығу, даму кезендерінде әлеуметтік, тұрмыстық негіздер, сөз жоқ, әсерін тигізген. Ондай тарихи ономастиканың халық тарихымен байланысты өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл ретте ономастика — ең алдымен тіл тарихына тән лингвистикалық ғылым. Өйткені оның грамматикалық әрі фонетикалық заңдылығы қазақтың әдеби тіліне тән. Сондықтан да оның құрамында әр дәуірдегі түрлі қоғамдық құрылысқа тән сөздер кездеседі. Ономастиканың тағы бір ерекшелігі — бұл да халық ауыз әдебиетіндегі жырлар, ертегілер мен мақал-мәтелдер тәрізді ұзақ ғасырлар жасайды. Атаулар да атадан балаға, баладан ұрпаққа тарап, кейінгі дәуірлерге жетіп отырады. Ондай атау сөздер арқылы тіліміздің өткендегі тарихын, көне сөздік құрамын, грамматикалық құрылымын біліп, толық мағлұмат алып отырамыз.

Қазіргі сөздік қорымызда, яки әдеби тілімізде қолданылмайтын кейбір сөздердің тек кісі есімдері мен ру, тайпа және жер, су аттары ретінде ғана сақталуы мұның толық айғағы бола алады. Мәселен, антропонимдер: Ардақ, Байсал, Ботбай, Орақ, Сүгір, Арықов, Тумышев; ру, тайпа аттары: қаңлы, үйсін, арғын, алшын, тама т.б. тек кісі яки ру, тайпа аттары ретінде болмаса, қазіргі әдеби тілімізде жеке мағыналы сөз, тұлға ретінде кездеспейтіні хақ. Бұл сияқты көне тұлғалы жалқы есімдер тобы тілімізде жүздеп кездеседі.

Халық атауларының жасалу, пайда болу, шығу тарихында төтенше орын алатын маңызды мәселенің бірі — географиялық, тарихи-мәдени, яғни экстралингвистикалық жағдаяттар. Халық тарихындағы елеулі оқиғалар, біріншіден, атап айтқанда, түрлі қоғамдық құрылыстағы әр түрлі діни ағымға (анимизм, шаманизм, ислам діні) байланысты болса,

екіншіден, іргелес жатқан елдермен жасаған алуан түрлі мәдени, экономикалық қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Әдетте, бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі атаулар құрамының молая түсуіне, лексика-мағыналық және функциялық мәнінің жетіле беруіне зор ықпал жасағаны аян.

Бұл ретте туысқан халық тілдері мен орыс тілінің игі әсерін, тіліміздің ономастикасын байытудағы олардың рөлін атап өтсек артық болмас. Өйткені халқымыздың тарихында бұл байланыс ерекше терең сипатталады. Қазақ атауларының баюы, құрамының молая түсуінің енді бір кезеңі — шығыс халықтарының мәдениетімен де тығыз байланысты. Ең алдымен араб, иран мәдениеті мен тілінің әсері өткен ғасырларда күшті болды. Бұл елдерден тілімізге енген есімдерді айтқанда үлкен екі себепті ескермей болмайды. Оның бірі — жалпы мұсылман қауымына ортақ ислам дінінің ықпалы болса, сонымен қатар халықтық мәні бар сан қилы қиссалар мен жырлар, сауда-саттық, қарым-қатынас жолдарының күшеюі де әсер етті. Сөйтіп шығыс халықтары мен түркі халықтары арасындағы ежелден келе жатқан бұл тарихи байланыстар салдарынан тіл ауыспалығы кеңінен етек алды. Осындай басты себептердің нәтижесінде халық иемденген есімдер (көбіне антропонимдер) тегі жағынан екі түрлі болып отырды. Оның бір тобы — діни есімдер, яғни дін иелерінің, пайғамбар, әулие-әнбие, діни миссионерлер сопы, қажылар есімдері және құраннан қойылған діни мағыналы есімдер болса, екінші топтағылар — қарапайым сөздерден, күнделікті тұрмыста жиі кездесетін етене сөздерден жасалған есімдер. Мінеки, жалқы есімдердің тарихын, тілдік құбылыстарын жіті байқап, оның көнелері мен жаңаларын салыстыра зерттеу осы ретте тарихи лексикология үшін өте құнды да бағалы болмақ. Сондықтан да оларды тарихи-этимологиялық, лексика-семантикалық және жасалу ерекшеліктеріне қарай зерттеудің де мәні ерекше боп саналады.

Ономастиканы жан-жақты толық, өнімді зерттеу жұмысы қолда бар бай материалдар мен тарихи деректерге тікелей байланысты. Методологиялық жағынан тіл біліміндегі дәстүрлі тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, статистикалық, лингво-географиялық әдістерді қолдану үрдіс алуға. Тіл біліміндегі осы айтылған әдістер туралы жарық көрген белгілі еңбектерді тікелей басшылыққа ала отырып (Серебренников. 1959, с.36-50), зерттеу жұмысын жүргізе беру айтарлықтай табыстарға жеткізбек.

Ономастикалық лексиканы зерттеуде тарихи фонетиканың мәні мен орны ерекше екені белгілі.

Бір тілдің өзіндегі антропоним, яки этнонимдер, болмаса топонимдер дыбыстық жағынан түрліше нұсқада өзгеріп отырады. Басқа тілден енген антропонимдер мен этноним, топонимдер мен антропотопонимдерде фонетикалық құбылыстардың басым екені көпке аян. Бір тілге тән дыбыстық тіркестер мен дыбыстар үйлесімі екінші тілге жат икемсіз келіп отырады. Мәселен, араб тіліндегі көмей дыбыстар қазақ тілінде бірден қабылданбай, айтылуда *г, қ* дыбыстарымен беріледі немесе сөз басында түсіп қалады. Айталық, *Фали-Қали-Әли; Ғұсман-Құсман-Осман; Ғабдрахман-Қабдірахман-Әбдірахман* т.б.

Қазіргі тіліміздегі кейбір есімдердің фонетикалық өзгерістерін басқа туыстас тілдермен салыстыра отырып, бастапқы формасын анықтауға да болады.

Халық арасында кеңінен тарап, ертеден келе жатқан *Буке, Бөке, Ораз, Қожық* сияқты көне антропонимдер алтай, хакас, өзбек, ұйғыр тілдерінде түрлі фонетикалық тұлғада айтылады.

Қазіргі ұйғыр, өзбек тілдерінде *бөкә*, алтай тілінде *пока, моко*, көне түркі тілінде *voga* “батыр, палуан, күшті” дегенді білдіреді. Қазіргі тіліміздегі *Бөкеев, Бөкеева, Бөкей* тәрізді фамилиялар мен жер атының бастапқы фонетикалық тұлғасы көне түркі тіліндегі *vogi* мағынасы “дана, данышпан”. Демек, бұл көрсетілген есімдердегі *б/в/п* және *г/д/к, о/ә/е* дыбыстарының алмасу сырларын тарихи-қоғамдық және тілдердің өзгеру процесімен байланысты деп қарауға болады. Сол сияқты *Ораз, Оразов* деген есімдер мен фамилиялардың басқа түркі тілдерінде, әсіресе шығыс түркі тілдерінде (хакас, алтай, шор) *ырыз, рыз, рыс* тұлғаларында күні бүгінде айтылатынын, сөз басындағы дауысты *о* кейінгі кезеңдерде қосылғанын аңғаруға болады. Өйткені түркі тілдеріндегі сөздер ерте кезеңдерде *р* дыбысынан бастала бермеген. Сондықтан да болар, *рус* этнонимі түркі тілдерінде *орыс, орус, арус* формасында қабылданған.

Бұл тәрізді дыбыстық құбылыстар төл этнонимдер табиғатына да тән. Мәселен, қазақ атауы Х ғасырдағы орыс жылнамасында *косоғ*, араб ескерткіштерінде *кашағ*, орыстарда *казак* формаларында айтылған. Көне этнонимдер *үйсін, дулат, керей, қоңырат, теле, абдал* т.б. бастапқы фонетикалық тұлғаларынан ауытқып, біздің тілімізге өзгерген түрінде осылайша жетуі де ықтимал. Өйткені бұлардың көне

деректердегі фонетикалық нұсқалары: *ушәп-ойсын, дулат-тулы-тулат, керей-гирей-гирәй, қоңырат-гонрат-конрат, теле-телес, абдал-эфталит*. Бұл тәрізді фонетикалық деривациялар мен формалық өзгерістер көптеген этнонимдер мен антропонимдер өмірінде жиі кездесіп отырғанын байқаймыз.

Жалқы есімдердің білдіретін мән-мағынасын, шығу жайын және лексика-грамматикалық құрамын, жасалу заңдылықтарын анықтау — тілші ғалымдарға ғана тиісті үлес. Бірақ жалқы есімдердің тілдік материалдан басқа этнографиялық және тарихи деректерге бай екенін де ұмытпағанымыз жөн. Өйткені жалқы есімдер, атап айтқанда, этнонимдер мен антропоним, топонимдер бір-бірімен тығыз байланысты келеді. Мәселен, қазіргі Қазақстан топонимдерінде көптеген этнонимдердің сақталғанын байқау қиын емес. Ономастиканың кейбір салалары (космонимия, зоонимия) дәйекті материалдар негізінде лингвистикалық бағытта зерттелуге тиіс. Халық атауларының бәрінің этимологиясын тексеріп, талдамағанмен кейбір көне этнонимдер мен антропоним, космонимдерді мұқият зерттеп, өз болжамдарымыз бен пікірлерімізді ортаға салу, болашақ зерттеулердің борышы болмақ.

I БӨЛІМ. ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУ

Отандық ономастика ғылымының жарты ғасырлық тарихын, осы аралықта жинақталып сараланған материалдар, жүргізілген зерттеулер, ой түйіндерді мазмұны мен сипатына қарай 4 кезеңге бөліп қарастыруды жөн көрдік.

I кезең: 1950-1970-жылдар аралығы;

II кезең: 1970-1990-жылдар;

III кезең: 1990-2000 жылдар аралығы;

IV кезең: ХХІ ғ. басы, яғни жаңа кезең.

Қазақ ономастикасының кейбір проблемалары, оны зерттеудің алғашқы адымдары ғылыми кезеңге бөліп қараудан бұрын көптеген орыс және қазақ ғалымдарының еңбектерінде әр кезде сөз болған. Мәселен, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап кейбір қазақ есімдері, жер-су атаулары мен этнонимиясы жөніндегі аса құнды деректерді Ш. Уәлихановтың, сондай-ақ орыс ғалымдары П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Н.А.Северцов, И.В.Мушкетов, В.В.Радлов, С.У.Ремезов, П.И.Рычков, А.Е.Алекторов, А.В.Левшин, Н.А.Аристов, П.С.Паллас, Г.Н.Потанин, А.Н.Харузинның еңбектерінен кездестіруге болады. Сонымен қатар Кеңес дәуірінің 30-40 жылдары ономастикалық материалдарға қазақ ғалымдары да қызығушылық танытып, оның мазмұны мен тәсілдемесіне үлес қосқан Қ.К.Жұбановтың, С.А.Аманжоловтың, С.Алиевтің, Н.Баяндиндердің есімдерін атауға болады.

Профессор Қ.Жұбанов "Қазақ сөйлеміндегі сөз тәртібінің тарихынан" атты еңбегінде біріккен тұлғалы антропонимдер мен топонимдердің синтаксистік құрылысына талдау жасады. Ол біріккен тұлғалы кісі есімдері компоненттерінің орын тәртібін, синтаксистік құрылысын тексере отырып, олардың тілдік, грамматикалық құрылысының даму жайын, өзгеру сатысын көрсеткен еді. Тіліміздегі *Қойлыбай*, *Малдыбай* тәрізді есімдер мен *Жылқыбай*, *Сиырбай*, *Түйебай* секілді есімдердің мағыналық әрі құрылымдық жағынан бірдей еместігін аса корегендікпен байқаған. Мұндағы лингвистикалық заңдылықтың сөз тәртібіне, олардың орналасу принципіне сай болатыны терең талданады. Біріккен тұлғалы есімдердің компоненттеріндегі *бай* сөзінің, біріншіден, мағынасына байланысты, екіншіден, зат есім не сын есім ретінде қолдануына орай бірінші не екінші компонентте келетінін көреміз.

Ғалымның бұл еңбегі қазақ антропонимика тарихында

мені зор тұнғыш еңбек санатына қосылады.

Кісі аттары мен топонимдердің сөздік қорға тәндігі, жеке зерттеу объектісі болатыны және оларды шығу, қойылу ретінде қарай топтастыру, жіктеу мәселелерін проф. С.Аманжолов мақаласынан да көреміз.

Тіліміздегі сөздер мен кісі аттарының жасалу заңдылықтарындағы ұқсастық, ондағы кішірейткіш, еркелеткіш, ұлғайтқыш, құрметтеп-сыйлауға қатысты жұрнақтардың қызметі, өзіндік ерекшелік сипаттары мол. Тіліміздегі осы өзекті мәселе проф. Ғ.Мұсабаевтың “Қазақ тіліндегі кейбір кішірейткіш жұрнақтар” атты мақаласында сөз болды.

Кісі аттарындағы кішірейткіш *-ш, -қан, -жан, -тай* тәрізді жұрнақтардың семантикасы мен функциясын саралаумен қатар, сыйлау, құрметтеу қосымшаларының кісі аттарына қосылып, оны өзгертіп, түрлендіріп тұрудағы орны тым орасан, бұлар тілде жиі кездесетін өнімді қосымшалар деген пікір айтқан болатын. Алайда бұл айтылған ой-пікірлер эпизодтық, фрагментарлық сипатқа ие болғандығын айту керек. Қазақ ономастикасы ғылыми сала ретінде, кәсіби мамандар тарапынан 50-жылдардың басынан бастап қолға алынып жүйелі түрде зерттеле бастады.

I КЕЗЕҢ (1950-1970 жж.)

Қазақ ономастикасының, оның ішінде топонимика саласының ғылыми бағыт ретінде қалыптаса бастауына географ-ғалым Ғ.Қоңқашбаевтың 1948 жылы “Қазақтың халықтық географиялық терминдері” атты тақырышқа қорғаған кандидаттық диссертациясы мен осы тақырып төңірегінде жазылған көптеген мақалалары ұйытқы болды.

Еңбектерінде ғалым географиялық терминдердің шығу, пайда болу жайы, түсінігі, ерекшелік жақтары, монғол, араб тілдерінен енгендердің типтері, халықтық, шаруашылық, тұрмыс жағдайларымен байланысты атаулардың шығуы сияқты мәселелерді қарастырған.

Географ Ғ.Қоңқашбаевтың осы бастамасы келесі кезекте қазақтың кәсіби лингвист ғалымдарының іргелі еңбектерінде өз жалғасын тапты.

Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық аспектіде, басқа туыстас тілдермен салыстыра тұнғыш зерттеген А.Әбдірахманов 1955ж. кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми дәреже алды. Ол осы диссертацияның негізінде 1959 жылы

жеке монография жариялады. Автор бұл еңбегінде Қазақстандағы ірі объектілік географиялық атаулардың ішінен 800-ден аса қала, ауыл, поселке, аудан және темір жол стансаларының атауларына талдау жасады. Автордың ерекше назар аударған мәселелері: топонимдердің жасалуындағы лексика-грамматикалық құбылыстар, топонимдердің лексикалық жүйедегі орны, топонимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан классификациялау жұмыстары еді. Көптеген топонимдерге этимологиялық талдау жасап, тіл тарихына қатысты ойларын ортаға салды.

Келесі оңжылдықта ономастикалық зерттеу проблемаларының аясы кеңі түсіп, топонимия саласындағы ареалдық, аймақтық тұрғыдан зерттеу қарқын ала бастады.)

1954 жылдан Т.Жанұзақов қазақ антропонимдері жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1961 жылы “Лично-собственные имена в казахском языке” атты қазақ антропонимдері мәселесіне арналған алғашқы еңбегін жазды.

Байқағанымыздай, ол кездегі және кейінгі кездегі қазақ ономастикасы саласындағы зерттеулердің дені топонимиялық ізденістер. Бұның өзіндік объективтік себептері де жоқ емес. Біріншіден, Қазақстан ономастикалық кеңістігі сол кездегі ұланғайыр әлемнің алтыдан бір бөлігін құрайтын алып Кеңес Одағы территориясының ономастикалық жүйесінің бір бөлігі еді.

Қазақстан топонимдерін регионалдық, ареалдық бағытта зерттеген кандидаттық диссертациялар әрбір облыс топонимдерінің шығу, пайда болу, даму жолдарын анықтау, олардың лексика-семантикалық, хронологиялық топтарын, лексика-фоно-морфологиялық құрылымдарын сипаттау тәрізді мәселелерге арналған. Е.Қойшыбаевтың “Жетісу топонимдерінің негізгі типтері” (1967), В.Н. Попованың “Павлодар облысының гидронимдері” (1966), О.А.Сұлтанияевтың “Көкшетау облысының топонимдері” атты кандидаттық диссертациялары бірінен соң бірі қорғалды.

Осы кезеңде қазақ ономастикасы ғылымын теориялық, фактологиялық мол материалмен байытқан, бұрын-соңды зерттелмеген тың лексикалық қабат есімдер жүйесіне арналған Т.Жанұзақовтың екі еңбегі жарық көрді, олар: “Қазақ тіліндегі жалқы есімдер” (1965) және “Қазақ есімдерінің тарихы” (1971).

Алпысыншы жылдары Одақ көлемінде “топонимиялық бум” кезеңі болды, яғни ғылыми орталықтарда жер-су

атауларын зерттеу жұмысы асқан іждағаттықпен қолға алынып, ұлттық ономастикалық мектептер қалыптаса бастаған еді. Мәскеу, Томск, Киев, Донецк, Самарқан т.б. көптеген ғылыми орталықтарда экспедициялар ұйымдастырылып, ономастикалық топтамалар шығарыла бастады. Кеңес қоғамында ономастикалық жұмыстарды атқаруға ортақ үлес қосқан белгілі орыс зерттеушілерінен В.Н.Топоров, О.Н.Трубачев, Н.И.Толстой, А.И.Попов, В.А.Никонов, А.К.Матвеев, А.П.Дульзон т.б. есімдерін атауға болады.

Бұл кезең одақтық ономастикада топонимиканы лингвистер, географтар, тарихшылар мен этнографтардың әр қайсысының өзіне қарай тартуы, әр сала маманы өз саласының әдіс-тәсілін тиімді деп санауы жөніндегі пікір-талас, кереғар көзқарастар оның (топонимиканың) ғылыми сала, пән ретіндегі мәртебесін толық айқындап бере алған жоқ. Лингвистер тарапынан топонимияны тіл, тарих, география ғылымдарының түйісіндегі ерекше сала деген ой-түйін айтылды.

Дегенмен теориялық топонимиканың лингвистикалық сипаттағы ерекше пән ретінде қолдау таппауымен қатар ономастиканың үлкен “құрлықтық” лингвистиканың проблемалық аясын кеңейтіп, жалпы тіл теориясына қосар үлесінің қомақты боларын мойындағандар да баршылық еді (Топоров В.Н. Некоторые соображения в связи с построением теоретической топонимики // Принципы топонимики. М., 1964).

Поляк ғалымы В.Ташицкий кезінде қорегендік білдіріп: “Лингвистиканың келешекте дамуы, оның аумағының кеңеюі көбіне ономастикалық зерттеулерге тікелей байланысты” десе, А.А. Реформатский: “Ономастиканы тек тілші ғана зерттеп қоймай, тарихшы, географтар да зерттеп, шұғылдану керек. Географтар географиялық комментарий жасаса, лингвистер тілдік тұрғыда түсіндіріп талдайды, тарихшылар интерпретация жасап, тарихқа қолданады” дегенді айтқан.

Қазақ ғалымдарының бұл кезеңдегі жұмыстарында ономастиканың ғылыми-әдістемелік аппараты жасала бастады. Ең бастысы қазақ елінің жер-су атаулары, тарихи атаулары жинақталып, ғылыми жүйеге түсіріліп, инвентаризациялана бастады. Бұл кезеңде ономастикалық жүйенің:

- кейбір фрагменттері этимологиялық тұрғыдан талданды;
- онимдердің құрылымдық модельдері сипатталып, оним-жасаушылық, созжасамдық негіздері саралана бастады;
- топоним жасауға қатысатын реликтілік түбір, форманттарды реконструкциялауға ұмтылыстар жасалды;

- ономастикалық зерттеулерде тарихи-салыстырмалы, типологиялық әдістер қолданыла бастады;

- ономастикалық бірліктердің мазмұндық жағына, оның ішінде сол бірліктерді тақырыптық топтарға біріктіру жұмыстары қолға алына бастады;

- Т.Жанұзақовтың, А.Әбдірахмановтың, О.Сұлтаньяевтің зерттеулерінде қазақ ономастиканы халықтың тарихы мен мәдениеті, этнографиясымен байланыста қарастырыла бастады;

- Е.Қойшыбаевтың зерттеулерінде қазақ топонимиясында теориялық, әдістемелік жетістіктері едәуір болғанмен, біржақтылық байқалады. Яғни ғалым көне топонимдік модельдер семантикасын ашуға негізделген этимологиялық ізденістерінде атаулардың шығу төркінін шартты түрде қазақтың көне ру, тайпа атауларына сілтейтін. Методологиялық тұрғыдан бұл әдіс өзін ақтай алмады. Өйткені мағынасы күңгірттенген атауларды міндетті түрде этимологиялық тұрғыдан саралау көп жағдайда тығырыққа тірелтеді, яғни гипотеза, ғылыми болжам әрқашанда түпкілікті дұрыс шешім беруі мүмкін бола бермейді.

Алайда сол кездегі Одақ көлемінде жүргізілген ономастикалық зерттеулерді қамтыған ғылыми-теориялық проблемалар аясы оны шешудің әдістемелік деңгейін, ал қазақ ғалымдарының зерттеулері де кеңестік ономастиканың теориялық, әдістемелік жетістіктеріне сүйенгендігін ескерсек, қазақ тіл білімінде ономастика саласы ғылыми бағыт ретінде бой көтеріп, орныға бастағандығын байқауға болады.

II КЕЗЕҢ (1970-1990 жж.)

1971 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының жарлығымен Тіл білімі институтында ономастика бөлімі ашылып, ф.ғ.к. А.Әбдірахманов бөлім меңгерушісі болып бекітілді. Бөлімде ф.ғ.к. Е.Қойшыбаев, екі ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Бөлім қызметкерлері: А.Әбдірахманов 1975 жылы “Топонимика және этимология”, Е.Қойшыбаев “Краткий толковый словарь топонимии Казахстана” (1974) атты сөздік шығарды.

Бұл кезде “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі” бөлімінің аға ғылыми қызметкері Т.Жанұзақов 1976 жылы “Основные проблемы ономастики казахского языка” атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1976 жылы 12 қазанда СССР

Жоғарғы аттестациялық комиссиясының шешімімен филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды. Бөлім меңгерушісі А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев және Т.Жанұзақовтар ономастика бойынша өткен Республикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Бөлімде бұл кезеңде ономастикалық, әсіресе топонимдер бойынша материалдарды жинау қолға алынбаған еді.

Жетпісінші жылдары Е.Қойшыбаевтың “Краткий толковый словарь топонимов Казахстана” (1974), О.Сұлтаньяевтің “Понятные непонятности” атты оқу құралы (1973), А.Әбдірахмановтың “Топонимика және этимология” (1975), “Қазақстан этнотопонимикасы” (1979) атты екі кітабы да ұлттық ономастиканың дамуына тілдік, тарихи-деректік тұрғыдан қосқан зор үлес боп бағаланады.

Қазақ ономастикасының ұлттық лингвистика ғылымында дербес сала ретінде түпкілікті нық орнығуына Т.Жанұзақовтың 1976 жылы қазақ антропонимия, этнонимия, космонимия, зоонимия, салаларын жан-жақты тілдік тұрғыдан, әсіресе этнографиялық деректерге молынан иек арта отырып зерттеген докторлық диссертациясы ұлттық ономастикадағы кезеңдік жұмыс ретінде бағаланатын айтарлықтай үлес болды.

Қазақ ономастикасының осы кезеңдегі үлкен жетістігі — ол қолданбалы ономастика, топонимиканы стандарттау, транскрипциялау мәселесі біршама ғылыми шешімін тапқандығы.

1959 жылы Тіл білімі және әдебиет институтының қатысуымен Мәскеудегі профессор Донидзенің жетекшілігімен “Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР” жарық көрген еді.

Бұл нұсқаулық Тіл білімі институты мамандарының күшімен 1971 жылы қайта қаралып, толықтырылып “Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР” деген атпен жарыққа шықты.

Республикадағы ономастикалық жұмыстарды жүргізуде басты құрал болған осы нұсқаулық 2000 жылы, тәуелсіздік алғаннан кейін көптеген өзгеріс, толықтырулармен қайта шығарылуына ҚР Мәдениет министрлігінің Тілдерді дамыту департаменті мұрындық болғаны мәлім.

Қазақ ономастикасын ұлттық тіл білімінің жеке бір саласы ретінде зерттеудің ғылыми-ұйымдастыру мәселелері оң шешімін тауып, 1979 жылы жабылып қалған ономастика бөлімі 1981 жылы Тіл білімі институтының құрамында қайта

ашылды, меңгерушісі болып профессор Т.Жанұзақов бекітіліп, ол 2003 жылға дейін басшылық етті. Содан бері бөлімде ономастиканың түрлі саласы бойынша Т.Жанұзақовтың бастамасымен 300 мыңнан астам бай картотекалық қор жасалды. Республикаға ономаст-ғалымдарды дайындауда да бөлімде көп ізгілікті іс атқарылды. Осы кезге дейін ономастикалық зерттеулер толқын тәріздес сипатта келіп, жұмыстар қарқыны кейде жоғарылап, кейде бәсеңсі түссе, ендігі жерде ономастикалық ізденістер жүйелі, жоспарлы қалыпқа ие бола бастады. Оған қоса қазақ ономастикасының негізгі бөлімдерін қамти зерттеген кешенді сипаттағы тұңғыш еңбек Т.Жанұзақовтың “Очерк казахской ономастики” атты монографиясы (1982) ономастикамыздың қалыптасу тарихының екінші кезеңіне өзіндік үлес қосты.

Бөлім мамандары республиканың орталық, батыс өңірлеріне арнайы ұйымдастырылған кешенді, ұзақ мерзімді экспедицияда болып, топонимиялық аса құнды материалдар жинап қайтты. Ежелгі түркі жазба ескерткіші ономастикасын зерттеуге арналған В.Махпировтың “Собственные имена в памятнике X в. “Дивану лугат-ат-турк” Махмуда Кашгарского” атты кандидаттық диссертациясының қорғалуы да (1980) осы кезге тура келді.

1984 жылы қазақ атауларынан сыр шертетін, тартымды тілмен жазылған ғылыми-публицистикалық сипаттағы екі кітап жарық көрді. Оның бірі белгілі жазушы Б.Нұржекеевтің “Өзендер орнектеген өлке. Ел-жұрт, жер-су және Жетісу жайында тараулар” атты, екіншісі Е.Керімбаевтың “Атаулар сыры” (1984), осы жылдары “Тюркская ономастика” (1984), “Қазақ ономастикасының мәселелері” (1986), “Қазақ есімдері” (1988), “Есіміңіз кім?” (1989), “Орталық Қазақстанның жер-су аттары” (1989) атты кітаптар қазақ ономастикасының қоржынын толықтыра түсті.

Осы кезеңде ономастикалық проблемаларға арналған диссертациялар саны бәсеңдеп барып, тек соңына таман, 1988 жылдан бастап, қорғалған жұмыстар легі жылдан-жылға көбейіп, бұл саладағы зерттеулер жандана түсті.

Топонимиканың жеке секторлары проблемаларына арналған зерттеулер жүргізіле бастады. 1988 жылы Қазақстанның жер бедерін сипаттайтын географиялық атаулар мен апеллятивтік атауларды типологиялық аяда зерделеген Е.Керімбаевтың “Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана” атты кандидаттық диссертациясында

(ғылыми жетекшісі проф. Т.Жанұзақов) қазақ оронимдерінің ұлттық спецификасы, атаулардың жасалуындағы халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениетінің маңызы баса айтылады.

Ал 1989 жылдан бастап Республиканың түрлі аймақтары бойынша әр облыстың жер-су атаулар жүйесін жан-жақты тілдік, экстралингвистикалық тұрғыда зерттеген жұмыстар жыл сайын, тіптен жылына 2-3 диссертация қорғалып келеді.

Сөйтіп, 1989 жылы Қостанай мен Гурьев облыстарының топонимдерінің тарихи-лингвистикалық талдауына арналған Б.Бектасова мен М.Қожановтың кандидаттық диссертациялары қорғалды (екеуінің де ғылыми жетекшісі, проф. Т.Жанұзақов). Осы он жыл ішіндегі ономастика саласының жемісі ретінде қорғалған 4 диссертациямен қатар бөлімде бірнеше монография, ғылыми жинақтар, сөздіктер жарық көрді.

Алайда ең бастысы, 80 жылдар қазақ ономастикасы Одақ көлемінде қалыптасқан түркітану саласындағы Мәскеу, Ташкент, Баку сынды беделді ғылыми орталықтардың біріне айналды. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, оның ономастика бөлімінің меңгерушісі проф. Т. Жанұзақовтың ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде Республиканың облыс орталықтарындағы жоғары оқу орындарына көптеген жоғары білікті мамандар дайындады. Сондай-ақ тілі, діні, әдет-ғұрып, дәстүрі ортақ туысқан түркі тілдес республикалардан да ономастика саласындағы кадрларды дайындауға қызу атсалысты. Олардың докторлық, кандидаттық диссертацияларын бөлім мәжілістерінде талқылау, Институт жанындағы диссертациялық кенесте қорғауларына, жазбаша хаттама, сараптама беру, оппонент болу сияқты қыруар жұмыстарды жүзеге асырды.

Дәлелді болу үшін олардың аты-жөндерін, республикаларын атап оту орынды сияқты.

а) докторлық диссертациялар бойынша:

Молчанова О.Т. (Ресей, Таулы Алтай, 1983); Бегматов Э.А. — 1988; Дусумов З. — 1989 (Өзбекстан); Атаниязов С. (Түрікменстан, 1990); Ахмедов Т. — 1987; Алиев Г.Р. — 1990 (Әзірбайжан); Жапаров Ш. (Қырғызстан, 1990); Камалов А. (Башқұртстан, 1996); Махпиров В.У. (үйғыртану секторы Тіл білімі институты, 1999) проф. Т. Жанұзақов бұлардың бәріне оппонент болды.

ә) кандидаттық диссертациялар бойынша:

Саттаров Г.Х. — 1990 (Татарстан); Мингбаев Н.Я. — 1989;

Хурамов Қ. — 1981; Рамазанова М.Н. — 1986 (Өзбекстан); Садыхов З. — 1985; Мұхаммадиева С.Н. — 1986; Пашаев А. — 1987 (Әзірбайжан); Боронов А. — 1982; Конкобаев К. — 1983; Кушбакова Г. — 1989 (Қырғызстан); Гарипова Г. — 1981; Залылеева М.Л. — 1985; Филькова Л.Ю. — 1988; Мазитова Ф.Л. — 1986 (Татарстан); Шайхулов А. — 1984; Кусимова Т. — 1981 (Башқұртстан); Ондар Б. (Тува, 1985); Жевлов М.А. (Хакасия, 1984); Нелунов А.Г. (Якутия, 1989); Мусукаев Б.Х. (Қарашай-Балқария, 1981); Беридзе М.И. (Грузия, 1986); Лунгу М.С. (Молдавия, 1987). Сөйтiп, Тiл бiлiмi институтында туыс тiркiтiлдес аймақтардан Сiбiр, Кавказ, Орта Азия республикаларынан көптеген докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалып, тiркi ономастикасы проблемаларына арналған халықаралық, республикалық жиындар көптеп өткiзiле бастады. Қазақ ономастары халықаралық, одақтық конференция, конгрестерге шығып, танымал болды. Жалпы, бұл онжылдық қазақ ономастика саласының толыққанды қалыптасып, Одақ көлемiнде танымал болған iрi тiркiологиялық ономастика орталығы ретiнде қалыптасуы ұлттық ономастиканың даму тарихындағы орны зор, айтулы кезең болды.

III КЕЗЕҢ (1990-2000 жылдар аралығы)

90-жылдардың соңғы тұсы Кеңес Одағындағы қайта құру кезеңімен сәйкес келіп, ұлттық республикаларда саяси, мәдени реформалар қолға алына бастады. Қайта құру кезеңі жер-жерде ұлттық сананың бой көтеруіне, рухани жаңғыруға қозғау болды. “Мызғымас” Кеңестер Одағының ыдырауы ұлттық республикалардың, біздің елдің тәуелсіздікке ие болуымен ұласуы, қоғамымызда көптеген игі өзгерістер ұлттық сана деген ғаламат күштің оянып, тарихи, мәдени сананың жаңғыруына, ұлттық ономастикаға зор әсерін тигізді. Зиялы қауымның бастауы мен идеологиялық құрсау қыспағынан шығудағы алғашқы шаралар — тарихи атауларымызды қайтару, қалпына келтіру ісіне бүкіл халық болып жабылып, аса іждағаттылықпен кірісіп те кеттік. Алайда бұның өзі де уақыт өте, байыппен қараған кісіге “маусымдық жұмыс” іспеттес көрінеді. Бастапқы кезде іргелілік тұрғысынан салмақты ғылыми негізде жүргізілмегендіктен олқылықтар мен асыра сілтеушілік те болды. Басқаша айтсақ, бұрын Киров, Ленин атаулары жүздеп кездесіп, тираждалған болса,

енді қазақтың ұлы тұлғалар атауларын тираждау қаупі туды. Осы абыр-сабыр, аласапырандау кезеңде қазақтың іргелі ономастикасы саласында қыруар жұмыс жасалды. Олардың ішінен: “Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған облысы” (1990), “Қазақстан географиялық атаулары. Ақмола облысы” (1998), Т.Жанұзақов авторлығымен “Атажұрт”, “Отечество” (1998), В.Н.Попова авторлығымен “Павлодар облысының топонимдік сөздігі” (1994), т.б. еңбектерді атауға болады.

Бұл онжылдық (1990-2000) қазақ ономастикасының фактологиялық — деректік базасын байытып, әдістемелік және ғылыми-теориялық негіздерін толықтырған кезең болды. Оның қазақ ономастикасы, тіл білімі үшін нәтижелі болғандығы туралы осы аралықта қорғалған 20-дан астам диссертациялардың саны мен сапасы куә. Регионалдық топонимика бойынша топтастырып атасак, Шығыс Қазақстан гидронимдер жүйесі (Г.Мадиева), Қарағанды облыс топонимдері (А.Жартыбаев), Қызылорда топонимдер жүйесі (Қ.Сембиев), Оңтүстік Қазақстан облысы жер-су атауларының этнолингвистикалық сипаты (Қ.Рысберген, Б.Тілеубердиев), Батыс Қазақстан облысы (Ұ.Ержанова), Ұлытау-Торғай өңірі топонимдері (А.Омарбекова, Г.Аяпбекова — географ), Алтай, Шығыс Қазақстан өңірінің оронимдері мен топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты (Б.Бияров, А.Әлімхан), қазақ-монғол топонимдерінің байланысы (Г.Сағидолдақызы) қарастырылған кандидаттық диссертациялар дүниеге келді. Бірер облыс пен аймақ топонимикасы (Ақтөбе, Семей, Талдықорған, Алматы) сырт қалғаны болмаса, Қазақстан Республикасының жер-су атаулары түгел дерлік жинастырылып, тарихи-лингвистикалық, этнолингвистикалық сипатқа ие болды. Антропонимика, топонимика т.б. салалар бойынша М.Д.Мұсабаева, Ұ.А.Мұсабекова, Ф.Ж.Ермекбаев, Қ.Ароновтың диссертациялық жұмыстары да көпке мәлім.

Бұл жұмыстардың дені мазмұндық, құрылымдық, қолданған әдіс-тәсілдер сипаты ортақ, ұқсас жүйемен жазылғандығы жөнінде кейбір тілші-ғалымдарда бірізбен орындалған стандартты диссертациялар деген теріс ұғым барын мойындау керек. Алайда бұның өзін қазақ ономастика ғылымы қойған күн тәртібінің талабы деп бағалаған жөн. Себебі, осы кезеңде аса бай деректік материалдар жиналды, сол материалдарды пайдалану нәтижесінде бағалы зерттеулер, көптеген ғылыми мақалалар мен конференция жинақтарында

баяндамалар түрінде жарияланып, ізденістердің негізгі мазмұндары жарық көрді.

Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер мен ғылыми-теориялық тұжырымдар Қазақстан топонимиялық кеңістігінің жалпы сипаты мен мазмұндық, құрылымдық жағынан салыстыруға, номинация принциптері мен атау жасаудағы негізгі уәж табиғатын, қазақ тіліне, топонимикасына ортақ немесе жергілікті өзіндік ерекшелікке ие топонимжасаушы апеллятивтер моделін, сойтіп, топонимдік модельдердің интегративтік және дифференциалдық белгілерін айқындауға, жалпы алғанда, ұлттық ономастикон жөнінде ой қорытуға мүмкіндік береді.

Ең бастысы қазақ тілінің аймақтық топонимдерді зерттеуде жаңа *этнолингвистикалық бағыттың* әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылып, ұлттық ономастиконда жалпы әлемдік лингвистиканың күн тәртібінде тұрған жаңа ғылыми бағыт — *антропоцентристік парадигмаға* бет бұруы үлкен жетістік, орысша айтқанда “научный прорыв” деп бағалаған жөн.

Қазақ топонимиясын регионалдық бағытта зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді қорытып көрелік:

- Қазақстан территориясындағы топонимдік бірліктер толық дерлік жинақталып, инвентаризацияланды;

- әр аймақтың топонимдік жүйесінің қалыптасуына ықпал еткен тарихи, географиялық т.б. экстралингвистикалық факторлар біршама толық сипатталды;

- қазақ ономаст-ғалымдары 70-80 жылдары қолданған топонимдердің тақырыптық топтастыру әдісі толықтырылып, ғылыми тұрғыдан дәйектелді;

- қазақ мифотопонимдері, діни мазмұндағы онимдік бірліктер кешені қазақ ономастикасының лексикалық репертуарын байыта түсті;

- қазақ тілінің топонимдік бірліктерін жасаушы номинациялық тип, атау жасауға ұйытқы болған уәждер негізінен ортақ, бірегей екендігі айқындалды;

- қазақ жер-су атауларының сөзжасамдық үлгілері, оларды жасауға қатысатын форманттар мен жұрнақ, қосымшалар негізінен ортақ, ұқсас келетіні айқындалды;

- алайда атаулар құрамындағы кейбір көне реликтілік топоформанттар, аффикс пен қосымшалар жүйесі тарихи, географиялық объективті факторларға байланысты қалыптасқандықтан, “локальдық” жеке жүйе құрайтындығы анықталды; мәселен, Республиканың батыс, орталық, оңтүстік-шығыс,

шығыс өңірлерінде (қазіргі қазақ тіліне тән емес) –ты формантты атаулар: *Қалдығайты, Арғанаты, Аңқаты* т.б. тән болса, оңтүстік өлкелерде ғана кездесетін -нақ формантымен келетін топонимдерді атауға болады: *Шорнақ, Қарнақ, Жүйінек, Ташнақ, Шобанақ* т.б.;

- қазақ топонимдерінің фоно-морфологиялық, грамматикалық құрылымы мен синтаксистік жасалу жолдары да негізінен ортақ екендігі анықталды;

- ұлттық ономастиконның бет-бейнесін қалыптастыруға қатысатын тарихи, этномәдени және қоршаған табиғи орта ерекшелігі ұйытқы болатындығы дәлелденді;

- қазақ жер-су атауларын жасауға қатысатын халқымыздың рухани, мәдени дүниетанымдық жүйесі мен материалдық тұрмыс-тіршілігіне байланысты ұғымдар кешенінің ортақ, бірегей екендігі айқындалды;

- ежелгі қала мәдениеті, отырықшылық дәстүрі, суармалы шаруашылық ертеден қалыптасқан оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірлерінде осы кәсіптерге қатысты қалыптасқан жер-су атаулары мен географиялық апеллятивтер репертуары, терминдік жүйесінде өзгешеліктер байқалады;

- қазақ елі бастан кешкен түрлі тарихи дәуірлер мен оқиғалар әсерінен, іргелес жатқан өзге ұлыс, халықтармен ғасырлар бойы мәдени, экономикалық қарым-қатынас нәтижесінде, өзге тілдерден енген атаулар мен өзге тілдердің әсерінен қалыптасқан атаулар кездесетіндігі аға ономаст-ғалымдардың еңбектерінен белгілі жайт. Алайда кейінгі толқын топонимистер зерттеулерінде кеңінен сөз болып, көптеген фактологиялық материалдар жинақталып, сараланды. Статистикалық тұрғыдан нақты сандарды келтірмей-ақ мынаны байқауға болады: Монғолия, Қытай жерлеріне іргелес орналасқан аймақтарда монғол, алтай, ішінара қытай тілдері элементтері немесе сол тілдерден енген атаулар көп кездессе. Республиканың оңтүстік және солтүстік өлкелерінде жонғар шапқыншылығынан қалған *Қалмаққұлаған, Қалмаққырыған* сынды нышандардан басқа атаулар жоқтың қасы. Есесіне оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарда араб-парсы (соғды) тілінің жергілікті топонимикондағы табы айқын, қалдырған ізі басым. Ресей, Сібірмен шекаралас өңірдегі топонимиялық жүйесінде сирек кездесетін аса көне реликтілік архетиптерден өзге орыс отаршылдығы дәуірінен бері қалыптасқан жер-су атауларында славян тілдерінің әсері мол екендігі сөзсіз;

- зерттелген аймақтардың топонимдік жүйесін жасауға

қатысатын географиялық апеллятив, терминдердің басым көпшілігі ұқсас, ортақ келгенмен, жергілікті, өзіндік ерекшелігі бұзылмаған апеллятивтер саны да баршылық екен. Өзен, көлдері мол солтүстік, орталық Қазақстан жерінде гидронимдік апеллятивтер көптеп кездесе, табиғаты құрғақ оңтүстік, батыс өңірлерде шөл, шөлейт терминдері мен құдық түрлеріне байланысты апеллятивтер, атаулар мол екен. Тіптен бір термин төңірегіндегі семантикалық ауытқулар байқалады, мысалы, *еспе* орталық өңірде көктемде жаңбыр суынан пайда болып, жаз айларында құрғап кететін шағын өзен, судың аты болса, оңтүстікте бұл *еспеқұм* “көшіп жүретін майда құм” дегенді білдіреді екен;

- жалқы есімдердің семантикасының құрылымына тән ерекшеліктері, денотатпен байланыс ерекшелігі айқындалды;

- ономастикалық зерттеулерде түрлі тілдік әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану оң нәтижелерге қол жеткізді;

- аймақтық топонимдік зерттеулер барысында айқындалған басты факт — Қазақстан Республикасының топонимикалық кеңістігін құраушы тілдік бірліктердің басым көпшілігі 80-85% ана тіліміздің негізінде жасалғандығы;

- топонимиканың ең қызықты да сонымен қатар аса қиын, субстраттық қабат топонимдерді этимологиялық, типологиялық тұрғыда туыс, туыс емес тілдер материалы аясында зерттеу кең өріс алды. Алайда этимологиялық талдау жүйеден жеке этимонды оқшаулап, оны тарихи фонология мен морфологиялық, синхронды тұрғыдан талдаумен ғана шектеледі, яғни кешенді, кең аядағы материал негізінде диахрондық сипатта қарастыру жоқтың қасы;

- ұлттық ономастиконның жасалу, қалыптасу, қызмет етуінде әлемдік ономастикаға тән ортақ универсалийлер орын алады;

- қазақ топонимиконына айрықша тән заңдылық — атаулардың жоғары метафоралық қасиеті мен апеллятивтердің полисемантикалық әлуетінің зор болуы айқындалды;

- зерттеулерді талдау барысында байқаған тағы бір маңызды заңдылық — қазақ ономастиконы, оның ішінде топонимдік жүйесінде тарихи қалыптасқан номинация принциптері қазақ халқының ру, тайпалық құрылымына негізделгендігі, бұл заңдылық орал-алтай тіл бірлестігіне жататын өзге де көшпелі мәдениет иелеріне тән болғанмен, көптеген қазақ жер-су атауларының шығу төркінін этимологиялық тұрғыдан барлауға кіріспес бұрын, сақтықпен қарап, ол

атауды қазақ этнонимдер тізімімен салыстыру керек, өйтпеген жағдайда топоним этимологиясы *Шанышқылы, Қарақойлы, Балталы, Бағаналы* т.б. сындас атаулардың алғашқы апеллятивіне негізделіп, теріс ұғынылатындығы анықталды.

Осы кезеңде ұлттық ономастиканың проблемалық көкжиегі кеңейе түсіп, негізгі теориялық мәселелері өзінің оң шешімін тапты.

90-жылдардағы қазақ ономастикасында кезеңдік сипаттағы А.Әбдірахмановтың “Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана” (1991) және Е.Керімбаевтың “Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен” атты докторлық диссертациясында (1992) (ғылыми кеңесшісі проф. Т.Жанұзақов) ұлттық ономастиконның басты салаларының фоно-морфологиялық, сөзжасамдық, құрылымдық деңгейлері мен лексикалық мазмұны этнолингвистикалық, ұлттық-мәдени тұрғыдан жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар Керімбаевтың зерттеуі шеңберінде қазақ жалқы есімдерінің номинация проблемалары, қызмет ету аясы мен коммуникативтік қатыс барысында қолдану ерекшеліктері ғылыми сипатқа ие болды.

Осы кезге дейін қазақ ономастикасында қолға алынбаған өзге салаларын зерттеу жандана түсті. Қазақ және орыс зоонимдерін В.Линко кандидаттық диссертация (ғылыми жетекшісі. проф. Т.Жанұзақов) аясында салыстыра зерттеген болса, Қ.Аронов аспан әлеміндегі объектілердің халықтық атауларын “Этнолингвистическая природа народных космоимов в казахском языке” атты диссертациясында қарастырды. (ғылыми жетекшісі академик. Ә.Т.Қайдаров).

Қазақ-орыс тіліндегі идиоэтникалық мазмұндағы топонимдер мен антропонимдердің салғастырмалы талдауы К.Головинаның “Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков” (ғылыми жетекшісі проф. К.Ш.Хұсайын) атты диссертациясында көрініс тапты.

Сондай-ақ көркем әдебиет, поэзия тіліндегі жалқы есімдердің эстетикалық қызметі К.Жаппар жұмысында, ал А.С.Пушкин прозасындағы түркі тілдес топонимдер Г.Оразғалиеваның жұмысында сөз болды. Қазақ ономастикасындағы бейонимдену үрдісі жайлы Б.Көшімованың теориялық еңбегінде баяндалған (ғылыми жетекшісі. проф. Т.Жанұзақов).

Ономастиканың шеткері санатындағы “периферийный” маргиналды бөлігі нарықтық экономиканың ықпалынан замана талабына сай туындап, күн өткен сайын молыға түскен эргонимдер тобы да зерттеу нысанына айнала бастады. Осыған орай сала бойынша С.Иманбердиеваның “Қала тағамхана атаулары” атты кандидаттық диссертациясы 2001ж. қорғалды (ғылыми жетекшісі Г.Б.Мәдиева).

Ономастика саласында қорғалған соңғы жұмыс (2002 жылы) Б.Досжановтың “Қазақ тіліндегі көне антропонимдер” (ғылыми жетекшісі академик. М.Серғалиев) атты кандидаттық диссертациясы болды. Г.Мадиеваның “Теория и практика ономастики” атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы 2003 ж. жарық көрді.

80-жылдардың соңынан осы кезге дейін жазылып, жемісті қорғалған В.Махпировтың “Древнетюркская ономастика” (1998), В.Попованың “Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана”, Б.Бектасованың “Топонимия северных областей Казахстана” (ғылыми кеңесшісі. проф. Т.Жанұзақов) атты докторлық диссертациялары мен жоғарыда аталған А.Әбдірахманов пен Е.Керімбаевтың докторлық диссертацияларын қосқанда, қысқа мерзімде бес докторлық, географтар тарапынан Қазақстан топонимикасы жөнінде қорғалған үш кандидаттық диссертациялар (Каймулдинова, Омарбекова, Аяпбскова) мен ономазиологиялық проблемаларға арналған басқа да жұмыстарды ескерсек, ұзын-ырғасы 35 диссертация дүниеге келіпті.

Тіл білімі институтының ономастика бөлімі де осы кезеңде өз жұмысын жандандырып, ресубликаның әр аймақтарына кешенді этномәдени экспедицияларға қатысып, құнды материалдар жинады. Институт мақсатты түрде мемлекеттік тапсырыс ретінде 1997 жылдан бері Қазақстан жер-су атауларының түсіндірмелі-этимологиялық сөздіктерін жасауды қолға алды. Жезқазған, Ақмола облыстары сөздігі жарыққа шықты, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда облыстары жер-су атауларының этимологиялық сөздіктер жобасы әзірленіп отыр. Бөлімнің жетекші ғалымдары ономастика саласы бойынша мамандарды дайындау жұмыстарын жемісті жалғастыруда.

Қазақ ономастикасының антропонимдер, топонимдер жүйесі ғылыми тұрғыдан зерттеліп, бірсыпыра орфографиялық нормалары, стандарттау, бірізге түсіру шаралары жүзеге асырылды. Бұл ретте Т.Жанұзақов, О.А.Сұлтаньяев,

Ә.Жақыпов, Қ.Рысберген, Ұ.Ержанова, Г.Сағидолдақызы, А.Әлімхан, Б.Бияровтардың еңбектерін атап отудің орны бар (ол еңбектер осы жұмыстың III бөлімінде толық көрсетіліп отыр).

Практикалық қолданбалы ономастика саласында біраз шаруалар атқарылғандығын ерекше атап оту керек. Ол Тіл білімі институты жетекші мамандары академик Ә.Қайдар мен профессор Т.Жанұзақовтар бастауымен Республикадағы ономастика саласындағы жұмыстарды реттестіретін маңызды құжаттардың жобалары жасалып, олар ресми бекіп, осы күнге дейін басшылыққа алынып отырғандығын баса айту керек.

Қазақ ономастикасы үшін бұл кезеңді (1990-2000 жж.) ұлттық ономастиконның фактологиялық базасы мен ғылыми-теориялық әдістемелік негіздері біршама жетілген, ғылыми-теориялық аясы күрделеніп, алуандық сипатқа ие болған, аса нәтижелі де жемісті кезең деп бағалау орынды болмақ.

Ендігі жерде XXI ғ. әлемде корпоративтік коммуникация желісінің, жаңа технологиялардың уақыт озған сайын күрделене түсіп, жеделдеп дамуына байланысты, жаһандану үрдісі қоғам өмірінің басты салаларына зор ықпал етуіне орай, сондай-ақ, әлемдік лингвистикада бой көтерген жаңа ғылыми парадигмаларға сай, ұлттық тіліміз бен оның ономастика саласының да даму ретіне жаңа талап, міндеттер қойып отыр. Ұлттық ономастика ғылыми саласы алдында тұрған бұл жаңа мақсат-міндеттерді шешу XXI ғ. бастау алған IV кезеңнің үлесіне тимек. Қазірдің өзінде жаңа бағыттағы ондаған диссертациялық тақырыптар ономастиканың түрлі саласы бойынша қолға алынып, зерттелеу үстінде.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Ономастика қазақ тіл білімінің, салыстырмалы түрде айтқанда, кенже саласы саналғандықтан оны зерттеудің әдістемесі туралы түрлі пікір таласы болып келді. Зерттеушілердің кейбіреулері ономастикалық категорияларды зерттеуде тіл білімінің әдістері дерлік қолданылады десе, екіншілері ономастика аралас ғылым, сондықтан оны зерттеу барысында тіл білімінің әдістемесімен қатар тарих, этнография, география ғылымдарының зерттеу әдістерін де қолдану керек дегенді қолдады.

Бұл екіұдай пікір көп уақытқа дейін ономастикалық зерттеулердің тәсілі мен әдісінің тұрақты қалыпқа келуіне кедергі жасап келді. Алайда ономастикалық зерттеулердің дамып, бел алуына байланысты оны зерттеудің әдістері мен әдістемесі басқа тіл білімі салаларында жаңаша мән, түрге ие бола бастады. Оның тиянақты да тұжырымды қағидалары 1986 жылы жарық көрген, ономастикалық зерттеулердің теориясы мен методикасына арналған еңбекте жан-жақты талдауын тапты (Теория и методика ономастических исследований. Москва. 1986, 254 с.).

Бұл еңбек екі бөлімнен тұрады. Оның бірінші бөлімі “Ономастикалық зерттеулердің теориясы” деп аталады да: ономастикалық зерттеулердің объектісі, ономастикалық номинация, ономастикалық лексика, жалқы есімдердің семантикасы, ономастиканың грамматикасы сияқты мәселелер болса, екінші бөлімінде: ономастикалық материалдарды жинау, ономастикалық материалды зерттеудің әдістері мен тәсілдері, ономастикалық жұмыстардың бағыттары, ономастикалық зерттеулердің аспектілері, ономастикадағы синхрония мен диахрония мәселелері талданған.

Ғылыми тәсілдер мен әдістердің мән-маңызының зор екендігі бұл күнде гуманитарлық ғылымдармен қатар, жаратылыстану ғылымдары саласында да айрықша орын алуда.

Ғылыми тәсілдерді нәтижелі түрде қолдана білу — әлі де зерттеу тәсілі мен әдісі жетіле қоймаған ғылымдардың қолданбалық жайттарымен қатар, теориялық мәселелерін шешуде көп жәрдемін тигізіп отыр.

Әсіресе ғылыми тәсілі әлі күнге толық жетіле қоймаған ономастика саласының (осыдан 150 жыл бұрын негізін Ф.Бопп

пен А.Шлейхер қалаған, парадигмалық принципте үздіксіз дамып келе жатқан салыстырмалы-тарихи тіл білімімен салыстырғанда) теориясын дамыту барысында ерекше рөл атқармақ.

Жалқы есімнің елеусіз, қарапайым мәселелерін шешудің өзінде қиындыққа душар болар сәттер кездесіп қалғанда, оны салиқалы түрде анықтап шешу барысында, тиімді де нәтижелі тәсіл қолданбайынша мәселенің байыбына барып, анықтауға болмайтын жайттар кездеседі. Жалқы есімнің кейбір күрделі теориялық мәселелерінің өзі кейде айтарлықтай дау туғызады. Мәселен, сөз немесе сөз тіркесінің жалқы есім екенін дәлелдеуде қандай қисын бар? Болмаса, кісі не жер-су аты не себепті зат есім, неге сын не үстеу, басқа сөз таптары емес?

Жалқы есімдер не себепті екінші тілде жазылғанда транскрипцияланады, көркем әдебиеттерде тікелей аударылады?

Не себепті тілде жалқы есім бар, неге жалқы сын есім, жалқы үстеу жоқ?

Бұл сұрақтардың байыбына бару, жалқы есім табиғатын анықтау және екінші тілге аудару, не аудармау себептерінің сырын ашып анықтау, атаулардың семантикасы мен олардың синтаксистік құрылысын салыстырмалы-тарихи деңгейде қарастыруды қажет етеді.

Әуел баста қолданбалы пән ретінде дүниеге келген ономастиканың теориялық мәселелерін қарастыру соңғы ширек ғасыр шамасы қолға алынып келеді. Бұған қарағанда, теориялық ономастика зерттеудің дербес саласы ретінде басқа ғылымдардың теориялық салалары сияқты (автоматика, техника, физика, биология, химия т.б.) өріс алып, кеңінен дамуда. Алайда, олардың проблемасы мен қолдану аясының шегін ашу ономастика ғылымының нақтылы тәсілін жан-жақты ойластыруды қажет ете түсуде.

Іс жүзінде, ономастикалық лексикалардың сыр-сипатын, заңдылық ерекшеліктерін ашып, айқындауда түрлі тәсілдер мен әдістер қолданылып жүр. Атап айтқанда: тарихи-салыстырмалы немесе “Бопп-Шлейхер парадигмасы” (этимологияны анықтауда), семантикалық (атаулардың мағынасын анықтап, айқындау), логикалық, стилистикалық (көркем шығармалардағы кейіпкерлер есімдерін талдау) т.б.

Оның өзінде де ономастикада, оның тіл біліміндегі айрықша жағдайына байланысты, лингвистикадағы басқа

тілдік категорияларға қатысты алуан түрлі тәсілдер түгел қолданылмайды.

Этимологиялық тұрғыдан қарастырғанда ономастикондар көптеген ауыспалы мағынаға ие сөздерден, екі не одан да көп деривациялық сипаттан оғаш, оқшау тұрады.

Ономастикадағы нағыз “мағына” апеллятивтердегі мағынадай (семантикасы басым атаулар мен мекеме, кітап аттары болмаса) ашық болмайды.

Жалқы есімнің табиғаты туралы мәселенің ерекше (методологиялық) мәні бар. Бұл мәселе жалқы есімнің мағынасымен байланысты семантикалық аспектіні тікелей қамтиды.

Айталық, антропоним белгілі бір индивидті (жеке тұлға) ғана атап қоймай, ол жеке адам мен қоғамның арақатыс, байланысын анықтайды.

Зерттеушілердің кейбіреулерінің жалқы есім грамматикалық категория деп жүргендері де бар. Алайда жалқы есімнің грамматикалық категория еместігі, керісінше, лексикалық категория екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр. Осы ретте жалқы есімдердің басқа лексикалық категорияларға қарағанда әдістемелік тұрғыдан көптеген айырмашылыққа ие екендігі байқалады. Осы айырмашылық оның синтаксистік құрылымында өзгеше көрінеді. Бұған дәлел: кез келген сөзтіркесі, тіпті көркем шығарма аттары жалқы есім бола алады. Әсіресе күрделі тіркес арқылы жасалған етістік топонимдер бұған толық дәлел. Етістікті сөйлем тіркесі мен тіркес етістік арқылы жасалған атаулардың сыр-сипаттары мен қолданылу заңдылығын тек ономастикалық теориялық зерттеулер негізінде ғана анықтауға болады. Қазіргі кезде жалқы есімдер теориясында синтаксистік құрылым өзінің әдістемелік жағынан маңызды бола тұрса да әлі күнге қолға алынбай, толық шешімін таппай отыр. Олай болса, жалқы есімдердің лексика-синтаксистік табиғатын зерттеу барысында да әдістеме мен тәсілдеменің айрықша рөл атқарары сөзсіз.

Бұл айтылғандар жалқы есімдерді лексикалық тұрғыдан зерттеудің әдістемесі қажет екендігін дәлелдейді. Онимдердің жеке, дара заттардың атаулары екендігін түсіну — есімдердің мағыналары жайлы, олардың әлеуметтік мәні мен қызмет аясының табиғаттарын анықтауға, бара-бара жалқы есімдердің синтаксистік теориясын логикалық әрі лингвистикалық аспектіде айқындауға барып тіреледі.

Ономастика қазақ тілі лексикасының ажыпамас бөлігі

болғандықтан оны ерекше лексикалық жүйе ретінде қарап, жалпы тіл біліміне тән методология мен әдістемені дерлік қолданамыз. Ономастикалық зерттеудің мынадай негізгі бағыттары бар: тіліміздегі ономастикалық жүйелердің дамуы мен қолданыс аясын зерттейтін **теориялық ономастика**; материалдарды филологиялық тұрғыдан алғаш рет сұрыптап, саралайтын **сипаттамалы ономастика**; атаулардың шығу, пайда болу жолын, олардың бір атаудан екінші атауға ауысуын, атаулардың белгілі бір тарихи дәуірлерге тәндігін зерттейтін **тарихи ономастика**; ономастикалық материалдардың күнделікті тұрмыста қолданылуы жайлы ұсыныс, нұсқау беретін **қолданбалы (прикладная) ономастика**; көркем әдебиет шығармаларындағы атауларды зерттеумен шұғылданатын **поэтикалық ономастика**. Бұл бағыттардың белгілі бір мақсаты, міндеті мен жол-жөні, әдістері болады.

Ономастикалық зерттеулердің бірнеше *аспектілері* бары да аян. Олар: лексикологиялық және лексикографиялық аспект, логикалық аспект, терминологиялық аспект, тарихи, географиялық, әдеби, мәдени (культурологиялық), психологиялық, социологиялық, типологиялық аспекттер.

Әрбір зерттеуші өзінің алдына қойған нақтылы міндеті, мақсатына қарай осы бағыттар мен аспектілерді негізге ала отырып, ғылыми зерттеулерін жүргізеді.

Ғасырлар бойы халық, қоғам өмірімен бірге, біте қайнасын келе жатқан халық ономастикасы — жекелеген адамдар емес, тұтас топ, ұжым боп зерттегенде де таусылмас, ұшы-қиыры жоқ үлкен жұмыс. Сондықтан қазақ тілі ономастикасының қолға алынбай, әлі де зерттелмей жатқан категорияларын ұмыт қалдырмай, халқымыздың тарихы мен тілінің, сан ғасырлық мәдени байлығының қайнар көзі ретінде зерттей беруіміз абзал іс болмақ.

Ономастикалық зерттеу жұмыстарында қолданылатын тәсілдер мен әдістер алуан түрлі болады. Олардың қолдануы әрбір автордың жұмыс барысына, беталысына қарай нақты жағдайлармен байланысты болып отырады.

А.В.Суперанская, Н.В.Подольская бұл әдістер мен тәсілдерді мынандай топтарға жіктейді: 1) ономастикалық материалдарды жинау, олардың нақты тілге қатыстығын айқындау; 2) текстологиялық тұрғыдан талдау; 3) ономастикалық материалдарды инвентаризациялау; 4) атауларды топтастырып жіктеу; 5) стратиграфиялық талдау; 6) дифференциалдық, генетикалық талдау; 7) есімдер мен олардың

тулғаларының реконструкциясы; 8) этимологиялық талдау; 9) сөзжасамдық тұрғыдағы талдау; 10) құрылымдық талдау; 11) форманттық талдау; 12) атау негізін талдау; 13) атаулардың варианттарын талдау; 14) ономастикалық ареалдарды айқындау; 15) ономастикалық картографиялау; 16) ықтималдық тексеру; 17) статистикалық талдау; 18) ономастикалық универсалийлерді анықтау; 19) эксперименталдық зерттеу.

Міне, осы тәсілдер мен әдістердің сыр-сипаты, мән-мағынасы мен маңызы туралы авторлар пікірлері “Теория и методика ономастических исследований” атты еңбекте жан-жақты баяндалған. Сондықтан оларды қайталап жатуды жөн көрмедік. Зерттеуші авторлар оларды аталмыш кітаптан мұқият оқып, өздеріне қажетті деп тапқандарын толық пайдалануларына болады.

ЖАЛПЫ ЕСІМДЕРДІҢ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРГЕ, ЖАЛҚЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЕСІМГЕ АУЫСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Антропонимдер мен топонимдердің жалпы есім сөздерден жасалатыны ғылымда басы ашық, белгілі мәселе. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден өзгешілігі – табиғаты жағынан жалпы есімнен жасалғандықтан екінші орында болуында. Ойткені жалқы есімдердің қай-қайсысы болмасын шығу, қойылу, тегі жағынан тілдегі жалпы есім сөздерден жасалған. Жалқы және жалпы есім арасында болатын ауысу заңдылығы – тілге тән құбылыс. Бұл құбылыс лингвистикада *онимизация*, *деонимизация* деп аталады. Жалпы есімдердің жалқы есімдерден өзіндік айырмасы да бар. Ондай ерекшеліктердің бірі – грамматикалық көрсеткіштердің сипатынан байқалады.

Жалқы есімдер өздерінің семасиологиялық қызметі жағынан жалқы есімдерге қарама-қайшы. Жалпы есімдер, көркем әдебиет шығармаларында лексикалық мағына мен белгілі бір ұғымға ие болса, жалқы есімде бұл қасиет жоқтың қасы. Жалқы есімдер тек атаулық қасиетке ие. Тіліміздегі жалқы есімдердің жалпы есімге ауысу құбылысы, әсіресе ономастика өмірінен айқын көрінеді. Антропонимдердің жалпы есімге ауысуында метонимиялық заңдылық бар. Бұл жөнінде орыс ғалымдары А.А.Реформатский, К.Д.Зеленин, В.Черных, О.К.Жданко, Л.М.Щетинин пікірлері, негізінен, бірін-бірі толықтырып, қуаттап отырады.

Жалқы есімдердің жалпы есімге ауысуына сай өз мағынасының түрлену мәселелері де — көңіл аударарлық жайт. Сондықтан да жалқы есімнің ауысу барысында сөз өмірінде елеулі сапалық өзгеріс болады.

Жалқы есімдер жалпы есімге ауысқан соң лексикалық мағынаға ие болып, грамматикалық қатынасқа түседі. Оған көптік жалғау тікелей жалғанып, бірыңғай сойлем мүшелері құрамында келгенде басқа жалпы есімдер тәрізді қызмет атқарады.

Онимизация, деонимизация құбылыстары тіліміздің сөздік қорын байытудағы көптеген тәсілдердің бірі болып саналады. Ол — тіліміздегі сөз жасаудың алуан түрлі амалдарының бірі ретінде қалыптасып келе жатқан құбылыс.

Жалқы есімдерден жасалған жалпы есім сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі жаңа жасалған, жаңадан пайда болған заттардың атауын танып білуде маңызы айрықша зор. Мәселен, кен орындары мен геологиялық жаңалықтар, дақылдардың түрлері, зат, бұйым аттарының белгілі бір ғалым есімімен немесе қала атымен байланысты аталатыны белгілі. Осындай ауысып қойылған есімдердің семантикалық құрылымы мен ұғымы әр уақыт заттық мағынаға ие болып отырады.

Осымен қатар, онимизацияның лингвистикалық табиғатының стилистикалық реңкі де тіл заңының кейбір жақтарын толық аңғартады. Сондықтан да жазушылар өз шығармаларында онимизация құбылысын стильдік тұрғыда жиі қолданады. Бұл ретте онимдену стильдік жағынан әдебиет пен тіл мамандарының да назарын аударып, қызықтыра түсуде. Оны тілдің стильдік тәсілдерінің бірі ретінде арнайы зерттеу қажеттілігі бүгінгі қазақ тіл білімінің үлесіндегі мәселелердің бірі болуға тиіс.

Көркем әдебиеттегі кейіпкерлер есімдері, негізінен, жалпы типтік, жиынтық образ жасауда үлкен қызмет атқарады. Көркем әдебиеттегі басты кейіпкерлер есімдерінің жалқы, төл есімдік мағынасынан ауытқып, жалпы мағынаға ие болып кетуі көптеп кездеседі. Сервантестің әйгілі кейіпкері Дон-Кихот бастапқы ақыл-ойдың шынары болған жағымды қасиетін жоғалтып, ақымақ, есер ретінде танылады. Ал Дон-Жуан болса, әйелдерді алдаушы, бәтуасыз адам ретінде көрінеді. Сол тәрізді гректің мысалшысы Эзоп орыс арасында ақымақ, әрі дөкір адам мағынасында айтылады. Бұл сияқты мысалдар қазақ әдебиетінде де көптеп ұшырысалаы. Әйгілі “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырындағы Қарабай есімі жалпы

есім сипатына ауысқан. Қарабай образы арқылы “малқор, дүниеқоңыз”, тек баудың жолын ғана ойлаған пасық, сараң адам қасиетін аңғарамыз. Осы секілді жағымсыз адамдарды халық Қарабай, яғни Қарынбай деп атайды.

Ақын-жазушылар шағармаларына стильдік реңк, эмфатикалық мәнер беру мақсатында, немесе шенеу, сарказм ретінде ондай есімдерді әдейі қолданады. Мысалы: — *Жұбайыңды есіттім Таңдап тапқан еліңнен, Өзі қара, тартыншақ, Қас Қарынбай делінген* (Жамбыл).

— *Мәссаған. Біз үйіне қазір барғалы отырсақ, мынауың барып тұрған шық бермес Шығайбайдың өзі ғой* (Қ. Сатыбалдин).

— *Әже, қойшы енді, асанқайғыны соқпай* (Қанахин).

Бұл үзінділердегі Қарынбай, Шығайбай — “сараң”, “қытымыр”, “пес”, асанқайғы — “уайымшыл, не болса соны ойлағыш” мағыналарында жұмсалып отыр.

Жалпы есім мағынасына ауысқан көркем әдебиет кейіпкерлері көп-ақ.

Олар әрі типтік образ, әрі жалпыға кеңінен танылған жиынтық атау болып келеді. Мысалы: С. Мұқановтың “Ботакөз” романындағы Итбай, С. Көбеевтің “Қалың малында” және Ғ. Мүсіреповтың, Б. Майлин, І. Жансүгіров т.б. шығармаларындағы басты кейіпкерлер есімдері де бұған дәлел.

Жазушылар бұл адамдар образдары арқылы “ит мінезді”, “қара ниет, кам бастылардың” жиынтық образдарын беріп отыр.

Бұл құбылыс орыс көркем әдебиетінде тым көп кездеседі. Ол жөнінде В. Г. Белинский: “Такие имена, как Онегин, Ленский, Татьяна, Ольга, Загорецкий, Фамусов, Скалозуб, Молчалин, Хлестаков, и прочие — суть как бы не собственные, а нарицательные имена, общие характеристические названия известных явлений действительности”, — дейді.

Жалпы есімге айналған, халық аузында жиі айтылатын есімдер, сондай-ақ, көркем әдебиеттен ауысқан кейіпкерлер есімдері, негізінде, жаңа мағыналы сөздер боп саналады. Мысалы: *Мырқымбай* (кім болса сол), *Жантық* (араға от салушы, арандатушы), *Қожанасыр* (алаңғасар, әпенде), *Қодар* (қара күш иесі, дөкір), *Көсе* (қу, сұм) — бұлар көбіне жағымсыз мағынада айтылады. Ал ынтық боп сүйіскен, ыстық жүректі жас ғашықтарды Қыз Жібек пен Төлегендей, Қозы Көрпеш пен Баяндай десе, жасы үлкендерге келгенде кекесінді, мысқыл мағынада айтылады.

Жалқы есімдердің жалпы есімдерге ауысуы халық ауыз әдебиетінің нұсқаларында көбірек ұшырасады. Бұған қарағанда, жалқы есімдер мен жалпы есімдердің шығу тегінде өзара байланыс бары анық аңғарылады. Бұндай жақындықты халық жұмбақтарынан анық көреміз. Өйткені онда қолданылып отырған жалқы есімдердің мағынасы жалпы есім сөздердің мағынасымен ұқсас та шендес. Мысалы: *Дүбір-дүбір төртеу, Есенгелді екеу, Жағалбайлы жалғыз, оның таңы қарбыз*, болмаса,

Төлебайдың төрт ұлы төбелесіп келеді

Егізбайдың екі ұлы ерегісіп келеді.

немесе,

Ермекбайдың екі ұлы ерегісіп келеді

Төлебайдың төрт ұлы төбелесіп келеді,

Жағалбайдың жалғызы жағаласып келеді.

Бұл шумақтардағы *Есенгелді* – түйенің оркеші, *Жағалбай* – құйрығы, *Төлебай* – аяғы, *Егізбай*, *Еркебай* – екі оркеш орнына айтылып отыр.

Бұндағы кісі аттары жұмбақталатын заттардың орнына ауысып, шешушіні жаңылыстыру үшін айтылған. Алайда, олардың толық деонимизациялық құбылысқа не екенін аңғару қиындыққа соқпайды. Бірақта, “Айдабол – ас ішкенде пайда бол”, “Жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген” деген мақалдардағы алмасудың шегі анық, айқын, лексикалық мағынасы белгілі болып тұр.

Жалпы есімдердің жалқы есімдерге ауысуы құбылысында көптеген өзгешелік болады. Жалқы есімдерден жасалған топонимдер, көбіне, тұрақты, берік келеді. Олар ғасырдар бойы сақталып отырады. Кісі есімдері бұндай тұрақты қасиеттерге, көбіне, ие емес. Олар құбылғыш және өзгергіш болады. Сондықтан да олардың жалпы есімге ауысуы мен сөз жасау заңдылығында өзіндік ерекшелік бар. Топоним мен жалпы есімдік лексиканың өзара байланысы бары жалпы лингвистикада анықталған, басы ашық мәселе. Топонимия географиялық атаулардың жиынтығы ретінде ономастикаға тән болғанмен айрықша қасиетке ие. Ол ономастикалық сөздің негізгі белгілеріне ие болғанмен ономастиканың басқа категориясынан да, жалпы есім сөздерден де ерекшеленіп тұрады.

Топонимдік сөздің пайда болу себебі – белгілі бір объектіні, нысанды атайды. Ол нақты объектпен байланысты, сондықтан да ол атау ретінде қызмет атқарады. Мәселен, топонимдер: *Алматы, Есік, Талғар, Жезді, Атырау*, қазақ

тілінде осы атаулар белгілі елді мекен аты екенін, жалқы атау екенін білдіреді.

Топонимдердің, жалпы, барлық атаулар мен жалқы есімдердің (ономастикалық атаулардың) басты қасиеті – атауыштық, атаулық қасиетке ие екендігі. Мәселен, *Қарағанды* белгілі географиялық объекті атауы ғана, басқа ешқандай ұғымды білдірмейді. Ал жалпы есім сөз атау болумен қатар заттың тегін де білдіре алады. Мәселен, *қала* – белгілі бір географиялық объектіні ғана білдіріп қоймай, қосымша қызметке ие келеді (қала дегеніміз – халық көп тұратын мекен ғана емес, саяси-әкімшілік мәнге ие, мәдени-кәсіби орны бар, көп қабатты тұрғын үйлері көп кент).

Жалқы есімнен жалпы есімге ауысқан топонимдік топтар мағыналарының ерекшелігі мен ұқсастығына қарай екі үлкен топқа бөлінеді.

Бірінші топқа жататындар – зат атын ойлап тапқан авторының атымен атау. Бұл құбылыс өте-мөте Батыс Еуропа және орыс тілінде жиі кездеседі. Мысалы: *Маузер, Браунинг, Форд, Ом, Ампер, Вольт, Кулон* т.б.

Топонимиялық атаулардың о бастағы жалпылық мағынасын тауып ашып беру халық тарихын зерттеуші тарихшыларға үлкен жәрдем болары сөзсіз. “Ономастиканың жалпы есімдік мағынасын айқындау сөз өмірін, оның тарихын сипаттау үшін көп септігін тигізеді”, — дейді А.А.Реформатский. Демек, ономастиканың семантикалық құрылымының өзгеруі, олардың жалпы есімге ауысуы, грамматикалық формалар жүйесі мен құрылысын сөзсіз өзгертеді.

Жалқы есімдердің жалпы есімге ауысу процесін ономастиканың басқа да категорияларынан кездестіреміз.

Кісі аттарының жалпы есімге ауысуы жиі кездесетін құбылыс болса, топонимдерде бұл қасиет сирек.

Әдеби тілде де, сөйлеу тілінде де төл есімдер орнына есімдіктер жиі қолданылады. Бұл ретте, ол жалпылық мағынаға не келеді де, сөйлемде сөйлем мүшелерінің қызметін атқарып тұрады.

Сөйтіп, есімдікке ауысқан төл есімдер субъект немесе объект, атрибут функциясында жұмсала береді.

Топонимдердің жалпы есімге ауысуында азды-көпті ерекшеліктер бары байқалады. Бұл ерекшелік топонимдердің қатарлық, яки формалық заңына байланысты болып отырады. Түптеп келгенде, деонимизациялану жалқы есімдерге тән болғанымен, топонимдерден гөрі антропонимдерде басымырақ.

Антропонимдер мен топонимдерден ауысқан жалқы есімдер әдеттегідей тілдің грамматикалық заңына бағынып, сөз жасаушы, сөз түрлендіруші қасиеттерге ие болады.

Олар жалпы есімге ауысқан соң белгілі бір зат атауына айналып, бастапқы ұғымынан тікелей айрылады. Мысалы: *көсе, итжеккен, жиделі байсын, жерұйық* т.б.

Жалпы есімдік мағынаға ие боп кеткен есімдер басқа сөздермен тіркесе айтылғанда, анықтауыш ретінде ғана жұмсалады. Мәселен, *самарқанның көк тасы, орыс етік, бұқаржай, қашқар құман, ірбіт шана, сарқант темекісі, алматы апорты, есік шарабы, тараз арағы, үйсін тымақ, еділбай қойы*. т.б. Бұл тәрізді ономастикалық топтардың жалпы есімге айналу деңгейі әлі аяқталмаған. Сондықтан да оларды *жартылай ауысқан* деп танимыз.

Жалқы есімдерге сөз тудырушы қосымшалардың жалғануы арқылы жаңа сөздер жасалып жатады. Бұл құбылыс өсіресе орыс тілінде басымырақ. Мысалы: *дарвинизм, акимовцы, обломовщина, хлестаковщина, байронизм, толстовка, буденовка, шалыпинка* т.б.

Жалқы есімдердің жалпы есімге ауысуы әдеби тілдің дамуымен байланысты туып отырған лексика-семантикалық тәсілдің бірі болып табылады. Ол негізінен тілімізді байытып, сөздік қорымыздың арта түсуіне септігін тигізеді. Қазақ тіл біліміндегі бұл тәсіл жаңадан қалыптаса бастағанымен келешегі мол, әдеби тіліміздің сөздік құрамын байыта түсетін амалдардың бірі болып табылады.

ОНОМАСТИКА ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Ономастика белгілі бір тілдегі лексиканың ажырамас бөлігі ретінде қоғам өмірімен тығыз байланысты болады да, тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық өрі мөдени-әлеуметтік факторлармен тығыз ұштасып жатады.

Жалқы есімдердің бұл ерекшелігі, алдымен, олардың атқарар қызметімен, тұтастай алғанда, атаулық (номинативтік) қызметіне тікелей байланысты. Кейбір зерттеушілер, жалқы есімдер коммуникативтік қызметке ие емес, өйткені коммуникативтік функция тек сөйлемге ғана тән дегенді айтады. Алайда жалқы есімдердің атқарар қызметі жоғарыда айтылғандармен ғана шектелмейді. Олардың информациялық, эмоционалдық, әлеуметтік қызметтерге де ие екені белгілі.

Онимдер, яғни жалқы есімдердің негізгі түрлері — қоғам

тарихының айнасы. Бұл жайт әсіресе антропонимдерге (төл есімдер мен лақап есімдер), текке (фамилиялар) және топонимдерге тікелей қатысты.

Жалқы есімдердің бұлардан басқа бөлімдері де әлеуметтік-қоғамдық сипатқа ие.

Ономастикондарды зерттеуші ғалымдар, оларда қоғам әсерінің басымдығын, тілдегі лексиканың әлеуметтік күйін білдіретін қабаттар екеніне баса назар аударады.

Ономастиканың дамуына әсер етуші экстралингвистикалық факторлар көп салалы келеді де, онимдік таңбалардың ерекше сипаты және қызметімен тікелей байланысты болады.

Дағдылы лексикада кездеспейтін тарихи, әлеуметтік және мәдени факторлар антропонимдерде анық байқалады.

Антропонимдік зерттеудің материалдары тек қана тіл мамандарының назарын аударып қоймай, басқа да ғылымдардың мамандарын археологиялық, социолінгвистикалық, этнографиялық зерттеулермен салыстыра қарастыруда қызықтыра түседі.

Антропонимдер, өздерінің материалдық формасына, қоғамдық формациялардағы тарихи-мәдени аспектер туралы белгілі бір дәрежеде құнды мағлұматтар береді.

Топонимия да антропонимдер сияқты қоғам тарихы және мәдениетімен тығыз байланысты. Оларда көне дәуірлерде, сондай-ақ қазіргі кезде этногенез бен этникалық процесстердің ерекшеліктері байқалады.

Ономастиканың *этнотопонимдер* деген секторы — түрлі рулар мен тайпа, халықтардың аттары сақталған географиялық объектерді корсетеді. Этнотопонимді зерттеу — этногенетикалық, этнотарихи жағдайларды қарастырып қана қоймай, халық, ру, тайпалардың таралу, өмір сүру, тұрақталған жерін, олардың араласуын, мекендеген жерлерінің өзгеру шегін, халықтар мен ру, ұлыс, тайпалардың қарым-қатысын, байланысын анықтау жайлы аса қажет қорытындылар жасауға мүмкіншілік береді.

Бұл аталған жайт, яғни топонимика зерттейтін мәселе тарихи этнография, археология және тарихи география тұрғысынан зерттелетін проблемалармен тығыз байланысты келеді. Топонимдерді зерттеу мәселесіне тарихи-әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық факторлар сөз жоқ ерекше әсер етеді. Қазіргі қоғам өмірінде топонимияның атқарар қызметі, қолдану аясы, оның олармен әлеуметтік байланысы ерекше орын алуда.

Топонимдердің сөйлеу тілі мен жазба тілдегі қызмет аясы, географиялық объектілердің аттарын өзгерту, жаңадан атау, болмаса тарихи атауларды қалпына келтіру, бұл жайында Президент пен Үкіметтің жарлықтары мен қаулылары, топонимдерді қолдану мен бір жүйеге келтіру, реттеудің тұжырымдары, топонимдердің егемен Республикамыздағы қолдану аясы мен қызметі, екінші тілде айтылып-жазылу проблемалары, олардың қоғам өмірімен байланысы — үздіксіз қаралып, оз шешімдерін тауып отыратын мәселелер.

АНТРОПОНИМИЯ — СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНАСЫ

Антропонимдерді (кісі есімдерін) социолінгвистикалық тұрғыдан зерттеу туралы мәселелер қойылғанымен, кейбір авторлардың еңбектерінде тиіп-қашты пікірлер айтылып немесе шағын көлемді мақалалар жазылғаны болмаса, айтарлықтай арнайы зерттеу жұмыстары жасалмай келеді. Істің мәнінде антропонимдік мағлұматтар тілдік және мәдени-әлеуметтік байланыстарды зерттеу барысында белгілі бір теориялық әрі методологиялық мәнге ие келеді. Сонымен қатар кісі аттарының социолінгвистикалық сипатын да айқындай түседі. Өйткені антропонимдік жүйе әрбір халықтың тарихи, мәдени әрі этникалық, психологиялық және идеологиялық факторларымен тығыз байланысты.

Антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады.

Сондықтан да антропонимдердің қызмет аясының әлеуметтік сипаты оның ғылымдар арасындағы өзіндік орнын айқындай түседі. Олай болса, антропонимика ең алдымен лингвистикалық ғылым ретінде танылып, қоғаммен, тарихпен шендесіп, иық тірескенмен, социолінгвистикаға етене бауырлас, жақын тұрады. Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси-экономикалық күй-жайы, қоғамдық құрылысы жөнінде қыруар мағлұматқа ие келеді.

Осы жайттардың барлығын, тағы да басқаларын ескергенде, антропонимдік зерттеулердің социолінгвистикалық аспектілері мынандай мәселелерді қамтитыны байқалады:

1) тіліміздегі антропонимдік жүйенің қалыптасып дамуы мен қызмет аясының жалпы мәселелерін теориялық әрі

методологиялық тұрғыдан зерттеудің жалпы проблемалары; 2) антропонимдерді тұтас бір жүйе ретінде зерттеу; 3) кісі аттарын әлеуметтік-қоғамдық, тарихи категория ретінде қарастыру; 4) кісі аттарының пайда болу, жойылу заңдылықтарындағы тарихи-әлеуметтік жағдайлардың себеп-салдарын анықтау; 5) кісі аттарының сөйлеу тілі мен жазба тілдегі қызметін, қос тілдегі орны мен мәдени қарым-қатыстағы мән-маңызын зерттеу; 6) кісі есімдерінің экспрессивті-эмоционалдық қызметін тексеру (көркем әдебиетте, баспасөзде, күнделікті тұрмыста қолданылу ерекшеліктері); 7) антропонимдер жүйесіндегі интернационалдық, ұлттық ерекшеліктерді, олардың өзара байланыс, бірлігін зерттеу; 8) қазақ антропонимдерін байытудағы басқа ұлт антропонимдерінің әлеуметтік мәні: а) көпұлтты Қазақстан Республикасында қазақ антропонимдерінің қолданылуы мен қызмет аясының әлеуметтік сипаты; 10) антропонимдерді тілдік және тарихи тұрғыдан топтастыру.

Бұл аталған мәселелердің барлығы тіліміздегі антропонимдерді социолингвистикалық тұрғыдан зерттеуде, сөз жок, мән-маңызы зор методологиялық негіз болмақ. Теориялық әрі методологиялық мәні айрықша мәселе — кісі аттарының саяси-қоғамдық, әлеуметтік табиғаты болып есептеледі. Ойткені адамның жеке аты — антропонимдерді социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудегі басты мәселе болып табылады.

Жалқы есімдердің әлеуметтік өресін, зерттеушілердің пікірінше, әрбір әлеуметтік өре көптеген дараның басын біріктіріп, әлеуметтік, кәсіптік т.б. уақыт, мезгіл бірлігін анықтап тұру керек. Жалқы есімдердің мағыналары көп қатпарлы болғандықтан, есімнің бірнеше әлеуметтік өреге ие болуы заңды құбылыс екенін көреміз. Айталық, Айтан Ағымановтың отбасындағы әлеуметтік өресі — үй иесі, әке, ұл, аға, күйеу, жезде, өзінің ғылыми зерттеу институтындағы әлеуметтік өресі — филология ғылымының докторы, бірнеше кітаптың авторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, спорт бойынша әлеуметтік өресі — шахматшы, шаңғышы. Бұған қарағанда кісі аттарының төтенше мағынасы әрі қоғамдық мағынасының бар екені байқалады.

Демек кісі атының мағынасы сөйлеу тілде, белгілі бір ұжымда, әлеуметтік мәтінде екендігін анық көреміз.

В.А.Никонов пікірінше: "Кісі аттары — әлеуметтік таңба. Ойткені ол аз болсын, көп болсын әлеуметтік мәнге ие", —

дейді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, кісі аттары тек лексикалық мағынаға ғана ие. Алайда, адам атының алуан түрлі әлеуметтік қызмет атқаратыны, оның тіл заңына сай дамып, өзгеріп отыратыны баршаға мәлім болса керек.

Кісі аттары тіл тарихы үшін ғана басты дерек болып қоймай, халық тарихы үшін де аса құнды болып табылады. Қазақ тарихында маңызы аса зор саналатын халық шежіресіне зейін алсақ, оның негізін құрайтын кісі аттары екені белгілі.

Кісі аттарын әлеуметтік тұрғыдан талдау В.А.Никонов еңбегінен мәлім. Кісі аттары әрқашан әлеуметтік, қоғамдық құбылысқа ие, — деген тезисін жалғастыра келіп: біріншіден, әлеуметтік бояуы өзгеріске түссе де кісі аты тарихи әлеуметтік мәнге ие; екіншіден, кісі аттары қоғамдағы өзгерістерге мән бермеуі де мүмкін, мән берсе де кенжелеп барып мән береді; үшіншіден, есімдердің әлеуметтік шарттылығы өте күрделі, ол тікелей бола қоймайды. Кісі аттары тілдегі сөздер сияқты тіл заңына бағынады, кісі аттарының мәні оның апелляциялық негізі арқылы тарихта көрінеді, — дейді (В.Никонов. Личное имя-социальный знак//Глазами этнографов. М., 1982, С.27-50).

Лақап есімдердің табиғатын, оның әр түрлі қасиет-сипаттарын социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің мәні де айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатысына т.б. байланысына тағылған лақап есімдер тілімізде аз емес. Осы тұрғыдан қарағанда, олар көбіне өзгергіш, экспрессивтік мәнге ие болып келеді.

Әсіресе мектеп оқушыларының лақап есімдерін социолингвистикалық тұрғыдан зерттеу өте қызықты да, ғылыми тұрғыдан салықалы болары сөзсіз. Жалпы лақап есімдердің сыр-сипатында айтарлықтай ерекшеліктермен қатар, белгілі дәрежеде социолингвистикалық құбылыстар да байқалады.

Тілдер арасындағы байланыс, қарым-қатыс мәселелері — антропонимия мәселелерімен де байланысты жайт. Бір тілден екінші тілге енуі, көбіне, әлеуметтік-тарихи жағдайға байланысты құбылыс. VIII-X ғ. ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанға тигізген ықпалы мен әсері нәтижесінде араб есімдерінің діни өкілдер арқылы тілімізге көптеп енгені мәлім. Мұның өзі сол кездегі қоғамдық өмірмен, оның берік идеологиясымен тығыз байланысты жайт еді. Ал XVIII-XX ғасырларда патша үкіметінің отаршылдық саясаты, кейіннен Кеңестік дәуірде коммунистік партияның мықты идеологиясы

негізінде тілімізге орыс есімдерінің жүздеп келгені де жасырын сыр емес. Антропонимдердің социолингвистикалық сипаттары көркем әдебиеттердегі кейіпкерлер есімдерінен де анық байқалады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін жинақтай келгенде, тіліміздегі антропонимдік лексиканы, оның табиғаты мен сипаттарын социолингвистикалық тұрғыдан зерттеу өте қажет шаруа. Антропонимдердің шығу, пайда болу, дамуында, олардың қолданыс аясы мен қызметінде әрбір қоғамның қалдырған тарихи іздері мен әлеуметтік жайлары анық та, айқын жатады.

Қазақ антропонимдері халық тілі, халық тарихымен, халықтың әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрімен, қоғам өмірімен берік те тығыз байланысты екендігі социолингвистикалық әрі этнолингвистикалық зерттеулер нәтижесінде анықтала бермек.

ТОПОНИМИКАНЫҢ СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ономастиканың социолингвистикалық мәселелері соңғы жылдары топонимиялық еңбектерде кеңірек қарала бастады. Бұл мәселе, ең алдымен, этнотопонимдерді, әр халықтың этникалық тарихымен байланысты түрде зерттелді. Бұл бағытта жазылған А.Әбдірахмановтың еңбегін ерекше айта аламыз. А.Әбдірахманов Республикамыздағы этнотопонимдерді жинап, тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге ерекше мән берді (Қазақстан этнотопонимикасы. 1979). Өйткені этнотопонимдерді құрайтын ру, тайпа, ұлыс аттары қазақ топонимдері мен этнонимдерінің шығу, пайда болу тарихын зерттеуде бірден-бір табан тірейтін сенімді де нақты дерек болып есептеледі.

Этнотопонимдер қазақ ру, тайпа, ұлыстарының өздері иемденген жерлерде қашан, қай заманнан тұрып келе жатқанын, қандай ру, тайпа, ұлыстармен көрші болғанын, қай кездерден бастап қарым-қатынас, байланыс жасағандарын білдіріп қана қоймай, қазақ халқының ерте замандардағы қоғамдық құрылысынан мол мағлұмат береді. А.Әбдірахманов жұмысында осы мәселелермен қатар әрбір этнотопонимнің қойылу, аталу сырлары, сондай-ақ жасалу заңдылықтары мен шығу төркіні, олардың мән-мағыналары жан-жақты қарастырылған. Бұған *Ашина, Үйсін, Қаңлы, Созақ, Дулат*.

Арғын, Керей, Найман, Қоңырат, Шапырашты тәрізді этно-топонимдерді талдауы толық дәлел. Бұл этнотопонимдерді тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдау барысында автор қазақ халқының сол этнотопоним саналып отырған түркі тайпа одақтарынан құралғанын анықтаған.

Г.Ф.Сагтаров топоним, антропоним құрамдарындағы этнонимдерді зерттеу барысында, татар этнотопонимдерінің ұзақ замандар бойы қалыптасқан көп қырлы тілдік қарым-қатынас нәтижесінде болған құбылыс деп қарайды. Ғалым өз зерттеуінде этнотопонимдердің стратиграфиялық көрінісін берген. Автордың пікірінше, татар топонимиясында мынандай тілдік қабаттардың: фин-угор, индоиран, түрік, славян т.б. барын анықтаған. Оның пайымдауынша, ол жердегі орыс топонимдері XVI ғ. ортасынан пайда бола бастаса керек.

Ф.Г.Гарипованың зерттеуі бойынша, фин-угор және түрік тілдерінің қарым-қатыс, байланысы Қазан жағындағы гидронимдер құрамында басым көрінеді. Оны мынадай қабаттарға бөліп қарастырады: 1) удмурттық қабат; 2) марийлік қабат.

Марий мен татар тілінің көптеген ғасыр бойы, олардың бір территорияда, бірнеше облыстар мен аудандарда бірге өмір сүріп, тірлік етумен байланысты болғаны жайлы толып жатқан деректер барын көреміз. О.Т.Молчанова орыстардың Таулы Алтай өлкесіне келуімен байланысты топонимдік жүйеде үш типті жағдай болғанын айта келіп: 1) Орыстардың барлық топонимдік жүйені қайыра қойғаны (бұрын ешкім тұрмаған жерлерді иемденумен байланысты) айтылады. Сондықтан да топонимдер негізінен орысша болып, шығу тегі де, айтылуы да орыс тілі лексикасынан жасалған; 2) Орыстардың алтайлықтардың топонимдік жүйесін қабылдауы. Бұл жағдайда алтай топонимдері орыс тіліне бейімделіп айтылып әрі жазылған.

Белгілі бір ұлттардың қарым-қатыс, байланысы, тілдердің өзара ықпал, әсері негізінде пайда болған топонимдердің саны көршілес отырған халықтардың қай-қайсысында да кем болмаған. Оған орыс тіліне енген түркі халықтарының топонимдік жүйелері толық дәлел бола алады. Бұл мәселенің қайнар көзі тарихи-әлеуметтік оқиғаларға тікелей байланысты екені мәлім. Орыс жеріндегі түркі топонимдерінің біразы XIII-XV ғасырлардағы монғол үстемдігі мен Алтын Орда заманына тән болса, екінші топ түркі топонимдер — патшалық

Ресейдің түркі халықтарын отарлау саясатымен ұштасып жатады.

Айталық татар, башқұрт, чуваш, ноғай, қарашай, балқар, алтай, тува, хакас т.б. елдермен қатар, қазақтың солтүстік аймағындағы көптеген жерлердің Ресей боданы болумен байланысты ол жерлердегі түркілік атаулар бәз қалпында сақталып қалды. Мәселен, *Астрахан, Саратов, Самара, Омбы, Бийск* т.т.

Сондықтан да топонимдердің түркі, орыс тілдеріндегі нұсқалары және этнонимдердің топонимдер құрамдарында келуі әзірбайжан, дағыстан, чуваш, башқұрт, балқар, қарашай, өзбек ғалымдары еңбектерінде бірсыпыра қарастырылған.

Орта Азия мен Қазақстандағы көптеген топонимдер, әсіресе елді мекен аттары, өлкелердің шаруашылығы мен мәдениетінен мағлұмат береді. Ойконимдер құрамындағы *кент* (варианты: *кат*), *қала, шаһар, қышлак* терминдері ортағасырлық заманнан бары аян.

Қазақстан топонимдер жүйесінде мифологиялық түсінік пен діни ұғымға байланысты топонимдердің ерте кездегі рулар мен тайпалардан қалған мұра екені айдан айқын. Бұл типтегі топонимдер республикамыздың оңтүстік аймағында және Маңғыстау өлкесінде көбірек ұшырайды. Мәселен, *Асықата, Бабаата, Шақпақата, Әулиеағаш, Әулиеқұм, Әулиеата, Жерұйық, Қансеңір, Қандықұдық, Қаншеңгел, Қайынадыр, Қайынтау, Қатынсу, Майбулақ, Майтөбе, Майлықөл, Майқапшағай, Майкөл, Майбалық Тоғызак, Ақұйық, Ұйық, Ұйықман* т.т. Басқа ел мәдениетінің екінші бір халықтың мәдениетінің дамуына әсер етіп, ықпал жасауына топонимдік материалдар да толық айғақ бола алады. Бұған тілімізге енген орыс тілі грамматикалық терминдері мен кейбір топонимдік атаулар толық дәлел.

Әсіресе орыс тілінің негізінде қойылған ойконимдер Қазақстан топонимдерінің ажырамас бөлігі боп саналаты. Жалпы Қазақстан топонимдері республикада қазақ-орыс, орыс-қазақ тілдерінде қолданумен қатар тұрақты қоғамдық қызмет атқарады.

Орыс топонимдері Қазақстанда көп болуының тарихи-әлеуметтік себептерінің ең бастысы — орыс халқының жер аударуы, қоныстануы деп айтсақ, оғаш болмайды. Орыс топонимдерін қазақ әдеби тілінде дұрыс айтып, бастапқы қалпын сақтап жазу белгілі бір нормаға түскен. Сол сияқты қазақ топонимдерін бұрмаламай қалпынша айтып-жазу да

— Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің мәдениеттілігіне тікелей байланысты жайт. Осы тұрғыда соңғы жылдары топонимдерді дұрыс айтып, дұрыс жазу нормасын қалыптастыру, олардың транскрипциясын бір ізге түсіру барысында да салиқалы жұмыстар жасалып жатқаны белгілі. Бұл ретте А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы атқарып жатқан жұмыстың маңызы айрықша.

Академик Ә.Қайдар және Т.Жанұзақовтар жазған "Қазақстан Республикасындағы өкімшілік-аумақтық және мемлекеттік атаулар мен елді мекен аттарын өзгертуді реттеу, тарихи атауларды қалпына келтіру туралы" Тұжырымдамасы Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия мәжілісінде талқыланған соң орталық "Егемен Қазақстан" және "Казакстанская правда" газеттерінде жарияланды (15-20 қыркүйек 1991 ж.).

Қазақстан топонимдерінің қоғамдық өмірдегі мән-маңызы, оның халықаралық деңгейдегі орны, әлеуметтік, мемлекеттік роліне ерекше мән берілді. 1993 ж. желтоқсанның 8 жұлдызында Республика Президентінің "Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" заңы қабылданса, 1995 ж. желтоқсанның 15 жұлдызында Қазақстан Үкіметінің жарлығымен бұған өзгертулер мен түзетулер енгізілді. Ал 1996 жылы наурыздың 5 жұлдызында Қазақстан Үкіметінің қаулысымен "Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық объектілер атауларын, мекемелер мен ұжымдардың, темір жол стансалары мен аэропорттардың аталу тәртібі" бекітілді.

Күнделікті тұрмыста, қоғам өмірінде мындаған топонимдер қарым-қатысқа түсіп, өз дәрежесінде қызмет жасайтыны белгілі. Олардың ана тілінде, сондай-ақ ресми орыс тілінде таңбаланып жазылуы, бір жүйеге түсіп зерттелуі кезек күттірмейтін мәселе болып саналады.

Олай болса, Республикамыздағы географиялық атауларды нормалау, стандартқа түсірудің егеменді жас мемлекетіміз үшін мәні айрықша зор. Қазіргі таңда еліміз жер жүзіне танылып, халықаралық байланысты күшейтіп, жер жүзілік мемлекеттерімен қоян-қолтық араласып, Қазақстан Республикасы халықаралық аренаға шығып отырған кезде бұл қасиетті де, маңызды шаруаны тиянақты түрде орындаудың мезгілі туып отыр. Осы жағдайды ескере отырып, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ономастикалық

зерттеулер тобының қызметкерлері 2001ж “Қазақстан Республикасының топонимдері. Топонимия Республики Казахстан” атты көлемі 25 баспа табақ еңбекті жарыққа шығарды.

ҚАЗАҚ ОНИМДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Тіл-тілдегі онимдердің барлығы да сөздік қорымыздағы жалпы есім сөздерден жасалады. Сондықтан да олар тілдің ішкі заңына бағынып, басқа сөздер сияқты тілдік нормаға тән келеді. Олай болса, жалқы есімдердің лексикалық құрамын жіті зерттеп, ғылыми талдау жасау, олардың әр дәуірге тән қабаттарын анықтау күрделі де маңызды мәселелердің бірінен саналады.

Ономастиканың қай тармағы болмасын тілдік (лексика-грамматикалық, фонетикалық) табиғаты жағынан біркелкі емес. Сондықтан да олардың құрамында таза қазақ (жалпы түркілік) сөздерден бөлек, шет тілдерінен енген (араб, парсы, монғол, орыс т.б) қабаттар бар. Әсіресе түсінігі қиын саналатын лексикалық қабат өз алдына бір топ. Бұлар негізінен тым көне дәуірлерге (орал-алтай тіл бірлестігі кезеңіне) тән болулары да ықтимал.

Ономастикалық лексика құрамындағы осындай лексикалық қат-қабаттар мен сырға толы қалың қатпарларды ғылыми жүйеде жіктеп, толық та жан-жақты талдау барысында ғана олардың құпия жайын аша аламыз.

МАҒЫНАСЫ КӨМЕСКІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЛЕКСЕМАЛАР

Тілімізде қалың жүртшылыққа мән-мағынасы түсініксіз, шығу тегі белгісіз антропоним, топоним, этноним және космонимдік лексикалар жүздеп кездеседі. Бұлардың құпия сыр-сипатын ашып, анықтау үшін халқымыздың көне тарихына зер салып, үніле ізденуіміз керек. Өйткені тіліміздегі жүздеген ономастикалық көне лексемалардың рулық, тайпалық және гайпалық одақтармен ұштас екені даусыз мәселе болса керек. Сол дәуірлерден сақталған атаулардың тарих дөңгелегімен ілесе жүріп, қазіргі дәуірге жеткені, қартайып, мүжіліп, түрлі өзгеріске ұшырап келгені кімге де болса аян. Сондықтан да ол лексикалық топтар халық, қоғам тарихымен, тарихи-мәдени оқиғалармен сабақтас та ұштас, берік байланыста жатыр.

Ономастикалық топтардағы көне лексикалық қабаттарды айқындау — тіліміздің тарихының арғы, ескі замандарға барып тірелетінін, тарихымыздың тым көнелігін көрсетер жарық айна. Қазіргі ономастикалық лексика қабаттарының бір сарасы орал-алтай дәуіріне, одан кейін көне түркі тіліне тән, тікелей қатысты болса, көпшілігі ортағасырлық түркі тілдеріне, оның ішінде, оғұз, қыпшақ тілдеріндегі лексикалардан жасалған болып табылады. Сонымен қатар араб, парсы, моңғол, орыс тілдеріндегі алуан түрлі лексикалық топтардан жасалған атаулар да аз емес.

Қазіргі Қазақстан жерінде қазақ халқын құраған, қазақ халқының арғы ата-бабалары саналатын тайпалар мен тайпалық одақтар өмір сүріп, тіршілік еткен. Тарихи деректердегі мәліметтерде Жетісудың шығысынан батысына, Сырдарияға дейін үйсіндердің біздің жыл санауымыздан бұрынғы II-I ғасырларда өмір сүріп, тіршілік еткені мәлім. Ол деректерді атақты синолог Н.Я.Бичурин, Н.В.Кюнер және Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерінен анық көреміз.

Үйсіндердің тілі түркі тілдес болғаны, ол кезде үйсіндермен қатар қаңлылардың да дербес мемлекет болып тұрғаны қытай жылнамаларында жазылған. Бұл тайпалардың тарихы мен мәдениеті археологиялық ескерткіштерден белгілі болып, ғылыми тұрғыдан толық дәлелденіп отыр. Сол кездегі үйсін және сақ мәдениеті жөнінде белгілі археологтар К.А.Ақышев пен Г.А.Кушаевтердің "Древняя культура саков и усуней долины р. Или" атты 1965 ж. жарияланған еңбектерінде толық деректер берілген.

Қоғамның өсіп-даму, өзгеруіне байланысты бұл тайпа тілдері де өзгеріп, ескі сөздер тілдік қолданыстан шығып қалып, жаңа дәуірлерде жаңа сөздер еніп, толысып, байып отырды. Бірақта тілдің актив қоры үздіксіз өзгеріске түсіп, өсіп, дамып отырғанымен оның пассив қоры жалқы есімдердің (ономастика) кейбір салалары көп өзгеріске ұшырамай, тұрақты түрде сақталып, біздің дәуірімізге жетті.

Көне заманнан, атап айтқанда, V-XII ғасырлардан келе жатқан қазақ тайпалары — алшын, қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, адай, керей, дулат, албан, суандар т.б. еді. Бұл тайпалардың бәрі де тайпалық диалектіде, ортақ түркі тілінде сөйлеген болатын. Осы тайпалардың негізінде XV ғ. аяғы XVI ғ. басында қазақ халқы, қазақ тілі қалыптасты.

Қоғамның өсіп даму, өзгеруіне байланысты бұл тайпа тілдері де өзгеріп, ескілері тілден шығып қалып, жаңа дәуірлерде жаңа сөздер еніп, байып отырды.

Сондықтан тілдің актив қоры өзгеріске түсіп отырды.

Тіліміздегі түсінігі қиын жалқы есімдердің тағы бір тобы скиф, сармат, соғды тілдерінен енген сөздер тобына қатыстылар болуы мүмкін. Олар ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға тарай отырып, бастапқы түр-тұлғасынан айрылып, күрделі фонетикалық өзгеріске түсу арқылы бастапқы мағыналарын жоғалтып отырған.

Ондай жалқы есімдердің этимологиясын ашу, талдап саралау қиынға соғады.

Түсінігі қиын ономастикалық лексикаларды антропоним, топоним, космоним, этнонимдер құрамдарынан көптеп кездестіруге болады.

а) Антропонимдер

Абасан, Абылай, Абылан (ов), Алпамыс, Батық, Бодан, Борсақ, Бөжей, Бөкей (ев), Бүке (ев), Бұқас, Дайыр, Дабай, Дамай, Дәркей, Додақ, Дубай (ев), Дүйіс, Есет, Ешей, Жабайхан, Жабаз, Жабал, Жадай, Жадан, Кеңгірбай, Күсен, Қармыс (ов), Қарпық (ов), Қожық (ов), Майқы (иев), Мампай, Манасбай, Масан, Менаж (ов), Мөңке, Ораз, Садыбай, Сақбай, Сатай, Сыбанқұл, Тарғын, Тоқай, Шүкей, Шолтыр (ов), Шотай т.б.

ә) Топонимдер

Алтай, Ертіс, Есіл, Ембі, Каспий, Арыс, Аса, Асы, Хантәңірі, Іле, Текес, Кеңгір, Ырғыз, Обаған, Тобыл, Ойыл, Қиыл, Сырдария, Қастек, Қаскелең, Дегерес, Торғай т.б.

б) Космонимдер

Космонимдердің (Ай, Аспан, Жұлдыз атаулары) көне дәуірден бары екінің біріне аян. Күні бүгінге *Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан, Көк* тәрізді атау сөздердің бастапқы мағынасы түсініксіз әрі белгісіз болғанымен жалпы заттық мағынасы түсінікті тұрады.

Жұлдыз атауларынан *Шолпан, Сүмбіле, Балпан* т.б. бастапқы тура, лексикалық мағынасы бұл күнде ұмыт болған, белгісіз. Осы атаулардағы *Шол+пан, Сүмб+і+ле, Бал+пан* деген морфемалардың беретін мағыналары жыға түсініксіз. Аспан әлемі туралы қазақ халқының ертедегі түсінігін айта келіп, Ш.Уәлиханов *Көж, Жетіқарақшы, Темірқазық* сөздерінің этимологиясын талдады.

Ай, жыл атауларының көбісі ескі, көне сөздер қатарына тән болғандықтан *Ғ.Мұсабаев* оларды архаизмге жатқызалы да: "Айдың ескі аттарының бәрін қазақ халқы ұмытқан-

дықтан, олар сөзсіз архаизмге жатады. Бұл атаулардың көпшілігінің этимологиясы белгісіз”, — деп жазды.

Автордың ескі ай аттары ретінде көрсеткендері мыналар: *Отамалы, Зауза, Көкек, Шілде, Тамыз, Қыркүйек, Қазан, Қараша, Желді, Тоқсан, Қаңтар, Ақпан, Наурыз*. Бұл ай аттары орнына кейіннен араб ай аттары айтылатын болған. Олар: *Хәмәл* (ар. Чәмәл), *Сәуір* (ар. Сәйяр), *Зауза* (ар. Чөвзе), *Саратан* (ар. Сәртан), *Әсет* (ар. Әсет), *Сүмбіле* (ар. Сүнбіле), *Мизан* (ар. Мизам), *Ақраб* (ар. Әкрәб), *Қауыс* (Гәбе), *Желді* (ар. Желды), *Дәлу* (ар. Дәль), *Хут* (ар. Худ). Бұл ай аттары Кеңестік дәуірде (1920-1992 ж.ж.) орыс тілінде айтылып келсе, еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғаннан бері қазақша, бұрынғы тарихи атауларымен аталып отыр.

Ш. Уәлиханов өз еңбегінде жұлдыздар туралы, олардың шығу тарихы мен мән-мағынасы жөнінде жан-жақты толық пікір айтты. Әсіресе *Аспан, Ай, Үркер, Жетіқарақшы, Шолпан* т.б. атаулары туралы толық талдау пікір айта отырып, олар туралы халық ұғымы мен наным-сенімдерден де мол хабар береді. Ғалымның терең де парасатты ой-талғамдарынан халқымыздың космология жайлы ұғымдарын, астрономиямен ерте заманнан таныс екенін аңғарамыз. Өйткені қазіргі заманда бізге жетіп отырған космонимдік атаулар талай ғасырдың жемісі. Ол халық тарихы, халық тілімен тікелей байланысты. Олардың бәрі бірдей біздің халық болып қалыптасу дәуірімізде пайда бола қоймаған. Керісінше, көне ежелгі замандарда, қазіргі түркі тілдес халықтар біртұтас ел болып тұрғанда, тіпті одан да арғы дәуірлерде пайда болған.

Космонимдердің лексикалық құрамы мен құрылымы, тегі жағынан әр алуан. Олардың бір парасы жоғарыда көрсеткеніміздей, мән-мағынасы күңгірттенген ескі, көне лексикалық топтарды құрайтын болса, басым көпшілігі ана тіліміздің байырғы төл сөздерінен, ал шағын, аз бөлігі араб, иран, орыс сөздерінен қойылып отырған.

Қолда бар нақты материалдарды топтастырғанымызда төмендегідей:

1. Ана тілімізге тән космонимдер: *Ай, Күн, Жұлдыз, Темірқазық, Жетіқарақшы, Құйрықты Жұлдыз, Сарыжұлдыз, Ақпажұлдыз, Қызылжұлдыз, Құсжолы, Қырыққарақшы, Теке, Сүмбіле, Жарықжұлдыз*; ай фазалары: *толы ай, ай толысты, ай арасы, ай қорғалады*; күн түрлеріне байланысты: *күн тұтылды, күн тоқырау, күн шықты, күн нұры, күн көтерілді, күн ашық, ашық күн, күнбатыс, күншығыс, күншуақ.*

2. Араб, парсы сөздерінен қойылған космонимдер: *Аспан, Әуе, Балпан, Сүмбіле, Зухра, Таразы (Жұлдыз)* т.т.

3. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілдерден енген космонимдік атаулар: *Вега, Капелла, Метеор, Планета, Космос, Пляда, Марс, Сатурн* т.б.

Космонимдердің жасалу үлгісі жалқы есімдердің (антропоним, топоним, этноним т.б.) басқа да түрлерімен ұқсас, сәйкес келеді. Олардың құрамында бір сөзден не екі, үш болмаса төрт сөздің тіркесуі арқылы жасалғандары да жоқ емес.

Космонимдердің жасалу тәсілдерімен қатар морфологиялық құрылымы және олардың шығу төркіні, яғни этимологиясы тілдік, тарихи-этнографиялық сыр-сипатқа толы.

в) Этнонимдер

Этнонимдер әрбір дәуірдегі қоғамның даму сатысын, оның идеологиялық жағдаяттарының тарихи көрінісін, тілдік негізін білдіретін құнды материал болып табылады. Сондықтан да ол тарих, этнография, философия және лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуге қатысы бар бай мұра бола алады.

Адамзат қоғамының өткендегі тарихи даму сатысына зер салсақ, қоғамдық бірлестіктердің алғашқы формасы ру, тайпа болғандығы мәлім. Ру, тайпа, тайпалық одақ, халық және ұлттың шығу, қалыптасу, даму кезеңдері — теориялық және практикалық мәні ерекше, тарихи-этнографиялық әрі фәлсапалық ірі проблемалар.

Этнонимдер тіл тарихы үшін аса қажетті, құнды материал болып саналады. Тіліміздегі этнонимдердің лексикалық құрамы әр түрлі. Оның ішінде ерте заманда, ортағасырдағылармен қатар кейінгі жаңа дәуірде пайда болғандар саны да аз емес. Біздегі ру мен тайпа, тайпалық одақ атауларының ішінде өз табиғаты мен тілдік сипаты жағынан ежелгі замандарға қатыстылары да көп. Тіліміздегі этнонимдердің басым көпшілігі халық тілінен, оның ішінде антропонимдерден қойылып отырған. Сондықтан да этнонимдер құрамында *антропэтнонимдер* саны басым болып келеді. Осымен қатар этноантропонимдер мен этнотопонимдердің де бары айқын.

Қазақ халқының қазіргі Қазақстан жерін ұзақ ғасырлар бойы мекендеген әр түрлі этникалық топтардан құрылғаны тарихымыздан белгілі. Оның құрамына біздің дәуірімізден бұрынғы III-II-I ғасырларда өмір сүрген қанлы, үйсін, қыпшақ, алшын, I-XII ғ.ғ. жалайыр, адай, дулат, арғын, найман,

керей, қоңырат сияқты тайпалардың тарихта ізі қалса, Қараханид дәуірі мен Қарлұқ, Оғуз замандарындағы ру, тайпалардың және кейбір монғол тайпаларының ауысуы тарихи деректерден мәлім. Олар туралы ортағасырлық тарихшылар Рашид-ад-дин, Әбілғазы Бахадур, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири еңбектерінен анық көреміз.

Көне этнонимдердің өуел баста "кісі", "адам" деген мағынадағы жалпы есім сөздерден қойылғаны бұрынғы ғалымдар еңбегінде айтылғаны мәлім. А.Н.Кононов "түрік этнонимі түркі тілдеріндегі "кісі", "адам", яғни *toro* "туу" деген мағынаны білдіретін сөз" деген пікір ұсынды. Немістер өздерін *deutsch* "адам", "халық", *ненец* этнонимі "адам", американ индеецтерінде: *мохеган* — "теңіз жағасындағы адам, халық", *омаха* — "озен ағысы бойындағы халық" деген мағыналарда қойылған деушілер бар.

Бұл пікірлерге қарағанда, тіліміздегі *үйсін* этнонимін "адам", "ел", "халық" мәнін білдіретін атау болар деп болжаудың реті бар сияқты. Атаудың бірінші сыңары *үй* > *үй* > *ой* сөздері арқылы жасалған этнонимдер түркі-монғол тілдерінде ерте замандарда кездесетінін дәлелдейтін деректер аз емес. Мәселен, *ойрат*, *оймауыт*, *ойғар* (*үйғыр*), *ойсын*, *үйсін* сияқты этнонимдер көне түркі тайпа атаулары. Бұл этнонимдер сыңарларындағы *ой* сөзі "орман", "тоғай" деген мағынаны білдірсе, оның екінші құрамындағы *сын-сін*, *шын* сөздерінің түпкі мағынасы орал-алтай тілдерінде "халық", "ел" мағыналарын білдіретіні ғылымда анықталған, басы ашық мәселе.

Ең алғашқы, бастапқы қоғамдағы ру, тайпа аттарының көне типі сол тайпалар көшіп-қонып жүрген тау, озен қол, сай-сала аттарынан қойылған, яғни *топонимиялық тип* деген пікірдің бары да белгілі. Алғашқы ру, тайпа аттарының енді бір тобы шығу тегі жағынан тотем мағынасын білдіретін сөздер болған.

Ондай тотем атаулардың көне түркі, қазақ тайпалары мен тайпалық одақтарында болғаны аян. Мәселен, *бұқа*, *шұбарайғыр*, *бура*, *теке*, *аю* т.т. қазақ ру, тайпаларының болса, қырғыздарда *буу*, *бери* (бөрі), *жағалмай*, *бағыш* (сары бағыш, қара бағыш), *торуайғыр*, башқұрттарда *айыу*, *йорман* (суыр), *бөсей* (мысық), *йылан* т.т.

Шығу тегі жағынан көне этнонимдердің бір тобы — лақап этнонимдер. Мысалы: *қара қаңлы*, *сары қаңлы*, *сары үйсін*, *шанышқылы*, *байұлы*, *таз*, *жетіру*, *қара қыпшақ*, *қаракесек*, *семіз найман*, *жуанбұт найман*, *шымыр*, *көкірек*, *шуылдақ*,

алгалы, қайшылы, ошақты, ойықты, шимойын, момын, жеті момын, қарауыл, сасық, құйысқансыз, жаулы, сарықасқа (рысбай), төртқара, ақкене т.т.

Қазақ этнонимдерін тарихи-этимологиялық, этнографиялық тұрғыдан зерттеген көлемді еңбектің бірі — жуырда ғана жарық көрген академик Ә. Қайдардың “Қаңлы” атты, көлемі 605 б. “Дайк-Пресс” 2004 ж. жаңа еңбегі тән.

Ру аттарының антропонимдерден (кісі аттарынан) қойылуы әсіресе орта ғасырда және кейінгі дәуірлерде, XVII–XVIII ғасырларда тым басым болғаны күні бүгінде жарық көрген көптеген шежіре кітаптарынан анық байқалады. Алайда ру атымен аталудың тоқталуы, руға бөлінудің жойылуы XVIII ғасырдың екінші жартысынан толастағаны тарихи деректерден толық байқалады.

АРАБ, ИРАН ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ОНИМДЕР

Қандай халық, ел болмасын, оның сөздік қоры көптеген ғасырдың тарихи жемісі болып саналады. Олардың құрамында төл сөздермен қатар екінші бір тілдерден енген кірме, бөгде сөздер болады. Басқа тілдерден сөз қабылдау — қазақ тіліне де тән құбылыс.

Араб, парсы тілінің сөз байлығы негізінде тікелей жасалған немесе ол тілдерден тілімізге енген ономастикалық лексемалар аз емес.

Араб, иран тілдерінен енген антропонимдер мен топонимдер тіліміздің заңына бағынып, алуан түрлі фонетика-морфологиялық өзгерістерге ұшырап отырды. Олардың аббревиатура, ассимиляция, аккомодация, апокопа, гаплогия жолдарымен субституцияға түсетінін байқау қиын емес. Екі я үш компоненттерден жасалған кісі аттарының бастапқы немесе соңғы компоненттерінің түсіп қалуы арқылы (апокопа) өзгеруі де жиі кездеседі. Мысалы: *Сәду* (Сәдуақас), *Сәкен* (Сейфолла), *Сейім* (Сейітбаттал), *Әсет* (Әсетолла), *Гүлсім* (Үмігүлсім), *Бәдеш* (Бәдігүлжамал) т.т. Бұл өзгерісті аббревиатураға да жатқызуға болады. Күрделі тұлғалы есімдердің арасындағы дыбыстардың яки буындардың түсіп қалуынан гаплогиялық өзгерістерге ұшырайды. Мысалы: *Рашид* (Рашид-ад-дин), *Шайхы* (Шайх-ул-ислам), *Нәсірден* (Наср-ад-дин), *Алмат*-Алимухамат т.б.

Дыбыстық өзгеріске ұшырау әсіресе жергілікті халық сөйленістеріндегі есімдерде басым болады. Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының тілінде билабиаль "б" және мұрын жолды сонор "м" орнына қатаң "н" әрпін қолдану жиі ұшырайды. Ол жерлерде Мақтагүл есімі *Пақтагүл*, Болат орнына *Полат*, Бәсен-*Пәсен* деу бар. Әдеби тілдегі еріндік "ү" дыбысы айтылған орындарда қысаң "ы" дыбысын алмастыру, әсіресе Шығыс Қазақстан тұрғындары тілдерінде жиірек. Мысалы: *Мықа, Мырат, Мысатай* (Мұқа, Мұрат, Мұсатай орнына).

Кісі аттарына тән дыбыстық өзгерістердің көбі *с/ш, с/з, к/г* дыбыстарының алмасуымен байланысты кездесіп отырады. Мысалы: *Әбілпейіз* (Әбілпейіс), *Гүлсім* (Күлсім), *Гүлжан* (Күлжан), *Гүлтай* (Күлтай), *Гүлжамал* (Күлжамал).

Араб, иран тілдерінен енгендердің халықтық этимологияға түсуі, әсіресе диалектілік ерекшелікке байланысты түрлі вариантта айтылуы көп ұшырайды (*Фали, Қали, Әли, Әлі, Алы; Жүніс, Жұныс; Жүсіп, Жұсып, Түсіп, Дүсіп, Нүсіп; Батима, Патима, Бәтима, Фатима; Айша, Ғайша, Қайша*). Көптеген есімдер тілімізге бейім болмағандықтан, сыңарларының бірі айтылмай, әдейі түсіріліп отырады (*Зүпілмәлік-Зұпан, Үмігүлсім-Гүлсім, Бәдігүлжамал-Бәдеш, Бейсенгали-Бейсен, Ахметолла-Ахмет*) т.т.

Дұрыс айтпау немесе қате жазу салдарынан фонетикалық варианттар мен дублеттер және жарыса қолданушылық пайда болған (*Ыдырыс, Едіріс, Ідіріс; Ескендір, Іскендір, Скендір; Ысқақ, Исхақ, Сқақ; Махамбет, Мұхамбет, Мұқанбет; Жанпейіз, Жампейіс, Жанпейіс*) т.т.

Алайда араб, иран тілдерінен енген сөздер мен кісі аттарының, этнонимдердің фонетикалық сәйкестігін өз алдына зерттеу қажет сияқты.

Иран тіліндегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі сәйкес дыбыстармен алмасатыны байқалады. Иран (тәжік) тілдеріндегі еріндік *о* дыбысы қазақ тіліндегі ашық дауысты езулік *а, ә*, дыбыстарымен алмасады. Мысалы: тәжікше *Достон, Мирзо, Мардон, Зибо, Шохназар, Мардон, Озот* дегендер қазақ тілінде *Дастан, Мырза, Мардан, Зиба, Шахназар, Мардан, Азат* тұлғаларында айтылып жазылады.

Артқы қатарлы *а* дауысты дыбысы қазақ тіліндегі алдыңғы қатарлы езулік *ә* және *е* дыбыстарымен алмасады. Бұл құбылыс көбіне біріккен тұлғалы кісі аттарында жиі ұшырайды. Бұндай алмасулар түркі тілдерінің біразына — башқұрт, татар, өзбек, әзербайжан тілдеріне тән, ортақ қасиет. Мысалы:

иран-тәжік тілдеріндегі — *Анвар, Дарманд, Лазат, Лайло* — қазақ тілінде *Дәрмен, Әнуар, Ләйла, Ләззат* түрлерінде айтылып, *a//ə* дыбыстарына ауысады. Араб тіліндегі *Камила, Жалила, Жамила, Сабира* — қазақ тілінде *Кәмила, Жәлила, Жәмилә, Сәбира* түрлерінде айтылады. Сол сияқты *Мадат* қазақша *Мәдет, Пари-Перизат* болып, ашық дауысты *a* еріндік *e* дыбысымен алмасады.

Араб тіліндегі келте дауысты *o* дыбысы қазақ тіліндегі еріндік *o, o, y, y* дауыстыларымен алмаса алады немесе сәйкес келеді. Араб тіліндегі *Ғамр* бізде *Өмір, Өміржан, Мохаммед* бізде *Мұкамбет, Қорбан-Құрбан, Қодай-Құдай, Мослим-Мүсілім* т.б.

Сол сияқты араб, иран тілдеріндегі созылыңқы дауысты *u* орнына қазақ тіліндегі *ы, і, у* дауыстылары сәйкеседі. Оны иран тіліндегі *Шоди, Пироли, Мирзо* — тіліміздегі *Шәді, Пірані, Мырза* болып аталуынан, араб тілдеріндегі *Абди, Ғалим*, есімдерінің қазақша *Әбді, Ғалым, Әзіз* болып таңбалануынан байқаймыз.

Созылыңқы дауысты *u* орнына қазақ фонемалары *ы, у, о* сәйкес келеді. Арабша *Харун, Қабул, Рустам* — бізде *Харон, Қабыл, Рүстем* тұлғаларында айтылады.

Алайда араб, иран тілдеріндегі *a* дауысты дыбысы, көптеген кісі аттарында, өзінің бастапқы қалпында өзгермей қалғаны байқалады. Ондай есімдер мен топонимдер және этнонимдер тілімізде жиі ұшырайды: *Азамат, Ақат, Алмас, Арзу, Асқат, Аршат* т.б. бұның толық айғағы.

Араб тіліндегі *tіc* пен ерін дауыссызы қатаң *ф* қазақтың *б* және *п* фонемаларымен сәйкеседі. Олар: *Бәтима, Патима, Пақыр, Бұхара, Пазыл* т.б.

Тандай арты қатаң *х* көбіне *г, қ* әрпіне ауысса, кейде бастапқы қалпында қолданылады. Мәселен, *Кұсайын* ар. *Хұсаин*, *Қасен* ар. *Хасен*, *Хасан* т.б.

Арабтың *d+d* комбинаторлық тіркес дыбыстары қазақ тілінде қатаң *т* формасына ауысады. М.: *Ғайнетдин, Зейнетдин, Нүретдин* т.т.

Араб тіліндегі көбіне сөз соңындағы *д* ұяң фонема түркі тілдерінің көбіне қатаң *т* дыбысына ауысып отыруы түркі тілдерінің құрылысы мен ішкі заңдылығына байланысты екені шүбәсіз.

Бұл тәрізді дыбыстық өзгерістер, алмасу заңдылықтары кісі есімдерінде басым болса, топонимдер мен этнонимдерде әлдеқайда аз кездеседі. Өйткені араб, иран тілдерінен

қойылған жер-су аттары мен этнонимдер өте аз ұшырайды. Тіліміздегі жер-су аттары, әсіресе физикалық-географиялық атаулар ана тіліміздің төл, байырғы сөздерінен қойылып отырған. Олардың көшелері көне түркі, ескі ру, тайпа тілдеріне тән боп келеді.

Бұл құбылыс тіліміздегі этнонимдерге де дерлік тән.

Топонимдер мен этнонимдердің әр түрлі фонетикалық варианттарда кездесуі, біріншіден, олардың әр жерде, әр түрлі аталуымен байланысты болса, екіншіден, сол рудың немесе тайпаның даму сатысына да қатысты.

Осымен қатар, ондай фонетикалық өзгерістің бірі көне этнонимдік материалдарға, яки тілдік құбылыстарға байланысты болса, екінші бір ұшы араб, иран тілдерінен басқа да тілдерден жасалған этнонимдер мен топонимдерге, олардың дыбысталуына, сөйлеу тілдегі қолданылу ерекшелігіне де тікелей сәйкес болып отырады.

Ономастикалық лексиканың фонетикалық өзгерістері болсын немесе басқаша тұлғада айтылуымен байланысты жағдаят болсын, ерекше назар аударатын мәселенің бірі — олардың морфологиялық құрылымы болып саналады.

Араб, иран тілдерінен енген ономастикондар құрамы жағынан әр түрлі ұғымды, алуан түрлі мағынаны білдіреді. Оларды семантикалық тұлғасына зер сала қарасақ, антропонимдердің бір тобы дін мен дін иелерінің есімдерінен қойылса, басым тобы араб тілі лексикалық қорына тән сөздерден, астрономиялық атаулардан жасалғанын байқаймыз.

Араб, иран тілдерінен тікелей енген немесе арнайы қойылған, тілдік негізде жаңаша жасалған ономастикондар:

I. Антропонимдер

а) діни есімдер: *Мұхамбет, Әли, Оспан, Омар, Айша, Фатима, Аллажар, Абдолла* (варианттары: *Әбділда, Фабдолла, Қабдолда, Қабділдә), Харон, Жүніс, Сүлеймен* т.б.

ә) араб, иран тілдеріндегі жалпы есім сөздерден қойылған есімдер: *Абыз, Азамат, Азат, Ақат, Асан, Алмас, Анар, Арзу, Аршат, Жамал, Жәмила, Нұржан, Нұрия, Нүргүл, Гүлжан, Жан, Зиба, Зибагүл, Сәния, Шәріп, Мұхит* т.б.

II. Этнонимдер

Айт, Ақан, Ақылбек, Асан, Әжиахмет, Базар, Дәуіт, Жангазы, Дасым, Қожа, Құдайке, Қыдыр, Мәмбет, Мырза, Мұрат, Назар, Рамадан, Садыр, Сымайыл т.т.

III. Топонимдер

а) иран тілдерінен алынғандар: *Дансары, Данблан* <ир.

танг, данги — "шат", "каньон", Басқамыр < ир. қамар, кемер, кемир — "тау етегі", "еңіс", "төбе", "жота". Бетпақдала < Бетпақ < ир. бад, бах "бақытсыз", < ир. bad — "жаман", "нашар", bake — "жандыру, күйдіру". Бетпақдала — "аса ыстық, жаман шол дала, жаһан дүз". Болат — тау, Данблан < ир. танг — "шат", "каньон", блан//баланди — "жота", "дөң", Дансары, Дараты < ир. дере — "шат", "сай", "тау қыспағы", Дария < ир. дерья — "теңіз", "көл", Сеңгір — "тау", Ават — село.

Ә) араб тілінен қойылған антропотопонимдер: Қожа — елді мекен аты, Қожатау, Медине — өзен, Мешім — бұлақ аты, Мұхтар — елді мекен, Намаз — елді мекен, Нұржан — елді мекен, Нұрмағамбетши, Омар — күрғ. өзен аты, Оспанағаш, Оспансай, Ұлақ — жер т.б.

МОНГОЛ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДЕН ҚОЙЫЛҒАН ТОПОНИМДЕР

Қазақ тіліндегі монғол тілдеріне тән сөздер мен жер-су аттарына байланысты Ф.Ф. Мұсабаев, Ш.Ш. Сарыбаев, Ф. Қоңқашбаев, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Г. Сағидолдақызы еңбектерінде біршама мағлұматтар бар.

Монғол тілдерінен қойылған онимдердің күрделі тобы — қазақ тіліндегі кісі аттары. Ондай антропонимдерді ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөліп қараймыз. Бірінші топқа тоң санататындар монғол тілінен тікелей ауысқандар. Мәселен, Ножи, Ножер (бек), Сайын (жаксы), Жайсаң (бек), Баян, Ойрат, Сыпатай, Жамбыл, Қапшағай, Шона, Сая, Лашын сияқтылар болса, екінші топтағы антропонимдер қазақ, монғол тілдеріне ортақ сөздерден жасалған антропонимдер. Олар туыстық терминдер, мал атаулары мен күнделікті тұрмыстық сөздерге және әртүрлі зат атауларына қатысты сөздерден қойылған антропонимдер: Бауыржан (монғ. боор), Нағашыбек (монғ. нағса, нағашы), Бәләбай (монғ. бәлә), Құдабай (монғ. Қудғи), Ақабай (монғ. аха — "үлкен аға"). Үй хайуандары аттарынан қойылғандары — Бұқа (монғ. бұқа), Дөненбай (монғ. дөне), Құлманбай (монғ. гүнан), Бұра (монғ. бұгура), Серке (монғ. серке). Аспан, ай, жұлдыз, ауа райына байланысты сөздерден: Тенірберген (монғ. тырғи), Сара (монғ. сара- "ай"), Боржан (монғ. борутан), Ардай (монғ. ұр — "тан икапағы"), Жымықсиді (монғ. жіл) т.б.

Монғол сөздерінен қойылған есімдер ерте кездерде қазіргіден көбірек болса керек. Өйткені ертеректегі кейбір тарихи материалдарда олардың біраз көрінісі байқалады.

Монғол тілінің лексикасынан қойылған кісі, ру және жер-су аттары талай ғасырдың куәсі. Олардың бір тобы екі тілге ортақ сөздерден болса, бір тобы монғол дәуіріне тән, екі халықтың қарым-қатынасы берік аралас, іргелес отыруымен, әсіресе монғол үстемдігімен тікелей байланысты болғаны тарихи шындық жайт.

Тілімізде монғол тіліне тән жер-су атауларының жалпы саны екі жүзге жетеді деген пікірді осыдан қырық жыл бұрын географ ғалым Ф.Қоңқашбаев айтқан еді. Олардың жалпы тізімін көрсетіп жатпастан біршама атауды мысал ретінде көрсетсек, олар мыналар: *Бұрқан-тау, Байынқол-өзен, Бақсұқ, Баянжүрек-қырат, Дабысын, Бақсай, Басдересін, Бастуайт, Долагай, Толагай, Нұра, Сүмбе, Манақа, Шаган, Шабарты, Қалмақкөл, Қалмақты, Шабырлы, Күрті, Мұқыр* т.б.

ОРЫС ТІЛІНЕН ЕНГЕН ОНИМДІК ҚАБАТТАР

Орыс тілінен енген онимдердің лексикалық құрамы тілімізді байытқаны ғылыми тұрғыдан толық дәлелденген.

Ал топонимдер мен антропонимдер туралы айтқанда орыс тілінің игі әсері ұмыт қалған емес. Антропонимдер мен топонимдердің ауысу құрылысы — жер жүзі халықтары тілдерінде жиі кездесетін актив құбылыс.

Бұндай алмасулар мен ауысулар әртүрлі тарихи қоғамдарда мәдени қарым-қатыстық себеп-салдарына сай болып отырған.

Қазақ халқы ерте кезден-ақ өз көршілерімен тарихи, мәдени, сауда-саттық байланыстар жасап, қоян-қолтық аралас отырған. Бұл жағдайлар сайып келгенде, қазақ мәдениетінің, сондай-ақ ана тілінің дамып, байи түсуіне игі әсер еткені белгілі.

Қазақ халқының ономастикалық жүйесінің жетіліп, құрамының баюына орыс тілі айтарлықтай ықпал жасады.

Орыс тілінің сөз байлығы арқылы жасалған немесе тікелей қабылданған есімдер сөйлеу тіл мен ресми құжаттарда XVIII ғасырдан бастап кездеседі. Мысалы: *Андре* (Андрей есімінің нұсқасы), *Мекәйіл* (Михайил), *Мариям* (Мария), *Анна, Капитан, Жандарм, Жандарал* (Генерал), *Жагор* (Егор), *Капитан, Майыр* т.б. Сол XVIII-XIX ғасырларда жалпы есім сөздерден қойылған қазақ есімдері де болған еді. Бірақ олар ірі дыбыстық өзгеріске ұшырап, бастапқы тұлғасынан өзгеше айтылып, басқаша жазылған. Мысалы: *Болатнай* (Булатный),

Сәтен (Сатин), *Болысбек* (волость), *Бәтес* (батист), *Қампит*, *Кәмпит* (конфета), *Шәйнек* (чайник) т.б.

Орыс тілінің сөз құрамы арқылы немесе өз қалпында қабылданған есімдер Кеңес дәуірінде ерекше етек алды.

Кеңестік дәуірдегі коммунистік идеология негізінде қабылданған есімдер мыналар:

а) әйел есімдері: *Анна, Аня, Анастасья, Валентина, Зоя, Лиза, Лида, Катя, Светлана, Нина, Муза, Лила, Лариса, Роза, Римма, Рита, Тамара, Ольга, Раиса, Любовь* т.т.

ә) ерлер есімдері: *Алексей, Андрей, Виктор, Валерий, Максим, Мирон, Денис, Ефим, Ждан, Клим, Сергей* т.т.

Орыс тіліндегі географиялық атаулардың қазақ жерінде пайда бола бастауы XVIII ғ. I жартысынан басталып, XIX ғ. II аяғына дейін орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударып, тұрақтауымен тікелей байланысты болды. Бұл кезеңдерде қазақ жерін тұтастай отарлаған патшалы Ресей тарапынан мыңдаған елді мекен аттары орыс сөздерінен не орыс есімдерінен қойылып отырды. Бұл сорақы үрдіс әсіресе Кеңестік дәуірде кеңінен етек алып, үдей түсті. Қазақ жеріне орыс келімсектерінің ағыла келуі салдарынан жүздеген, мыңдаған тарихи ұлттық атаулар жойылып, олардың орындарын орысша атаулар басып алды. Әсіресе 1954 ж. тын және тыңайған жерді игеру саясатына байланысты Ресей жерінен көшіп келген миллиондаған орыс ұлттылар өздері қоныстанып, мекендеген жерлерге жаңадан ат беріп, айлар тақты, болмаса өздері көшіп келген елді мекендер мен қалалардың аттарын қойып отырды.

Бұл жайсыз іспен күресу қытышынан қан тамған қаһарлы Кеңес дәуірінде мүлдем мүмкін емес еді. Тек 1990 жылдары Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құру барысында ғана атауларды реттеу, өзгерту, жүздеген тарихи атауларды қалпына келтірудің мүмкіндігі туды. Бұл игілікті де мүдделі іс қарқынды түрде, тоқтаусыз алға жүре бермек.

ОНОМАСТИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІК БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМНЫҢ БАСҚА САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Жалпы есімге қарағанда жалқы есімнің өзіндік ерекшелігі де, жасалу айырмашылығы да бар. Жалпы есім сөздер жалпылық ұғымды білдірсе, жалқы есімдер, керісінше, дара

ғана бір заттың аты болып саналады. Әдетте өзінің семантика-грамматикалық құрылысы мен тарихи көнелілігі, тұрақтылық қасиеті жағынан жалпы есімге қарама-қарсы атаулар жалқы есімдер болып саналады. Сондықтан да синтаксистік, морфологиялық, фонетикалық жағынан тіліміздің заңы мен нормасына бағынышты келеді. Өйткені, олар негізінен жалпы есім сөздерден жасалады.

Ал жалпы есім сөздер сөз өзгерту, сөз түрлендіру қасиеттеріне бейім тұрады.

Ономазиология тіл білімінің күрделі саласы этимологиямен, өте-мөте тарихи-салыстырмалы лексикамен тығыз бірлікте, берік байланыста тұрады.

Әйтсе де тілдің жалпы есімдерге тән барлық қасиеттеріне жалқы есім, немесе керісінше, жалқы есімге тән экстралингвистикалық, социоллингвистикалық факторлар жалпы есімдерде бола бермейді. Қалайда бұлар өзіндік ерекшеліктер мен айырмашылықтарға ие келеді.

Бұл әсіресе антропонимия, топонимия, этнонимия өмірінен жиі байқалады. Кісі аттары әртүрлі формаға түсіп, құбылғыш, өте бай деминутивтерге ие келеді.

Мысалы: Мақамбет — *Мақаш, Мақатай, Мақан, Мақа, Мәке, Мақмет, Мұқамбет, Мұқамет*; Гүлсім — *Гүлтай, Күлеке, Гүлеке, Күліш*; Шаймерден — *Шөкен, Шөке, Шәкітай, Шәкіш* т.б.

Мұндай деминутивтік қасиет топонимдерде өте сирек болады. Жалқы есімдердің бойына тән тағы бір ерекше қасиет — жалпы есімге ауысып отыратындығы. Мәселен, *Қарабай, Қарынбай, Шығайбай, Шіңкілдек* т.б.

Бұлардың кісі аттарынан жалпы есімге ауысып кеткендігі өз-өзінен белгілі болып тұр. Көбіне көркем әдебиет пен фольклордағы кейбір жалқы есімдердің жалпы есімге ауысып, халық арасында кеңінен қолданыс табуы әрқашан байқалады. Мәселен, *Мырқымбай* (кім болса сол), *Қодар* (дөкір, қара күш иесі), *Итбай* (саран, пасық ретінде), *Мәжнүн* (есалан, есуас), т.т.

Ал топонимдердің жалпы есімдермен салыстырғанда көптеген аражік, айырмасы бар. Айталық *Шымкент* деген топоним бір ғана географиялық объектіні атап көрсетеді. Ал жалпы есім сөз болса, бір ғана зат атауы болып қоймай, заттың мән-мағына, ұғымын да білдіреді. Оған дәлел, *аудан* деген сөз бір ғана географиялық мағына білдірерлік қасиетке ие болып отырады (аудан — елді мекен, шаруашылық, өндіріс,

онеркәсіп, мекеме, ұйым т.б. бағынатын әкімшілік орталық).

Топонимдер мен жалпы есімдер арасында стилистикалық, грамматикалық, лексикалық, синтаксистік (тіркесу амалдары) жағынан айырмашылықтар мен ерекшеліктер басым келеді.

Ономастика — тілдің сөз байлығы, сөздік қормен жалпы лексикамен тығыз бірлікте, берік байланысты. Ол осымен қатар, тарих, этнография, этнология, география және эстетика, әдебиеттану, философия, биология сияқты ғылымның белді салаларымен үнемі байланыс, бірлікте. Бұл көрсетілген ғылымдармен бірлікте болғанымен ономастика лингвистикалық пән боп есептеледі. Өйткені оның зерттейтін негізгі объектісі — сөз.

Ономастиканың ғылымның басқа салаларымен тығыз байланысты болуының негізгі себептері неде? деген мәселені анықтау қажеттілігі даусыз. Ол, ең алдымен, ономастикалық материалдардың әр түрлі құбылыстармен, атап айтқанда, тілдік және тілден тыс факторлармен байланысты болуы.

Ономастиканың басқа ғылымдармен байланысын, яғни этнонимия материалдарын тарихшы, археолог, лингвисттер еңбектерінде кеңінен пайдалануға болатынын поляк ғалымы В. Тащицкий мен орыс тілші-ғалымы А.А. Реформатский айтқан болатын.

Жалпы тіл білімі, оның бір саласы ономастика тек қоғамдық ғылымдармен ғана жанасып қоймай; әдебиет, мәдениет, география, психология, геология, зоология ғылымдарымен де ұштасып, байланысып жатады.

Бұл мәселе орыс және шетел ғалымдары еңбектерінде де біршама дәйекті баяндалған. Ол жөнінде А.И.Соболевский, А.М.Селищев, А.А.Реформатский; чех ғалымдары: Г.Иречек, К.Каллец; поляк ғалымдары: В.Ташницкий, Т.Войцеховский, Ф.Пекасинский пікірлері толық дәлел.

Топонимдердің тарихи зерттеулерге қосар үлесі де аз емес. Антропонимдер мен этноним, топонимдердің көптеген тарихи, мәдени мағлұмат берері жөнінде деректер де мол. Олар арқылы халықтар арасындағы мәдени қарым-қатысты, туыстық байланысты да байқауға болады. Ономастиканың бұл салаларына басқа ғылымдардың өкілдері де назар аударған. Тарихшы, этнограф, археологтармен қатар жаратылыстану мамандары да жер-су, ру, тайпа, халық атауларын өз жұмыстарында кеңінен пайдалануда. Польшада қазіргі кезде жоқ болып кеткен, тек аты сақталып отырған өсімдіктер мен хайуандардың өмір сүрген жерін, шегін ажыратуда да

жер-су аттары кеңінен қолданылған. Польша жерінде *зубрдың* ерте замандарда көп болғанын биологтар қазіргі кезде *Зубр* аталатын жер аты арқылы дәлелдеген. Сондай-ақ Польшада *Бука* және *Тиса* деген жерлердің шекарасын ажыратуда осы сөздерден жасалған атаулардың зор көмегі болғаны В.Тацицкий еңбегінен мәлім.

Мұндай деректі қазақ жерінен де анық көруге болады. Алматы облысы Райымбек ауданында *Темірлік* деген жер және өзен аты бар. Тарихшылар мен геологтардың мәлімдеуі бойынша, көне дәуірде бұл жерде темір қорытылғаны анықталған. Жергілікті тұрғын халықтың ол жерді сондықтан да Темірлік атағаны байқалады. Сол сияқты Қарағанды облысында *Жезді* аталатын жерде де көне замандарда жез өндірілгені анықталды. Ол жердің *Жезді* аталуының себебі де сол тарихи жағдаймен тікелей байланысты болған. Сол сияқты көптеген өсімдіктердің не дақылдардың пайда болуы да соларды ойлап тапқан адамдардың есімдерімен байланысты болғаны мәлім. Мәселен, Жетісу аймағында, дәлірек айтқанда, Үлкен Алматы өзені бойын мекендеген *Алма* есімді кісінің XVIII ғ. өмір сүргені. Оның жүздеген жеміс-жидек, алма ұрықтарын өсіргені, өсіресе *Құлжа* аталатын алма сортының күні бүгінге жеткені тарихтан мәлім. Бұл кезде ол кісіні қазақтың Мичуріні деп айтуымыз да орынды болмақ. Ол кісі атымен аталған *Алмаатасай*, *Алмаарасан*, бұл күнде сақталып отыр.

Қазақстан картасында, сондай-ақ көптеген ру, тайпа, кісі аттары кездесіп отырады. Бұның өзі ерте замандарда ол жерлерде қазірде аты сақталмаған немесе қазірде қазақ халқын құраған ру-тайпалардың мекендегенін көреміз. Мәселен, Алматы, Жамбыл облыстарында *Меркі*, *Мерке* деген жер, өзен аттары, *Меркімбай* деген кісі есімдері бар. Осы *Меркі* және *Мерке* аталатын жерлер — қарағайлы, ну таулы аймақ, өзендері таудан құлай сарқырап ағып жатыр. Ертеде оның белгілі бір ру не тайпа атымен аталып отырғаны мәлім. Әрине, осы *Меркі*, *Мерке* аталатын жерлерде орта ғасырда өмір сүрген *Мерке*, *Меркіт* руы тұрып, мекендеген деуге толық дәлел бар. Бұл сияқты көне ру, тайпа аттары сақталған жерлер (жер-су аттары) ағайын, бауырлас түркі халықтары карталарында аз кездеспейді. Оның бір куәсі — Шығыс Алтай, Сібір жерлеріндегі *Аргун*, *Кан* өзендері (оларды қазіргі арғын, қаңғы тайпаларының есімдерімен байланысты деуші ғалымдар да бар).

Ономастиканың зоология, биология ғылымдарымен қатар философия, геология, психология ғылымдарымен байланысы жан-жақты да терең ғылыми негізде зерттеуді қажет етеді. Қазір бұл салада биологтар мен геологтардың, зоологтардың шағын-шағын мақалаларынан басқа қомақты зерттеулер дүниеге келмей жүр. Сол сияқты ономастиканың көркем әдебиетпен, тарих, этнография ғылымдарымен байланысы да — қазақ ономастикасында әлі қалам тимеген тың жатқан мәселелер.

Ономастиканың негізгі бөлімдері: антропонимика мен топонимика және этнонимика, фитонимика, космонимика, зоонимика араларындағы байланыстар, оларды тарихи-этнографиялық зерттеулерде пайдалану мәселелері ғалымдар назарынан тыс қалған емес.

Этнонимиканың антропонимика және топонимикамен тығыз байланысты екенін нақтылы материалдардан анық коруге болады. Этнонимдердің басым көпшілігі — әуел бастағы антропонимдер (ру басы немесе сол рудағы беделді де белгілі адамдардың аттары). Ру, тайпа аттарының қазақ тарихында атқарар мәні ерте кездерде зор болғаны тарихтан мәлім. Бұл күнде ру аты жоқ, тек ертеректегі ру аттары ғана шежірелерде сақталған. Жалпы ру атының қойылу дәстүрінің ең соңғы уақыты 100-150 жыл бұрын тоқталған деп қарауға толық дәлел бар. Осы күнге жетіп отырған 16-17 атаның осыдан 100-150 жыл, бәлкім одан да бұрын бір рудан тарағаны, одан кейін ру атымен аталу дәстүрінің тоқталғаны қазақ тарихынан белгілі.

Топонимдерден, яғни жер-су аттарынан ру, тайпа аттарының қойылуы сирек кездесетін құбылыс. Оған керісінше, жер-су аттарының ру, тайпа аттарынан қойылып отыруы жиі кездесетін, халық тарихына тән оқиға. Оны ономастикалық зерттеулерде **этнотопонимика** деп атайды.

Сайып келгенде, ономастиканың көптеген ғылымдармен байланысты екендігін, ол байланысты дәлелдеп, айқындаудың теориялық та, қолданбалық та маңызының зор екендігін көреміз.

II-бөлім. ОНОМАСТИКАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МӘНІ, ҚОЛДАНУ АЯСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ (ДЕРЕКТЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР)

Бұл бөлімде Республикада ономастикалық жұмыстарды реттестіруге байланысты іс-шаралар туралы деректер, құжаттар, ономастика саласы бойынша жарық көрген еңбектер мен қорғалған диссертациялар туралы анықтамалар келтірілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының құрылуына А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, оның ономастика бөлімінің тікелей қатысы болды.

1983–1989 жылдары тарихи атауларды қалпына келтіру, географиялық атаулардың бұрмаланып, қате жазылып жүргендерін бірізге, жүйеге түсіру, кейбір атауларды өзгерту жайлы жоғарғы басшы, билік орындарына еңбекші халықтан талап-тілектер көптеп түсіп жатты. Республикалық бұқаралық ақпараттарда (газет-журнал, радио, теледидарларда) бұл жайында мақалалар жүздеп жарияланды. Бірақта жоғарғы жақта отырған лауазымды басшылардан ешқандай мардымды жауап болмады. “Жабұлы қазан жабуымен” қалып, пәтуалы шешім қабылданбады.

Желтоқсан оқиғасынан соң бұл жайлы пікір айту да өте қиын жайт еді. Оның үстіне бұл кезде қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуі жайында да айтыс-тартыстың қызып тұрған кезі болатын.

Ауыр да қиын жағдайды сезе отырып, ономастика бөлімі, оның меңгерушісі ф.ғ.д., профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Т.Жанұзақов Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары В.В.Сидороваға Мемлекеттік ономастика комиссиясын құрудың қажеттілігін, оның мақсаты мен міндетін, мемлекеттік мәні мен маңызын кеңінен сипаттап хат жазды.

* * *

Заместителю Председателя Президиума
Верховного Совета Каз ССР
Тов. Сидоровой В.В.

В 1972 году при Президиуме Верховного Совета республики создана комиссия по географическим названиям Казахстана. Однако данная комиссия работала нерегулярно.

В последнее время не состоялось ни одно заседание комиссии. Как известно, за последние два года на страницах республиканских газет и журналов часто стали появляться статьи о переименовании некоторых исторических городов и населенных пунктов республики. Участились письма и жалобы трудящихся о неправильном написании и транскрипции, как географических названий, так и имен, фамилий, а также названий учреждений, организаций, предприятий, министерств.

Отделы ЗАГСов, работники сельских и районных, областных Советов народных депутатов, юриспруденции, связи и транспорта, работники сельского хозяйства республики часто обращаются в Институт языкознания АН КазССР за консультацией о правильном написании и транскрипции топонимов, антропонимов, названий в различных документах, наименований учреждений, организаций, предприятий, кличек сельскохозяйственных животных и пр. как на казахском, так и на русском языках.

Все эти разделы ономастики — топонимы (географические названия), антропонимы (личные имена, фамилии, отчества, псевдонимы), зоонимы (клички сельскохозяйственных животных), документонимы (названия документов), эргонимы (названия учреждений, организаций, предприятий и др.) тесно связаны с жизнью человека и обществом. Они являются памятниками истории, языка и национальной культуры, имеют научно-общественное и государственное значение.

Актуальной является проблема межязыковых аспектов функционирования казахских и русских топонимов Казахстана, а также личных имен, фамилий жителей республики в условиях двуязычия и в процессе делопроизводства. Правильное написание, разработка научной транскрипции ономастических систем, переименование и наименование новых населенных пунктов являются одной из насущных задач.

Учитывая научно-практическое и общественно-политическое, общегосударственное значение данной проблемы, еще в 1950 году при ЮНЕСКО организован Ономастический комитет, который ежегодно выпускает журнал "Онома" и регулярно через три года проводит международный конгресс по ономастике, где принимают участие ученые всех стран мира.

Например, на XIV Международном конгрессе по ономастике, проходившем в 1978 году в Кракове (ПНР)

принимали участие делегации 28 стран мира, в том числе и из Советского Союза, на XV конгрессе в Лейпциге (ГДР) в 1984 году — 32 стран мира. XVII Международный конгресс будет проходить в Хельсинки в 1990 году, где я приму участие в составе делегации советских ученых.

Ономастические комиссии, созданные в республиках нашей страны (РСФСР, Украине, Белоруссии, Грузии, Узбекистане, Азербайджане, Молдавии, Латвии, Эстонии, Татарии, Башкирии), работают плодотворно. В Москве 17-20 апреля с. г. пройдет Всесоюзная научно-практическая конференция “Исторические названия-памятники культуры”, а также республиканские конференции “Ономастика Узбекистана” (15-20 сентября 1989 г.) и “Ономастика Поволжья” (октябрь 1989 г.).

Во многих странах мира издаются специальные журналы по ономастике (ПНР, ГДР, ЧССР, Болгарии, Югославии, ФРГ, Франции, Италии, Бельгии, Австралии, США, Англии, Испании).

В связи с постановлением ЦК Компартии Казахстана и Совета Министров республики об изучении казахско-русского языков, а также с введением двуязычия в делопроизводство назрела необходимость стандартизации и унификации написаний, переименований и наименований географических названий республики, а также имен и фамилий людей, наименований учреждений, организаций, предприятий и ведомств, министерств, выпуск в свет различных двуязычных и национальных ономастических словарей, а также исследований по ономастике Казахстана.

Поэтому было бы целесообразным организовать на базе бывшей комиссии по географическим названиям новый комитет по ономастике при постоянной комиссии по вопросам национальных и межнациональных отношений Верховного Совета Казахской ССР или при Президиуме Верховного Совета республики.

Зав. отделом ономастики Института
языкознания АН КазССР, доктор
филологических наук, лауреат
Государственной премии
Казахской ССР

Джанузаков Т.

15 февраля 1989 г.

Мәселенің қойылысын, істің мән-жайын түсінген В.В.Сидорова қарауындағы бөлім секторына тапсырма беріп, оны орындау барысына Т.Жанұзақовты қоса жегіп, тиісті шараларды атқаруға басшылық етті. Бұл мәселе тиісті, аса қажетті материалдар жиналып болған соң Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде баяндама жасау Т.Жанұзақовқа жүктелді. Сөйтіп 1989 жылы 30 қарашада Жоғарғы Кеңес мәжілісінде Т.Жанұзақов баяндамасы кеңінен талқыланып, Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастика комиссиясын құру, оның жұмысын Ұлттық Ғылым академиясының А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі Институты атқару жайлы шешім қабылданды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің осы шешіміне сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі 20 сәуір 1990 жылы N156 санында Мемлекеттік ономастикалық комиссия құру туралы қаулы қабылдады.

Онда комиссия құрамы, комиссияның ережесі қоса бекітілді (сол қаулының түпнұсқасын төменде арнайы беріп отырмыз).

* * *

СОВЕТ МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР
П О С Т А Н О В Л Е Н И Е
От 20 апреля 1990 г. N 156
Алма-Ата, Дом Правительства
О СОЗДАНИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ
ОНОМАСТИЧЕСКОЙ КОМИССИИ ПРИ СОВЕТЕ
МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР

Совет Министров Казахской ССР п о с т а н о в л я е т :

1. Создать Государственную ономастическую комиссию при Совете Министров Казахской ССР (Казономком).

Утвердить состав указанной Комиссии согласно приложению.

2. Возложить на Государственную ономастическую комиссию при Совете Министров Казахской ССР в установленном порядке решение вопросов, связанных с возрождением национальной топонимики как важного свидетельства истории и духовной культуры народа, а также по унификации и стандартизации географических названий, упорядочению историко-географических наименований административно-территориальных единиц, населенных

пунктов, их составных частей и других ономастических категорий.

3. Установить обязательное согласование с Государственной ономастической комиссией при Совете Министров Казахской ССР при наименовании, переименовании административно-территориальных единиц, населенных пунктов и уточнении транскрипции их названий, а также при заимствовании названий физико-географических и геологических объектов.

4. Утвердить прилагаемое положение о Государственной ономастической комиссии при Совете Министров Казахской ССР.

5. Министерству юстиции Казахской ССР в месячный срок представить в Совет Министров Казахской ССР предложение о внесении необходимых изменений в решения Правительства Казахской ССР, вытекающих из настоящего постановления.

Председатель Совета Министров
Казахской ССР

У.Караманов

Управляющий Делами Совета Министров
Казахской ССР

Д.Селиванов

* * *

ПРИЛОЖЕНИЕ

к постановлению Совета Министров
Казахской ССР от 20 апреля 1990г. N56

СОСТАВ

Государственной ономастической комиссии при
Совете Министров Казахской ССР

Омербаева К.С. —	заместитель Председателя Совета Министров Казахской ССР (председатель комиссии)
Кайдаров А.Т. —	директор Института языкознания им. А.Байтурсынова Академии наук Казахской ССР (заместитель председателя комиссии)
Козыбаев М.К. —	директор Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Валиханова Акаде-

	мии наук Казахской ССР (заместитель председателя комиссии)
Джанузаков Т.Д. —	заведующий отделом ономастики Института языкознания им. А.Байтурсынова Академии наук Казахской ССР (ученый секретарь комиссии)

Члены комиссии

Абдрахманов А.А. —	ведущий научный сотрудник отдела ономастики Института языкознания им. А.Байтурсынова Академии наук Казахской ССР
Абдрахманов С.А. —	старший научный сотрудник Института географии Академии наук Казахской ССР
Ахметалимов А.А. —	директор Информационного агентства при Совете Министров Казахской ССР
Ашимбаев С. —	заместитель Председателя Государственного комитета Казахской ССР по телевидению и радиовещанию.
Байжанов С. —	начальник Главного архивного управления при Совете Министров Казахской ССР
Базылов К. —	заместитель Министра связи Казахской ССР
Бердибаев Р. —	заведующий отделом Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Академии наук Казахской ССР
Жакупов Б.А. —	начальник управления юридической помощи населению Министерства юстиции Казахской ССР
Кумарова С.Б. —	заместитель председателя Казахского республиканского отделения Советского фонда культуры
Махпиров В.У. —	ведущий научный сотрудник Института уйгуроведения Академии наук Казахской ССР
Муртазаев Ш.М. —	редактор газеты “Социалистік Қазақстан”
Муртазин Б.С. —	заведующий Отделом народного образования, культуры и здравоохранения Управления Делами Совета Министров Казахской ССР

Мукитанов Н.К. —	директор Института географии Академии наук Казахской ССР
Мырзахметов М. —	ведущий научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Академии наук Казахской ССР
Нургалиев Р.Н. —	главный редактор Главной редакции Казахской Советской Энциклопедии
Пашенко А.В. —	ведущий редактор карт Казахского аэрогеодезического предприятия Главного Управления геодезии и картографии при Совете Министров СССР
Рубилина Э.Ф. —	проректор КазПИ им. Абая
Сатаев А.Р. —	старший консультант Центрального совета Казахского общества охраны памятников истории и культуры
Сейдимбеков А.С. —	писатель
Сериккалиев З. —	главный редактор Государственного комитета Казахской ССР по печати
Сергалиев М. —	декан филологического факультета КазГУ им. С.М.Кирова
Смаилов К.С. —	редактор журнала “Қазақстан коммунисті”

Управляющий Делами Совета Министров
Казахской ССР

Д.Селиванов

* * *

УТВЕРЖДЕНО

Постановлением Совета Министров
Казахской ССР

От 20 апреля 1990 г. N 156

ПОЛОЖЕНИЕ

о Государственной ономастической комиссии при
Совете Министров Казахской ССР

1. Государственная ономастическая комиссия (Каз-ономком) при Совете Министров Казахской ССР осуществляет научно-организационную и практическую работу в области казахской ономастики, ведет координационную, методическую работу с целью сохранения и возрождения исторических топонимов и обеспечения всестороннего развития ономастики (антропонимики, топонимики, космо-

нимики, астронимики, этнонимики, зоонимики, документонимики, эргонимики и др.) в Казахской ССР.

2. Казономком на основе действующих норм орфографии, научной транскрипции и сложившихся культурно-исторических и социальных факторов определяет порядок наименования, переименования, уточнения и унификации национального литературного написания:

городов, районов, других административно-территориальных единиц, а также проспектов, площадей, улиц, парков, скверов, других составных частей населенных пунктов;

промышленных, сельскохозяйственных предприятий, железнодорожных и автодорожных станций, почтовых отделений, проектных, научно-исследовательских организаций, учреждений, предприятий, высших, общеобразовательных, средних специальных и профессиональных учебных заведений, транспортных, рыболовных судов, пристаней, гидросооружений, других объектов, подведомственных союзно-республиканским, республиканским министерствам и ведомствам Казахской ССР и исполкомам Советов народных депутатов;

фамилий, имен и отчеств граждан, а также псевдонимов писателей и общественных деятелей.

Решения Комссии по этим вопросам подлежат в установленном порядке окончательному утверждению в Верховном Совете Казахской ССР или Совете Министров Казахской ССР.

3. Казономком:

оказывает консультационную помощь министерствам и ведомствам республики в решении вопросов, возникающих в процессе составления карт, издания справочников, словарей, атласов по ономастике;

осуществляет комплекс мер, направленных на сохранение заповедных названий населенных пунктов, улиц, проспектов, площадей;

активно способствует формированию у населения республики уважительного отношения к исконно народным и исторически сложившимся названиям;

организует ономастические секции по его разделам. Состав каждой секции утверждается решением Казономкома;

заслушивает на своих заседаниях отчеты, сообщения и информации руководителей ономастических секций, а также

заинтересованных учреждений и организаций по вопросам ономастики.

4. Казономком в своей практической деятельности руководствуется действующим законодательством о порядке наименования и переименования государственных объектов республиканского и местного подчинения, физико-географических и геологических объектов, а также колхозов и кооперативных организаций.

Осы қаулыдан соң академик Қайдаров Ә.Т., Жанұзақов Т. жазған “Қазақ КСР-індегі Мемлекеттік және әкімшілік-территориялық бірліктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи, географиялық атауларын қалпына келтірудің ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ” 1991 ж. 20 қыркүйегінде “Социалистік Қазақстан” және “Казахстанская правда” газеттерінде жарияланды.

Бұл Тұжырымдама Республикамыздағы тарихи атауларды қалпына келтіру, жаңарту, жаңғырту және әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларын реттеу, елді мекендердің аттарын өзгерту мәселесінде ауылдық, селолық, аудандық, қалалық, облыстық, Мемлекеттік ономастикалық комиссия жұмысында басшылыққа алатын бірден-бір басты нұсқау ретінде міндетті түрде қолданылып келеді.

Тұжырымдаманың қазақша және орысша нұсқалары мына төмендегідей.

* * *

Қазақ КСР-індегі мемлекеттік және әкімшілік-территориялық бірліктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи, географиялық атауларын қалпына келтірудің ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Қазақстан халқының географиялық атауларды реттеу, қайтадан өзгерту, елді мекендердің тарихи атауларын қалпына келтіру жөніндегі өскелең тараптарын, сондай-ақ республикадағы мемлекеттік және әкімшілік-территориялық объектілердің айтылуларындағы ономастиканың тарихи, лингвистикалық және ғылыми принциптерінің елеулі түрде бұзылғандығын ескере келіп, Қазақ ССР Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия қазақтың ежелгі тарихи, географиялық объектілерінің аттарын заңсыз

және орынсыз өзгертуді жою, республика территориясында әр атаудың көп қайталануын реттеу, олардың қазақша жазылуы мен орысша транскрипциялануын бірізге түсіру мәселесін қарауды қажет деп санайды.

Қазақстан халықтарының интернационалдық дәстүрлері, республикадағы қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақтылығы комиссия төменде ұсынып отырған Қазақ КСР-індегі географиялық атауларды ретке келтірудің, елді мекендердің, сондай-ақ мемлекеттік және әкімшілік-территориялық объектілердің атауларын өзгерту және тарихи атауларын қалпына келтірудің тұжырымдық принциптерін мүдделілікпен, жан-жақты және объективті талқылауға мүмкіндік береді деп есептейді.

1. Жоғарыда көрсетілген объектілердің атын өзгертудің, бірізге түсірудің жаңадан атаудың және басқа да өзгерту түрлері маңызды әлеуметтік-саяси шара ретінде қаралып отыр. Ол міндетті түрде ономастикалық комиссияның қатысуымен, халық депутаттары ауылдық, селолық, поселкелік, аудандық, қалалық және облыстық Кеңестердің сессияларында талқыланып, жүзеге асырылады. Республикада топонимикалық объектілерге жаңадан атау беру, қайтадан өзгерту және оның аттарын нақтылауды түбегейлі бекіту, осы атаулардың дәреже-деңгейіне қарай Мемлекеттік ономастикалық комиссияның алдын-ала жасаған қорығындыларына байланысты: бір жағдайда облыстардың, аудандардың, қалалардың, қала үлгісіндегі поселкелердің, селолардың аттарын өзгертуді Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, екінші жағдайда министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің колхоздар мен совхоздардың, мәдени-ағарту мекемелерінің және басқа да объектілердің аттарын өзгерту жөніндегі шешімді Қазақ КСР Министрлер кабинеті қабылдайды. Елді мекендердегі кошелерге, алаңдарға, скверлерге ат қою немесе олардың аттарын өзгерту жергілікті Кеңестердің құзырында.

2. Ең алдымен Қазақстан картасында патшаның отарлау саясатын жүргізуге, сондай-ақ коллективтендіру кезіндегі асыра сілтеушіліктің, жеке адамға табынудың, волонтаризм мем тоқырау кезеңінің нәтижелеріне байланысты географиялық әкімшілік-территориялық объектілер мен елді мекендердің атаулары жойылып, ежелгі жергілікті атаулармен ауыстырылуы тиіс.

3. Ғасырлар бойы қалыптасқан жергілікті ежелгі географиялық атауларды, қалалардың, поселкелердің, селолардың

және ауылдардың атауларын әр түрлі себептерді желеу етіп ведомстволардың, министрліктердің, ұйымдардың және жеке адамдардың өзгертуіне қатаң тыйым салынады. Ол атаулар қазақ халқының баға жеткісіз рухани байлығы ретінде мемлекет қорғауына алынады. Оларды қайта атау тек ерекше жағдайда ғана, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің және Министрлер кабинетінің шешімі бойынша Мемлекеттік ономастикалық комиссияның қорытындысынан кейін ғана өзгертіледі.

Қазан социалистік революциясынан кейін Қазақстанда пайда болған жаңа географиялық, әкімшілік-территориялық және басқа да объектілердің атауларын жергілікті жерлердегі ономастикалық комиссиялар осы тұжырымдаманың негізінде жүйеге түсіріп, қайта қарайды және ретке келтіреді. Бұл орайда мынадай негізгі алғышарттар басшылыққа алынады:

а) қазақтың ежелгі топонимдері, олардың мағыналық мазмұны, пайдалану және қайталану жиілігі, қазақ тілінде дұрыс жазылуы, орыс және басқа тілдерде транскрипциялануы есепке алынады;

ә) әкімшілік-территориялық және территориялық-өндірістік бірліктердің, сондай-ақ көшелердің, алаңдардың, мекемелердің аттарында шектен тыс саясаттандыруға және идеологияландыруға жол берілмейді;

б) қазақ топонимдерін басқа тілдерде еркінше және бұрмалап (толық немесе ішінара) басқа тілдің үлгісімен жазуға және транскрипциялауға тыйым салынады. Барлық жаңа ұлттық атаулар қазіргі заманғы қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес беріледі және хатталады, ал орыс транскрипциясы олардың неғұрлым дұрыс жазылуын қамтамасыз етеді.

4. Әкімшілік-территориялық құрылымдарға тарихи тұлғалардың, ғылым, мәдениет және әдебиет қайраткерлерінің есімін беру немесе оларды қайта атау кезінде мынадай принциптер ескеріледі және сақталады:

а) республикалық, облыстық және аудандық бағыныстағы тарихи немесе ежелгі қалаларға, қала үлгісіндегі поселкелерге аса көрнекті тұлғалардың есімі берілмейді, ал бұрын берілгендері өзгертіледі;

ә) мұндай есімдер арнаулы қаулымен тек қалалық және селолық аудандарға, көшелерге және алаңдарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және басқа да жаңа объектілерге беріледі;

б) ең алдымен Қазақстанның тарихына, ғылымына, мәдениетіне және әдебиетіне тікелей қатысы бар адамдардың есімі беріледі;

в) бір есімнің көп дүркін қайталануына және көбейіп кетуіне жол бермеу мақсатымен олар республика территориясында үш объектіден артығына берілмейді.

5. Республикада жаңадан құрылған әкімшілік-территориялық және территориялық-өндірістік құрылымның атаулары және олардың атауындағы мүмкін болатын өзгерістер, оларды ұйымдастыру туралы тиісті қаулымен бірге белгіленеді.

6. Ономастиканың тарихи, лингвистикалық және ғылыми принциптерінің ықтимал бұзылуына жол бермеу үшін жаңа құрылған әкімшілік-территориялық және территориялық-өндірістік бірлікті атау туралы, сондай-ақ әр түрлі объектілердің атын өзгерту және қайта атау, соның ішінде тарихи атауын қайтару туралы даулы мәселені Қазақ КСР-інің Мемлекеттік ономастика комиссиясы шешеді.

7. Қазақ КСР географиялық атауларының номенклатурасы және карталардағы, атластардағы және туристік маршруттар схемасындағы, сондай-ақ жаппай пайдалану үшін шығарылатын басқа анықтамалық материалдардағы олардың орысша дұрыс транскрипциясы міндетті түрде республика Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілуі тиіс және баспасөзде жариялауға тек оның келісімі алынғаннан кейін ғана жіберіледі.

8. Республикада ономастикалық объектілердің атауын ретке келтіру жөніндегі барлық өткізілетін шаралар ономастика, география, социология, геодезия және басқа ғылымдар саласындағы мамандардың тиісті түсіндіру жұмысымен, республикалық және жергілікті баспасөз беттерінде қажетті материалдар жариялаумен бірге жүргізіледі.

Комиссия осы тұжырымдаманы талқылау ол жарияланғаннан кейін үш айдың ішінде өтуге тиіс деп санайды. Өз ескертпелеріңіз бен ұсыныстарыңызды тұжырымдаманы жариялаған газетке, сондай-ақ Қазақ КСР Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясына тікелей жіберуге болады. Комиссияның мекенжайы: 480091. Алматы қаласы, Үкімет үйі.

МЕМЛЕКЕТТІК ОНОМАСТИКА КОМИССИЯСЫ.

КОНЦЕПЦИЯ

упорядочения наименований государственных и административно-территориальных единиц, переименования населенных пунктов и восстановления исторических географических названий в Казахской ССР

Учитывая возрастающие требования широких слоев населения Казахстана по поводу упорядочения географических наименований, переименования и восстановления исторических названий населенных пунктов, а также государственных и административно-территориальных объектов республики, в которых наблюдаются серьезные нарушения исторических, лингвистических и научных принципов ономастики, Государственная ономастическая комиссия при Кабинете Министров Казахской ССР считает необходимым рассмотреть вопрос об устранении незаконных и неоправданных переименований исконно казахских исторических географических объектов, ограничении тиражирования одних и тех же наименований на территории республики и унификации их написания на казахском и транскрибирования на русском языках.

Интернационалистские традиции народов Казахстана, стабильность общественно-политической ситуации в республике позволяют рассчитывать на заинтересованное, всестороннее и объективное обсуждение предлагаемых ниже комиссией концептуальных принципов упорядочения географических наименований, переименования и восстановления исторических названий населенных пунктов, а также государственных и административно-территориальных объектов в Казахской ССР.

1. Всевозможные изменения, уточнения, унификации, переименования и другие формы упорядочения вышеуказанных объектов рассматриваются как важное социально-политическое мероприятие, которое реализуется путем обсуждения на сессиях аульных, сельских, поселковых, районных, городских и областных Советов народных депутатов с обязательным участием ономастических комиссий. Окончательное утверждение вновь присвоенных, переименованных и уточненных наименований топонимических объектов в республике осуществляется после предварительного заключения Госу-

дарственной ономастической комиссии в зависимости от ранга и степени этих наименований: в одном случае — Верховным Советом Казахской ССР — названия областей, районов, городов, поселков городского типа, сел, аулов, в другом — Кабинетом Министров Казахской ССР — названия министерств, ведомств, государственных предприятий, организаций, учреждений, колхозов и совхозов, культурно-просветительных учреждений и других объектов. Присвоение и переименование названий улиц, площадей и скверов в населенных пунктах относятся к компетенции местных Советов.

2. В первую очередь подлежат упразднению и замене исконными местными наименованиями те названия географических, административно-территориальных объектов и населенных пунктов, которые появились на карте Казахстана в связи с проведением колониальной политики царизма, а также в результате перегибов периода коллективизации, культа личности, времен волюнтаризма и застоя.

3. Строго запрещается произвольное изменение и замена сложившихся веками местных исконно народных географических названий, названий городов, поселков, сел и аулов, других населенных пунктов со стороны ведомств, министерств, организаций и частных лиц под разными предлогами. Эти названия, как бесценное духовное богатство казахского народа, берутся под защиту государства. Их переименование производится только в исключительных случаях по решению Верховного Совета и Кабинета Министров Казахской ССР после заключения Государственной ономастической комиссии.

Новые названия географических, административно-территориальных и других объектов, появившихся в Казахстане после октябрьского периода, пересматриваются и упорядочиваются ономастическими комиссиями на местах, систематизируются на основе настоящей Концепции. При этом основными предпосылками являются:

а) учет исконно казахских топонимов, их смыслового содержания, частоты употребления и повторяемости (тиражирования), правильности написания на казахском и транскрибирования на русском и других языках;

б) избавление от чрезмерной политизации и идеологизации наименований административно-территориальных и территориально-производственных единиц, а также улиц, площадей, названий учреждений;

в) запрещение произвольного и искаженного (полного или частичного) калькирования и транскрибирования на других языках казахских топонимов. Все новые национальные названия присваиваются и оформляются в соответствии с нормами современного казахского литературного языка, а русская транскрипция обеспечивает наиболее точное их написание.

4. При присвоении имен исторических личностей, деятелей науки, культуры и литературы административно-территориальным образованиям или при их переименовании учитываются и соблюдаются следующие принципы:

а) городам республиканского, областного и районного подчинения, поселкам городского типа, историческим или давно существующим, имена выдающихся личностей не присваиваются, а ранее присвоенные заменяются;

б) такие имена присваиваются специальными постановлениями только городским и сельским районам, улицам и площадям, учреждениям, предприятиям и другим новым объектам;

в) присвоению подлежат прежде всего имена людей, имеющих непосредственное отношение к истории, науке, культуре и литературе Казахстана;

г) в целях исключения многократного повторения и тиражирования одних и тех же имен допускается их присвоение не более чем трем объектам на территории республики.

5. Названия вновь создаваемых административно-территориальных и территориально-производственных структур в республике и возможные в них изменения определяются одновременно и соответствующем постановлении об их организации.

6. Во избежание возможных нарушений исторических, лингвистических и научных принципов ономастики спорные вопросы о наименовании вновь создаваемых административно-территориальных и территориально-производственных единиц, а также об изменении и переименовании различных объектов, в том числе возвращении исторических названий решаются Государственной ономастической комиссией Казахской ССР.

7. Номенклатура географических названий Казахской ССР и их правильная русская транскрипция на картах, и атласах, и схемах туристических маршрутов и других справочных материалах, издаваемых для массового исполнения в

обязательном порядке согласовываются с Государственной ономастической комиссией и допускаются к печати только после получения ее согласия.

8. Все проводимые мероприятия по упорядочению наименований ономастических объектов в республике сопровождаются соответствующей разъяснительной работой специалистов в области ономастики, географии, социологии, геодезии и других наук, публикацией и необходимых материалов в страницах республиканской и местной печати.

* * *

Комиссия предполагает, что обсуждение этой Концепции должно пройти в течение трех месяцев после ее опубликования. Свои замечания и предложения можно высылать как в адрес напечатавших ее газетах, так и непосредственно в Государственную ономастическую комиссию при Кабинете Министров Казахской ССР по адресу: 480091 г.Алма-Ата.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОНОМАСТИЧЕСКАЯ КОМИССИЯ.

* * *

1930 жылдары Кеңес өкіметі кезінде қазақ азаматтарына жаппай паспорт беру науқанында фамилия иемденуге мәжбүр етіп, әркімнің фамилиясын орыс фамилиялары үлгісімен — *ов, -ева, -ова, -ева* қосымшаларын қосып жаздырды. Сөйтіп, қалың қазақ өмірінде, оның тұрмысында фамилия деген тұңғыш рет пайда болып, қатаң тәртіппен еріксіз қалыптасты. Көптеген сауатты адамдар өке аттарына — *ович, -евич, -овна, -евна* қосымшаларын таңып алды.

1991 жылдан бастап, еліміз өз алдына мемлекет болып, тәуелсіздік алған уақыттан бері жұртшылық фамилиялары мен өке аттарының жазылуындағы қазақ тіліне тән емес — *ов, -ев, -ова, -ева, ович, -евич, -овна, -евна* сияқты қосымшаларды алып тастап, олардың орнына халқымыздың тарихи қалыптасқан дәстүрлеріне сәйкес үлгілерімен жазу жайлы отініш-тілектер айтты. Олар жайлы “Егемен Қазақстан”, “Ана тілі”, “Жас алаш” газеттері беттерінде толассыз мақалалар жарияланды.

Еріксіз таңылған — *ов* пен — *ев*-тен, — *ин* мен — *н*-нан құтылу, тол фамилиямызды қалыптастыру мәселесі баспасөз бетінде жиі жарияланып, кеңінен талқылау барысында әркім әр түрлі

ұсыныс айтып, алуан түрлі пікірлер ұсынды. Осы мәселелерді бір ретке келтіру мақсатында академик **Ә.Қайдаров**, **Т.Жанұзақовтардың** “Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы Тұжырымдамасы” “Егемен Қазақстан” газетінде 5 ақпан 1994 ж. жарық көрді.

Бұл Тұжырымдама 1994 ж. қарашада Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Тіл комитеті тарапынан толықтырылып, өңделді. Мемлекеттік ономастикалық комиссияның 1994 қарашада өткен мәжілісінің шешімімен бұл Тұжырымдама бекітіліп, комиссия ұйғарымы Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына ұсынылды. Бұл Тұжырымдаманың негізгі мына төмендегідей еді.

* * *

“Егемен Қазақстан” 28 ақпан 1995 жыл

Қазақстан Республикасындағы ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін реттеудің ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Жақында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитетінде тіл ғылымының жетекші мамандарының қатысуымен “Қазақстан Республикасындағы ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін реттеудің тұжырымдамасы” жасалды. Мемлекеттік ономастикалық комиссияның 1994 жылғы қарашада өткен мәжілісінің шешімімен бұл тұжырымдама бекітіліп, комиссия ұйғарымы Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына ұсынылды. Жоғарғы Кеңес бұл тұжырымдаманы жан-жақты талқылап, өзгерістер мен толықтырулар енгізуі ықтимал.

Ономастикалық комиссияның шешімімен бекітілген Тұжырымдаманың жобасын жариялай отырып, оның Парламентте жедел қаралып, заңдық сипат алғаны жөн дегенді айтпақпыз.

1. ТҰЖЫРЫМДАМА ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақстан Республикасындағы ұлты қазақ азаматтардың аты-жөні екі немесе үш мүшелі антропонимиялық жүйе бойынша төмендегі ұстанымдар негізінде қолданылатын (жазылатын, айтылатын) болсын:

— есімі, әкесі (отчествосы), тегі (фамилиясы).

— есімі, әкесі немесе тегі.

1. Кезінде қазақтардың дәстүрлі аты-жөніне үстемдік-әкімшілік жолымен еріксіз телінген орыс тілінің *-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -н, -ина, -на*, сондай-ақ *-ович, -евич, -овна, -евна* сияқты аффикстері қолданыстан алынсын; *-ович, -евич, -овна, -евна* орнына *-ұлы, -қызы* қолданылып, бірге жазылсын;

2. Барлық ресми (паспорт, куәлік, аттестат, диплом, еңбек кітапшасы, т.б.) құжаттарда аталмыш үш мүшелі антропонимиялық жүйе сақталып, бірінші орында — есімі, екінші орында — әкесі, ал үшінші орында — тегі жазылатын болсын, мысалы:

— бұдан былай *әкесі — отчество, тегі — фамилия* терминдерінің баламасы ретінде қолданылсын.

Оспан Омарұлы Бәйкен

Сәуле Мәдиқызы Жолай

3. Басқа бейресми жағдайлардың бәрінде де екілік және үштік антропонимиялық жүйе бойынша азаматтарға аты-жөнін өз қалауына орай — өз есіміне әкесі мен тегінің бірін қосып қолдануына болады, ал қысқарған (инициал) нұсқада өз есімі мен әкесінің атының бастапқы әріптері қалдырылып қолданылады:

Оспан Омарұлы Бәйкен — О. О. Бәйкен

Оспан Омарұлы — О.Омарұлы

Оспан Бәйкен — О.Бәйкен

Сәуле Мәдиқызы Жолай — С. М. Жолай

Сәуле Мәдиқызы — С. Мәдиқызы

Сәуле Жолай — С. Жолай

Ескерту: а) Бұл ұстаным дүние жүзіндегі барша қазақ азаматтары үшін аты-жөнінің ұлттық нұсқасы ретінде ұсынылсын.

ә) Марқұм болған адамдардың аты-жөнін тұжырымдама-ның бұл ұстанымы бойынша реттеу міндетті емес.

II. ТЕК ТАҢДАУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақ халқының дәстүрінде антропонимиялық үштік жүйе ілгеріде болмағандықтан аты-жөнінде тегін қолдануда бірізділік жоқ: біреу әкесінің атын, біреу үлкен әкесінің атын, енді біреулер бабасының атын, ру атын, не ру таңбасы мен ұранын тегі ретінде қолданып келеді.

Осыған орай, әрбір қазақ азаматы өз тегін реттеп,

калыптастыруға құқылы. Ол өзіне, отбасы мүшелеріне, болашақ ұрпақ-әулетіне әлеуметтік мәртебе (статус) ретінде тегін таңдап алуға, не басқаша жолмен мына төмендегі ұстанымдарға сүйене отырып, өзгертуіне болады:

1. Тегі ретінде қазіргі қолданып жүрген әкесінің, атасының, бабасының атын т.б. сол қалпында қалдырып, жоғарыдағы антропонимиялық ұстаным бойынша орыс тіліндегі аффикстерді жалғамай қолданады:

Құдайберген Сұлтанбай (Құдайберген Сұлтанбаев емес)

Роза Бағлан (Роза Бағланова емес)

Шафик Шөке (Шафих Чокин емес)

Марфуға Айтқожа (Марфуға Айтқожина емес)

2. Өз қалауы бойынша жаңа тек таңдаушылар:

а) түркі халықтары тарихында аты әйгілі тұлғалардың есімдерін;

ә) аса көрнекті өз ата-бабаларының, эпос кейіпкерлерінің аттарын, өзі, не ата-бабалары туып-өскен жағрапиялық объектілердің атауларын, сондай-ақ өзінің ой-қиялында пір тұтатын, киелі деп санайтын жануарлар мен табиғи құбылыстар атауларын да, тұрмыстық бұйым-заттардың аттарын да рәміздік (символдық) тек ретінде алуларына болады.

Ескерту: Азаматтардың өздері шыққан қазақтың белгілі ру-тайпаларының, олардың ұран-таңбаларының атауларын тек етіп алудан бас тартқан жөн. Бұл — қазіргі жағдайда жікшілдікке бастайтын үрдісті заңдастырумен бара-бар шара.

3. Қазақ азаматтарының аты-жөнін реттеуге байланысты өр алуан ұсыныстар бойынша өріс алған “эксперименттер” мен әуестенушілікке еліктеп “*ұрпағы*”, “*немересі*”, “*шөбересі*”, “*әулеті*”, “*шөбелегі*”, “*тегі*”, “*сойы*”, “*үбірі*” т.б. сияқты нұсқаларды немесе *Төтенайдың Базарбегі*, *Телетай Жарлыбайдан Жақып* т.б. түріндегі шұбалаңқы тіркестерді қолдануға тыйым салынсын.

4. Қазақтардың аты-жөнін жазу дәстүріне ертеректе арап-парсы тілінен ауысқан *-и*, *-иу* жұрнақтарын азаматтардың өз тегіне жалғап жазуына тыйым салынбайды:

Нығмет Мығжани

Әбдуәли Қайдары

Әкім Тарази

Сара Тахауи

Серік Данауи және т.б.

III. АТ ҚОЮ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ АТЫ-ЖӨННІҢ ДҮРЫС ЖАЗЫЛУЫН РЕТТЕУ

1. Жас сәбиге ат қоюда қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрі мен озық үлгілерін қатаң сақтау, жат есімдерге бой ұрып, уақыт үрдісіне жалаң еліктеп, есімдерді орескел саясаттандыруға әуес болмау ата-аналардан талап етілсін.

2. Қазақ азаматтарының аты-жөнін жазуда күні бүгінге дейін орын алып келген ала-құлалық пен сауатсыздыққа бұдан кейінгі жерде жол берілмесін. Олар тек қазақ әдеби тілінің қалыптасқан емле ережелеріне сәйкес жазылуы қажет:

Збилә емес, Зібилә

Рза емес, Риза, не Ырза

Смағұл емес, Сымағұл, не Ысмағұл

3. Кісі аттары, қанша жеке-дара сөздерден, компоненттерден тұрмасын, барлық жағдайда біртұтас атау ретінде ара-жігі болінбей, біріктіріп жазылатын болсын:

Әбілқасым (Әбіл-Қасым емес)

Сейдахмет [Сейіт-Ахмет емес)

Гүлсара (Гүл-Сара емес),

Нұржамал (Нұр-Жамал емес)

Аталған ұстанымдар бойынша өзгертілген, реттелген қазақ азаматтарының аты-жөндері орыс, ағылшын т.б. тілдерде жазылғанда қазақ мемлекеттік тілінің әдеби нормаларына сәйкестендіріліп транслитерациялануы (әріптік сәйкестігі сақталынып жазылуы) қажет:

а. Омарбек Жидебайұлы Ыскак

(Умарбек Джидебаевич Исхаков, Амарбек Джидебаевич Скахов т.б. емес).

Омарбек Жидебайұлы Искак — түрінде:

ә. Гүлжамал Тілешқызы Қабыш

(Гульджамал Тлешовна Хабыш т.б. емес)

Гульжамал Тилешқызы Кабыш — түрінде жазылуға тиіс.

4. Қазақ азаматтарының аты жөнін жаңа ұстаным негізінде реттеу үшін мәдени, саяси маңызы бар бұл мәселеге заң органдары, АХАТ қызметкерлері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат, баспасөз, баспа орындары аса зор жауапкершіліктен қарауы талап етіледі.

Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының аты-жөні бойынша арнайы сөздіктер мен анықтамалықтар шығарылсын.

Қазақстан азаматтарының паспорттарын алмастыру қарсаңында бұл мәселені көпшілікке дұрыс түсіндіру үшін үгіт-насихат жұмысы қолға алынатын болсын.

* * *

КОНЦЕПЦИЯ УПОРЯДОЧЕНИЯ ЛИЧНЫХ ИМЕН, ОТЧЕСТВ И ФАМИЛИЙ ДЛЯ ЛИЦ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

I. Общие принципы Концепции

В соответствии с исторически сложившимися и выверенными временем традициями казахского народа, его менталитетом и духовно-нравственным опытом, учитывая аргументированные пожелания широкой общественности Республики Казахстан, настоящая Концепция предлагает лицам казахской национальности вести написание и произношение их имен, отчеств и фамилий по системе двухчленного и трехчленного антропонимического обозначения в нижеследующем порядке:

- имя, отчество, фамилия;
- имя, отчество или фамилия, а также фамилия по отчеству.

Данная концепция, как это проистекает из общеизвестных гарантированных Организацией Объединенных Наций прав и свобод человека, независимо от его национальной принадлежности, носит морально-нравственный характер. Она касается лишь лиц казахской национальности, считающих себя таковыми, и никоим образом не затрагивает каких-либо интересов других граждан, составляющих единый народ Казахстана.

Вместе с тем, антропонимические аспекты упорядочения личных имен, отчеств и фамилий актуальны и для многих представителей всех национальностей Казахстана. Любой его истинный патриот, какой бы национальности он ни был, с глубоким пониманием отнесется к важности обоснованного возрождения и утверждения традиционных реалий в обновляющейся повседневной действительности нашего суверенного многонационального единого и неделимого государства.

Концепция предлагает:

1. Вывести из употребления в написании фамилий и отчеств казахов, несвойственные казахскому языку аффиксы

-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -н, -ина, -на; также -ович, -евич, -овна, -евна; вместо -ович, -евич, -овна, -евна, употреблять -улы, -қызы, в слитном написании.

Например: вместо Рысты Абдрахмановна Кадырова

Рысты Абдрахманқызы Кадыр, (что соответственно означает: Рысты — дочь Абдрахмана).

2. В официальных документах (паспорт, удостоверение, аттестат, диплом, трудовая книжка и др.), сохраняя трехчленную антропонимическую систему, писать: на первом месте — *личное имя*, на втором — *отчество* и на третьем — *фамилию* гражданина:

Оспан Омарұлы Бәйкен;

Сауле Мадикызы Жолай.

3. Во всех случаях употребления фамилий и отчеств по системе двухчленного и трехчленного антропонимического обозначения каждый гражданин вправе выбрать порядок написания по своему усмотрению, а в сокращенном варианте (инициалы) — оставить начальные буквы имени и отчества:

Оспан Омарұлы Байкен — О.О. Байкен

Оспан Омарұлы — О. Омарұлы

Оспан Байкен — О. Байкен

Сауле Мадикызы Жолай — С.М. Жолай

Сауле Мадикызы — С. Мадикызы

Сауле Жолай — С. Жолай

Примечание: 1. Эти принципы предлагают как образец написания фамилии, имени, отчества лиц казахской национальности, проживающих за рубежом.

2. Вопрос о пересмотре фамилий ныне покойных людей по морально-этическим соображениям Концепция не рассматривает.

II. Принципы выбора фамилии

В обычаях казахского народа не было однотипности традиционно сложившейся трехчленной антропонимической системы в употреблении личных имен, фамилий и отчеств: имя отца, деда, прадеда или же название, клич, герб рода употреблялись как фамилии.

В связи с этим, каждый гражданин казахской национальности вправе упорядочить и узаконить свою фамилию, он может выбрать себе, членам своей семьи, будущим потомкам фамилию как социальный статус или же изменить ее, придерживаясь нижеперечисленных принципов:

1. Оставить ныне используемые фамилии, (имя отца, деда, прадеда и т. д.), приведя их лишь в соответствие с вышеуказанными антропонимическими принципами (без -ов, -ова, -ин -ина):

Кудайберген Султанбай (не Кудайберген Султанбаев);

Роза Баглан (не Роза Багланова)

Шафих Шоке (не Шафик Чокин)

Марфуга Айткожа (не Марфуга Айткожина)

2. Избрать новые фамилии, исходя из следующих возможных источников: имена далеких предков, предков по прямой линии, включая прадедов, даже собственного отца, имена героев эпоса, названия географических объектов, где родились и выросли их предки, а также названия бытовых вещей, природных явлений и животных, которых они почитают как святыню, как символическую фамилию.

Примечание: возводить в статус наименований крупных казахских племен и родов, а также их различную символику не рекомендуется.

3. Считать нецелесообразным использование таких элементов экспериментирования и сочинительства, как “үрпағы” (“поколение”), “немересі” (“внук”), “шөбересі” (“правнук”), “әулеті” (“продолжатель рода”), “тегі” (“происхождение”), а также запутанных сочетаний типа Толетай Жарлыбайдан-Жакып, Тотенайдын Базарбеги, которые препятствуют формированию конкретных, собранных фамилий и отчеств казахской интеллигенцией с начала обсуждения проблем, связанных с упорядочением фамилий и отчеств граждан казахской национальности.

4. Отдавая дань восточной антропонимической традиции, бытовавшей в жизни казахов, допускается по собственному желанию принимать -и при обозначении фамилии:

Ныгмет Минжани,

Абдуали Кайдары,

Аким Гарзи,

Сара Тахауи

Серик Данауи и др.

III. Принципы правильного наречения (присвоения) и упорядочения имен

При присвоении личного имени родителям ребенку желательно сохранять издавна сложившиеся традиции казахского народа, избегать непродуманного заимствования

и поспешного использования новомодных словообразований, аббревиатур и терминов.

2. Унифицировать написание имен на казахском языке и установить единые правила транслитерации на другие языки. В этой связи в первую очередь необходимо устранить существующий разницей в написании казахских имен, отчеств и фамилий:

не **Збила**, а **Зибила**

не **Рза**, а **Риза**

не **Джаксылык**, а **Жаксылык**

3. Приостановить тенденцию раздельного написания, независимо от количества отдельных слов в личном имени

Абилкасым (а не *Абил-Касим*)

Сейдахмет (а не *Сейд-Ахмед*)

Гулсара (а не *Гул-Сара*)

Нуржамал (а не *Нур-Жамал*)

Унифицировать написание измененных и упорядоченных по перечисленным принципам личных имен, фамилий и отчеств лиц казахской национальности на русском, английском и др. языках и установить единые правила транслитерации с учетом литературных норм казахского языка.

А) **Омарбек Жидебайулы Искак**

(а не Умарбек Джидебаевич Исхаков, Амарбек Джидебаевич Скахов и т. д.)

б) **Гулжамал Тилешкызы Кабыш**

(а не Гульжамал Тилешовна Хабыш)

4. Требуется особо ответственное отношение сотрудников органов государственной власти и управления ЗАГС, юридических и правоохранительных органов, печати и других средств массовой информации и издательств к упорядочению личных имен, фамилий и отчеств лиц на основе данной Концепции, как к делу важнейшего социокультурного и политического значения.

Необходимо выпустить специальные словари, справочники об именах и фамилиях лиц казахской национальности, а также организовать аргументированное и результативное разъяснение общественности этого вопроса, особенно накануне обмена паспортов граждан Казахстана.

* * *

АТЫ-ЖӨНІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ЖАЗАСЫЗ?

Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы
ТҰЖЫРЫМДАМА

Отаршылдық бұғауына түсіп, өз билігі өзінен кете бастаған заманнан бастап халықтың шымбайына батып, жүрегін сыздатқан істің бірі — ата-тегіміз бен аты-жөнімізді төл дәстүрімізде жазуға деген заңды құқымыздан ажырауымыз еді.

Қашанда тәубешіл халқымыз басыбайлықтың қамытын мәңгіге киіп, күшпен шоқындырылып кеткен қайсібір халықтар тәрізді аты-жөніміздің мүлде өзгеріп кетпегеніне де қанағат тұтып келді.

Егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік тізгінін қолға алғаннан бергі уақытта бұл мәселе қайта қозғалып, соны серпінге ие болды. Еріксіз таңылған *-ов* пен *-ев*-тен, *-ин* мен *-н*-нан құтылып, төл фамилиямызды қалыптастыру мәселесі баспасөз бетінде талқылана бастады. Тіпті, көпшілігіміз ресми шарасыз-ақ ата-тегімізді еркімізше түрлендіріп жазатын болдық.

Бірақ іргелі ел, тәуелсіз мемлекет болғандықтан бұл мәселеде де қалыпқа түскен, бүкілхалықтық ресми жүйе болуы тиіс. Соған орай Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы **Мемлекеттік ономастика комиссиясы** қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын ресімдеу мәселесі төңірегінде кеңейтілген мәжіліс өткізіп, **академик Әбдүәлі Қайдаров пен профессор Телғожа Жанұзақов** дайындаған тұжырымдаманың нұсқасын халық талқысына салуды жөн көрген болатын. Бұл құжаттың ертеңгі күні қолға тиейін деп отырған Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа паспортын ресімдеуде де маңызы зор. Сондықтан өз пікірлеріңізді газет редакциясы мен Тіл комитетінің атына жіберулеріңіз сұралады.

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Тіл комитеті. Біздің мекенжайымыз: 480091, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 65/69.

1. Тұжырымдаманың ұстанымдары (принциптері):

1. Жалпы ұстаным (принцип). Республикада тұратын қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилиялары жайлы жаңа тұрғыдағы үш мүшелі антропонимиялық жүйені, олардың ресми және биресми, жазбаша және ауызша

қолданылуына қарай, Қазақстан Республикасында Мемлекеттік-құқықтық тәжірибеге енгізу үшін мына төмендегі үш құрамды қолданысы ұсынылады:

а) **бірінші орында** — фамилия, **екінші орында** — азаматтың өз есімі, **үшінші орында** — әкесінің аты. Олар барлық ресми (паспортта, жеке басы туралы куәлікте, туу және неке туралы куәлікте, білімі туралы аттестатта, атақ және дәреже туралы дипломда, еңбек кітапшасында т.б.) құжаттарда осы ретпен жазылады. Сонымен қатар өз есімдері мен әке аттарының бас әріптері бойынша қысқартып қолдануға да болады.

Үлгілер:

Бәйкен Оспан Омарұлы немесе **Бәйкен О.О.**

Жолай Сәуле Мәдиқызы немесе **Жолай С. М. т. б.**

ә) **бірінші орында** — азаматтың өз есімі, **екінші орында** — әкесінің аты немесе **бірінші орында** — азаматтың өз аты, **екінші орында** — фамилиясы, осы тәртіп бойынша олар ресми және биресми жағдайларда қолданылады; ал баспадан шыққан еңбектердің авторы ретінде және биресми құжаттарды толтырғанда, іс қағаздары мен визиткаларда, қол қойғанда, сондай-ақ дербес ұйымдарда, ауызша сөйлескенде толық сақталады. Мұнда да азаматтың аты-жөнін бас әрпі бойынша қысқартып қолдануға да болады.

Үлгілер:

Оспан Омарұлы немесе **Омарұлы Оспан, О. Омарұлы,**

Оспан Бәйкен немесе **Бәйкен Оспан, О. Бәйкен,**

Сәуле Мәдиқызы немесе **Мәдиқызы Сәуле, С.Мәдиқызы.**

Ескерту: Қайтыс болған атақты адамдардың фамилияларын моральдық-әдептілік тұрғыдан бұл Тұжырымдамада қаралмайды. Ал олардың ұрпақтарының өз фамилияларын осы Тұжырымдамаға сәйкес өзгерту, өзгертпеуі өз еріктерінде.

2. Есімдерді, әкелерінің аттарын және фамилияларды транслитерациялау* қағидалары. Республиканың байырғы тұрғындарының көпшілік бөлігінің тілегіне орай кезінде қазақтардың фамилиялары мен әкелерінің аттарына зорлап телінген *-ов -ев, -ова -ева, -ин -ина, -н, -на*, сондай-ақ *-ович -евич, -овна -евна* сияқты орыс тілінің арнайы (“фамилиялық”) аффикстерін қолдану жазбаша нұсқада да, ауызша айтылуында да тоқтатылсын; бұдан былай олар орыс, ағылшын және басқа тілдерде қазақ мемлекеттік тілінің әдеби нормаларына

* Транслитерация – белгілі бір тілдің жазуындағы әріптерді екінші бір тілдің жазуындағы әріптердің мүмкіншілігіне сәйкес етіп беру (жазу).

сәйкестендіріп транслитерациялау арқылы төмендегі үлгі бойынша берілетін болсын:

Омарбек Жидебайұлы Ыскак (Умарбек Джидебаевич Скаков, Амарбек Джидебаевич Скахов тағы басқаша емес):

Гульжамал Сырымбетқызы Кабыш (Гульджамал Сырымбетовна Хабыш тағы басқаша емес).

3. **Фамилия таңдаудың ұстанымдары.** Бұдан былай бүкіл бір тұқымның және оны жалғастырушы ұрпақтардың отбасы, ата тектік, әлеуметтік статусының шартты немесе символдық белгісі, айқындаушысы ретінде фамилия таңдау Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының өз еріктеріне беріледі. Бірақ бұл мүмкіндікті ерік берілгеннің жөні осы екен деп жаппай науқанға айналдыруға болмайды. Мемлекет тарапынан жасалып отырған мұндай қадамдар қазақтардың мәдени тарихында қалыптасқан фамилия дәстүрінің, ал кеңес дәуірінде фамилия таңдау мүмкіндігінің болмағандығына байланысты, өйткені бұл мәселе ешбір бағыт-бағдарсыз, әкімшілік тұрғыдан атүсті, әркімнің өз қалауына қарай қалай болса, солай шешілді. Соның нәтижесінде әкесінің аты фамилиясы болып, керісінше, үлкен әкесінің не бабасының есімдері туған әкесінің аты ретінде т.б. жазылып келді.

Қазақтардың фамилиясының қалыпты статусын орнықтыру және бір жөнге келтіру мақсатында, бұрынғы фамилияны өзгерту немесе жаңасын таңдап алу үшін мына төмендегі нұсқалар ұсынылады:

а) қазіргі қолданылып жүрген фамилияны Тұжырымдаманың жоғарыда ұсынылған талабына сәйкес сәл ғана өзгертіп *-ов, -ова* қосымшасын жалғамай-ақ қолдану:

Әбілахат Еспай (Әбілахат Еспаев орнына),

Роза Бағлани (Роза Бағланова орнына),

Шафик Шөке (Шафик Чоккин орнына),

Марфуға Айтқожа (Марфура Айтқожина орнына) т.б.

ә) Жаңа фамилия таңдауда мүмкіндігіне қарай төмендегі бұлақтарға сүйенген жөн:

— түркі халықтарының тарихында аты белгілі, даңқты тұлғалардың, ертедегі ата-бабалардың есімдерін, тіпті өз әкесіне дейінгі желісі үзілмей келе жатқан аталардың аттарын алып, оларды белгілі бір әулеттің, ұрпақтың сойы, ортақ тегі ретіндегі дәрежесін көтеру үшін пайдалануға болады;

Үлгілер:

Азнабай Көктүрік,

Мырзатай Күлтегін,

Ораз Альпарыстан,
Жамал Күнтолды,
Мұстапа Абылайхан,
Олжабай Орхон,
Сәруар Тезекторе,
Мұхтар Қабанбай және басқалар;

— адамның өзі немесе ата-бабасы туып-өскен географиялық объектілердің (ауылдың, селоның, жердің, ауданның, қаланың, өлкенің, таудың, көлдің, өзеннің т.б.) атауларын фамилияға орайластыруға болады;

Үлгілер:

Асқар Отырари,
Рахматулла Ихани,
Ауғанбай Алатау,
Халифа Алтай,
Жеңіс Сарарқа,
Ғарифолла Орал,
Күлмат Келес,
Әкім Тарази,
Бексұлтан Хантәңіри,
Жамал Атырауи,
Нұржамал Қазыкүрт т. б.;

— өзіне идеал санап, пір тұтатын Шығыс, Орта Азия мен Қазақстандағы белгілі ғұламалардың, ақын-жыраулардың, мемлекеттік және саяси қайраткерлердің және басқа да қорнекті тұлғалардың аттарын фамилия етіп алу арқылы оларды ұрпақ есінде сақтауға және өз фамилиясының статусын көтеруге болады;

Үлгілер:

Өмірзақ Қорқытата,
Әлімхан Шағатай,
Манаш Шыңғысхан,
Бабаш Әбілхайри,
Марал Төлеби,

Сұлтанбек Әнетбаба және басқалар;

— эпостық кейіпкерлер мен табиғат құбылыстарының, діни түсініктер мен абстракты атаулардың, сондай-ақ адам ой-қиялында пір тұтатын, айрықша бейне түрінде елестететін жануарлардың, құстардың, тұрмыстық бұйым-заттардың аттарында фамилия етіп алуға болады. Бұл тәсіл шығыс халықтарында кеңінен қолданылатын әдеби бүркеншік ат (тахалус), лақап ат, “қосымша” аттарды ойлап табуға ұқсас

үрдіс. Түркияда және еуропалық елдерде тұратын қазақтар өздеріне фамилияны осы жолмен қалыптастырып отыр.

Үлгілер:

Қажығали Айшуақ,

Қайнарбай Боран,

Күләш Арай

Жантөле Қасқыр,

Жасарал Қаршыға,

Міржан Қылыш,

Маржан Парасат,

Еркін Қобыланды т. б.

Ескерту: Қазақтың ірі тайпаларының, руларының және олардың тармақ-тарауларының атауларын фамилия етіп алуға болмайды. Қазақ ұлтының тұтастығы әзірге толық қалыптасып болмаған, жұртшылық арасында ру-тайпаға жіктелушілік әлі де ішінара орын алып отырған бүгінгі жағдайда фамилия сайлаудың бұл тәсілін ресми түрде қолдану, оған заңды түрде рұқсат берумен бара-бар. Кейбір азаматтардың Албани, Арғынтегі, Тарақты, Адайы Тней т.б. ру-тайпа атауларын фамилия дәрежесіне көтеруге талпынуын көпшілік құптап жүрген жоқ.

4. Фамилияны жазбаша рәсімдендірудің ұстанымы.

Республикадағы қазақ азаматтары (ерлер мен әйелдер) фамилиясын жазбаша рәсімдендірудің төмендегідей тәртіптері ұсынылады:

а) фамилия ретінде таңдап алған антропонимдер және басқа да атаулар қосымшасыз (яғни *-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина* — ларсыз) негізгі нұсқада жазылуға тиіс.

Үлгілер:

Рамазан Наурызбай,

Назира Қанлыбай,

Бакыгжан Хасан,

Рафика Нұртаза,

Рашид Абдулла,

Рабиға Сыздық және басқалар;

ә) кісі аты мен фамилия арасында белгілі айырмашылық болмауына байланысты (әкесінің аты аталмаған жағдайда) оларды өзара ажыратудың бір жолы — орын тәртібі болып саналатын ресми құжаттарда фамилия бірінші орында, ал одан басқа жағдайда бірінші орында кісі есімі, екінші орында фамилия қолданылады.

Фамилия қосымшасыз нәлдік нұсқада тұрғанда кісі мен әке аты (ұлы және қызы деген қосымшаларымен) міндетті түрде фамилияның алдында тұрады:

Ғалым Мұратұлы Молдағұл,

Аян Әлімқызы Жанұзақ т. б.

Ескерту: Кейбір қазақ есімдері (Болат, Бақыт, Қанапия, Айман және басқа) ерлерге де, әйелдерге де ортақ бола беретіндігіне байланысты олардың жігін ажыратуының бір жолы ретінде *-ша -ше* демеулігін пайдалану ұсынылады:

Сара Серғалиша,

Гүлжан Ермекше т.б.

Алайда, мұндай ерекшелуден әзірге тартына тұру қажет;

б) қазақтардың салтына сінген шығыс антропонимикалық дәстүрді ескере отырып, азаматтардың өз қалауы бойынша фамилияларын араб-парсы үлгісімен (*-и* — дауыссыз дыбыстарға аяқталатын атаулар үшін) және (*-уи* — дауысты дыбыстарға аяқталатын есімдер мен атаулар үшін) қабылдауына рұқсат етіледі.

Нығмет Мырзани,

Әбдуәли Қайдарн,

Әкім Тарази,

Сара Тахауи,

Серік Данауи т. б.

Ескерту: Бұл жағдайда жеке есім мен фамилияны ажырату олардың өзара орналасуы ғана емес (өйткені олар керісінше де тұруы мүмкін), сонымен қатар *-и, -уи* “фамилиялық” қосымшаның да ролі бар.

5. Әкесінің атын ресімдерін беру және жазу үстанымдары. Үш мүшелі аты-жөні жүйесін қолдануда кісі есімі мен әке аты маңызды рол атқаруына байланысты бұл жүйені қалыптастыру мен реттеп, бір ізге түсірудің заңды қағидалары өте қажет. Ұсынылған көптеген нұсқалардың ішінде басқаларға қарағанда оңтайлы, әрі іс жүзінде қонымдысы ретінде тек бірге жазылатын *-ұлы* (ерлер үшін) және *қызы* (әйелдер үшін) деген нұсқасына тоқталған жөн.

Шора Шамғалұлы,

Кәбей Шахметұлы,

Рабиға Ғалиқызы,

Нұржамал Оралбайқызы т. б.

Ескерту: а) Егер әке аты мен фамилия бірдей болып келсе, онда әке аты *-ұлы* және *-қызы* сөздерімен, ал фамилия атау тұрғанда немесе *-и -уи* қосымшалары арқылы беріледі: *Ғалимет*

Сейітұлы Сейіт, Жібек Әмірқызы Әмір. Кейде тілімізде фамилия -ұлы үлгісімен де жазылады. Мысалы, *Бауыржан Мамышұлы, Балғабек Қыдырбекұлы;* мұндай жағдайда олардың балалары фамилиясын -ұлы, -қызы сөздері арқылы жазу, не жазбауды өздері шешеді. *Бақытжан Бауыржанұлы Мамышұлы* немесе *Бақытжан Бауыржанұлы Мамыш;* *Айша Балғабекқызы Қыдырбек* немесе *Айша Балғабекқызы Қыдырбекқызы.*

ә) Туыстық қатынастардың сатылық дәрежесін анықтауда қолданылатын (*баласы, немересі, шөбересі, тегі, сойы, әулеті, ұрпағы, үбірі, нәсілі және т.б.*) нұсқалар баспасөз материалдарында жиі пайдаланып жүрсе де әкесінің атын және басқа туыстық қатынастарды белгілеуге қолайсыз деп табылсын. Бұларды орыс және басқа тілдерге транслитерациялауға да болмайды. Олардың кейбіреуі мыналар:

Әмір Әліпбайұлы Шәріпбай ұрпағы,
Ғаббас Батталов Арғын тегі,
Құдайберлі Назаркүл немересі,
Кимаязир Жақай ұрпағы,
Жәуіш шөбересі Бұрақиев Жанайдар,
Төтенайдың Базарбегі,
Мұрат Исаүбірі т.б.

б) Сондай-ақ Орта Азия мен Қазақстанның тарихи ұлы адамдарының есімдерінде қолданылған ортағасырлық араб-иран түйісіндегі аты-жөнімен аталу тәртібін де тіліміздің дәстүріне енігізуге болмайды. Мысалы:

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби әт-Түрки және басқалар.

6. Аг кою тәртібі. Жас сәбиге есім беруде Тұжырымдамалағасырлар бойғы сақталған дәстүрлер мен озық үлгілерді қатан сақтауды, басқа тілдік, мағынасыз модаға айналған есімдерге әуес болмауды ұйғарады. Бұл үрдісті реттеу үшін ата-аналар мен АХАТ қызметкерлері үшін кісі есімдерінің арнайы анықтамаларын дайындау қажет;

7. Кісі есімінің және фамилияның емтелік ұстанымдары.

Азаматтардың аты-жөні мен фамилияларын қазақ әдеби тілінің нормасына сәйкес дұрыс жазу және сол негізде орыс, ағылшын және басқа тілдерде транслитерациялап беру — Тұжырымдаманың негізгі де басты міндеті.

Осыған орай мына жайға көңіл бөлінуі қажет:

а) осы тұжырымламаға сәйкес қазақ азаматтары өздерінің есімдерін, әкесінің аты мен фамилияларын индексациядан өткізулері қажет;

ә) олардың қазақ тілінде жазылуын бір ізге түсіру және басқа тілдерде берілуінің бірыңғай ережесін қалыптастыру қажет; осыған байланысты бірінші кезекте қазақ есімдерінің жазылуындағы орын алып отырған ала-құлалық пен қателерді жою керек. Мысалы: *Збила* (дұрысы Зібилә), *Рза* (дұрысы Ырза немесе Риза), *Сқақ* (дұрысы Ысқақ), *Смет* (дұрысы Ісмет), *Пштай* (дұрысы Пыштай), *Смағұл* (дұрысы Ысмағұл) т.б.

б) әсіресе араб-иран тектес есімдерді, олардың о бастағы тілдік-мағыналық құрамдық бөлігіне қарай бөлшектеу, бөлу (сондай-ақ транслитерациялау) дәстүріне еліктеушілік әдетті тоқтату керек. Мысалы: *Сейіт-Ахмет*, *Әбіл-Қасым*, *Қожа-Ахмет*, *Әділ-бек*, *Сұлтан-Қозы*, *Мырза-Ахмет*, *Гүл-Сара*, *Нұр-Жамал* және т.б. Бұлардың бәрі қазақ әдеби тілі нормаларына сәйкес бірге жазылады.

Ескерту. Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасынан тыс елдерде тұратын қазақтардың аты-жөнін бір жүйеге келтіруде үлгі болуы мүмкін, бірақ ол міндетті заң болып саналмайды.

* * *

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ

ҰЛТЫ ҚАЗАҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ТЕГІ МЕН ӘКЕСІНІҢ АТЫН ЖАЗУҒА БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы азаматтарының тегі мен әкесінің атын қазақша жазу тәжірибесін қазақ халқының қалыптасқан тарихи дәстүрлеріне сәйкес келтіру жөніндегі көптеген өтініш-тілектерін ескере келіп, **қаулы етемін:**

1. Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде оған азаматтың жынысына қарай “ұлы” немесе “қызы” сөздері қосылып, бірге жазылады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және жеке басының куәлігін берген кезде республика ішкі істер органдары осы Жарлықтың I-тармағында көзделгендей, тегі мен әкесінің атының жазылуын оңайлатылған тәртіппен

азаматтық хал-ахуалын жазу актілеріне өзгертулер енгізусіз жүргізеді деп белгіленсін.

3. Азаматтың тегі мен әкесінің атының жазылуын өзгертуі оның құқықтық субъектілігін қозғамайды, яғни тегі мен әкесінің атының бұрынғы жазылуында алған құқықтары мен міндеттерін доғаруға немесе өзгертуге негіз бола алмайды.

4. Азаматтардың тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге байланысты қалған барлық өзге мәселелер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шешіледі.

5. Республика Үкіметі өзінің құқықтық нормативтік актілерін және республиканың орталық атқарушы органдарының актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 мамырынан күшіне енетін 2-тармағын қоспағанда, жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ.

Алматы, 1996 жылғы сәуірдің 2-сі.

* * *

Указ Президента Респубпкии Казахстан

О порядке решения вопросов, связанных с написанием фамилий и отчеств лиц казахской национальности

Учитывая многочисленные обращения граждан Республики Казахстан, в целях приведения практики написания казахских фамилий и отчеств в соответствие с исторически сложившимися традициями казахского народа постановляю:

1. Лица казахской национальности по их желанию вправе изменить написание своих фамилий и отчеств с исключением несвойственных казахскому языку аффиксов, но с сохранением корневых основ фамилий и отчеств. При этом к имени отца при написании отчества слитно добавляются окончания “улы” или “қызы” в зависимости от пола лица.

2. Установить, что предусмотренное пунктом 1 настоящего Указа написание фамилий и отчеств производится в упрощенном порядке органами внутренних дел республики при выдаче паспортов и удостоверений личности гражданина

Республики Казахстан без внесения изменений в акты записи гражданского состояния.

3. Изменение написания фамилии и отчества лица не затрагивает его правосубъектности, то есть не является основанием для прекращения или изменения его прав и обязанностей, приобретенных под фамилией и отчеством в прежнем написании.

4. Все иные вопросы, связанные с изменением фамилий, имен, отчеств, решаются в соответствии с нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

5. Правительству республики обеспечить приведение своих нормативных правовых актов и актов центральных исполнительных органов республики в соответствие с настоящим Указом.

6. Настоящий Указ вступает в силу со дня опубликования, за исключением пункта 2, вступающего в силу с 1 мая 1996 года.

Президент Республики Казахстан

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 2 апреля 1996 года.

* * *

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫ БОЙЫНША ЖАРЫҚ КӨРГЕН ЕҢБЕКТЕР ЖӘНЕ ҚОРҒАЛҒАН ДОКТОРЛЫҚ, КАНДИДАТТЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР

Қазақ ономастикасының топонимика, антропонимика, космоимика, зоонимика, фитонимика салалары бойынша ғылыми зерттеу-ізденіс жұмыстар жасап, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғап, ғылыми дәреже, атақ алған ғалымдар санының айтарлықтай дәрежеге жеткені қазақ тіл білімінің мамандарына белгілі болғанмен, жалпы қауым анық біле бермейді. Сондықтан қазақ ономастикасы бойынша қорғалған докторлық және кандидаттық диссертацияларды және ғалымдардың аты-жөнін көрсетуді жөн көрдік.

МОНОГРАФИЯЛАР

А. Әбдірахманов. Қазақстанның жер-су аттары. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы 1959 7.65 б/т 206 б.

Ғалымның бұл еңбегі қорғаған кандидаттық диссертация

негізінде 1959 ж. жазылған еді. Қазақ тіл білімінің жаңа саласы ономастика, оның күрделі бөлігі топонимикаға арналған бұл жұмыстың кезінде соны жаңалық, тырнақ алды лингвистикалық зерттеу, тұңғыш монография болғаны белгілі.

Оның қазақ тіл білімінде ғана емес, түркі тілдерінде жазылған еңбектердің алдыңғы легіне қосылған, тыңғылықты үлес болғаны да сол кезде сөз болды. Бұл монографияда 4 тарау, қорытындымен аяқталып, соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген. Оның бірінші тарауы “Топонимиканың методы, міндеттері оның зерттелу тарихынан”, екінші тарауы “Қазақстанның ірі объектілік топонимдеріне тілдік анализ”, үшінші тарауы “Қазақстан топонимдері жасалуының негізгі кезеңдері және қазақ тілі тарихына байланысты кейбір топонимдік материалдар”, төртінші тарауы “Қазақстан топонимдерінің дұрыс жазылуы мен транскрипциясы туралы” деп аталады.

Бұл монографияның құндылығы мен басты ерекшелігі қазақ тіліндегі жер-су аттарын тұңғыш рет лингвистикалық тұрғыдан зерттелуі және оның сол кезде ауадай қажет практикалық (қолданбалы) мәніне айрықша назар аударылып, дұрыс бағыт-бағдар, дәйекті нұсқау беруінде болды.

А. Әбдірахманов. Топонимика және этимология. Алматы, Ғылым 1975, 7 б.т., 206 б.

Ғалымның бұл еңбегі екі бөлімнен тұрады. Оның “этимология және топонимика” атты бірінші бөлімі (3-48 б.), екінші бөлімі — “Қазақстан жер-су аттарының қысқаша этимологиялық сөздігі” (53-203 б.) деп аталады да, онда 140 топонимге талдау жасалып, мағынасы, этимологиясы ашылады. Бұл еңбек қазақ топонимдерінің шығу төркінін, этимологиясын ашып, айқындауға қадам жасаған тұңғыш еңбек. Сондықтан да кейбір даулы, талас мәселелеріне қарамастан, кейінгі жас мамандар үшін аса қажетті де мазмұнды еңбек болып қала бермек.

Жалпы редакциясын басқарған академик, профессор І. Кеңесбаев.

Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, Мектеп 1965, 9 б.т. 142 б. Бұл жұмыс қазақ тіл білімінің ең күрделі, әрі бай саласы жалқы есімдерді (ономастиканы) жан-жақты баяндауға арналған.

Жалқы есімдердің басқа сөздермен және география, тарих, әдебиет, этнография, биология, зоология, философия ғылымдармен байланысы, оның даму, шығу тарихы, лексика-

грамматикалық сипаттары, лексика-семантикалық, стилистикалық функциясы еңбекте тереңірек жан-жақты талданған.

Монографияның кіріспесінде “Жалқы есімдерді” (ономастиканың) ерекшелігі және ғылымның басқа салаларымен байланысын, бірінші тарауда “Жалқы есімдердің (ономастиканың) негізгі салалары мен түрлері”, екінші тарауда “Жалқы есімдердің жалпы есімге ауысуы”, үшінші тарауда “Жалқы есімдердің грамматикалық құрылысы”, төртінші тарауда “Жалқы есімдердің (ономастиканың) лексика-семантикалық ерекшеліктері”, қосымшада “Терминдер көрсеткіші”, “Мағынасы түсініксіз кейбір жалқы есімдер”, “Жалқы есімдерден жасалған жалпы есімдер” жайлы ғылыми-практикалық тұрғыдан жүргізілген зерттеулер мен жан-жақты талдаулар жасалған.

Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Жауапты редакторы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Кеңесбаев І. К. Қазақ ССР-ның “Ғылым” баспасы, Алматы 1971, 13,4 б.т. 215 б.

Монографияда қазақ антропонимдерінің шығу, пайда болу тарихы, олардың жасалу заңдылықтары, мән-мағыналары мен жазылу жүйесін жетілдіру, жергілікті халық тіліндегі айтылу түрлері жан-жақты қарастырылған. Монография 4 тарау және қорытындыдан тұрады. Бірінші тарау “Антропонимиканың зерттелу тарихынан”, екінші тарау “Антропонимдердің шығу, пайда болу тарихы”, үшінші тарау “Антропонимдердің жасалу жолдары”, төртінші тарау “Антропонимдердің жазылуы мен транскрипция мәселелері” деп аталып, толық зерттеу жасалған. Қазақ антропонимдерін түркі тілдерінде тұңғыш рет зерттеп, ғылыми дәреже алған ғалым, бұл еңбегінде антропонимдердің лингвистикалық әрі тарихи-этнографиялық сипаттарын ғылыми тұрғыда зерттеп, талдау нәтижесінде жаңа ой пікірлер мен ғылыми пайымдаулар, нақтылы ұсыныстар жасалған.

Джанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. Ответственный редактор академик А.Т.Кайдаров. Издательство “Наука” Казахской ССР, 1982, 10,3 пл. 173 с.

Бұл монография — қазақ ономастикасының негізгі бөлімдерін (антропонимия, топонимия, этнонимия, космонимия, зоонимия) кешенді түрде зерттеген алғашқы еңбек.

Бұл зерттеу жұмысында қазақ тілі ономастикасының шығу, даму тарихы тұтас әрі толық қарастырылып, оның басты бөлімдері лингвистикалық тұрғыдан талданып, олардың лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымдары, жасалу жол-

дары мен модельдері анықталып, атаулардың тарихи лексикамен, жалпы есімдермен, диалектілермен, әлеуметтік лексика, этнолингвистикамен байланыстары анықталған. Ономастикондардың халық, қоғам өмірімен, оның тарихи-мәдени тірлігімен тығыз бірлік, қарым-қатынастары анықталып қана қоймай, қосымшада антропоним, космонимдердің мән-мағынасы көрсетіліп, этнонимдер жайлы мағлұмат берілген. Бұл монографияда: антропонимдер, топонимдер, этнонимдер космонимдер мен зоонимдер жеке-жеке талданып, жалқы есімдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері, олардың морфологиялық құрылымдары, жалқы есімдердің жасалу жүйесі жеке-жеке тақырып ретінде жан-жақты зерттелген.

Т.Жанұзақов, А.Әбдірахманов т.б. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Жауапты редакторы филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Т.Жанұзақов. Алматы, Ғылым 1989, 13,45 б.т., 253 б.

Монографияда Республикамыздың көлемді де аумақты үлкен бөлігін алып жатқан Сарыарқа аталатын Орталық Қазақстан аймағының жер-су аттары тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттелген.

Зерттеу нысаны болған материал 1981-1985 жылдары Институт тарапынан, ономастика бөлімінің меңгерушісі Т.Жанұзақов басшылық етіп ұйымдастырылған ғылыми экспедицияның негізінде Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Торғай, Целиноград облыстарынан жиналған 40 мыңға жуық жер-су аттары болды.

Орталық Қазақстан топонимдерін ғылыми тұрғыдан зерттеу барысында оларды үлкен 5 тақырыптық топқа бөліп қарастырылу басшылыққа алынған.

1. Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен даму, қалыптасу тарихынан.
2. Орталық Қазақстан топонимдерінің (макро-микротопонимдік) құрамы.
3. Орталық Қазақстан топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру.
4. Орталық Қазақстан топонимдерінің құрылымдық типтері.
5. Өлке топонимдерінің транскрипциясы.

А.Әбдірахманов бұл еңбекте “Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен дамуы және қалыптасуы тарихынан”, “Орталық Қазақстан топонимдерінің стратиграфиясы

бойынша этимологиялық зерттеулер (лексикалық қабаттар)” бөлімдерін жазды.

Т.Жанұзақов монографияның “Кіріспесін”, “Орталық Қазақстан топонимдерінің (макро-микротопонимдік) құрамдары”, “Гидронимдер” (Көл аттары), “Орталық Қазақстан топонимдерінің құрылымдық типтері”, “Орталық Қазақстан топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру”, “Өзен аттары” (Д.Жүнісовпен бірлесіп) және “Өлке топонимдерінің транскрипциясы” бөлімдерін жазды.

Е.Керімбаев “Оронимдер және орфографиялық терминдер”, “Орталық Қазақстандағы орыс топонимдері” атты жеке тақырыпшаларды орындады.

Монографияда Орталық Қазақстан жер-су аттары лингвистикалық, тарихи-географиялық және этнографиялық тұрғыдан тұнғыш рет талданды. Зерттеу нәтижесінде бұл өңірлерде көне дәуірлерге тән топонимдердің аздығы, оның есесіне ортағасырлық топонимдердің, әсіресе XVI-XIX ғасырларға тән жазу ескерткіштеріндегі осы өңірлерге қатысты топонимдердің мол екендігі нақтылы мысалдар, тарихи деректер арқылы көрсетілді. Бұл өңірлердегі топонимдердің құрамы жағынан екі үлкен топқа *макротопоним* және *микротопоним* болып бөлінетіні, оның ішінде микротопонимдердің сан жағынан орасан көп те басым болуының тарихи себептері ашылды.

Бұл өңірлердегі топонимдер лексикалық, яғни тілдік тұрғыдан үлкен екі жікке: 1) ана тілімізден; 2) басқа тілдерден жасалған топонимдер екендігі анықталды. Сондай-ақ бұлардың ішінара бірнеше салаға бөлінетіні дәлелденді.

Т.Жанұзақовтың орындауында жарық көрген айтулы еңбектің бірі — 300 топонимнің мән-мағынасын ашып, түсініктері мен этимологиялық негіздерін көрсеткен көлемді “Атажұрт” атты еңбек, “Қазақтар” атты көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалықта берілген (Қазақтар.VIII том. Атажұрт. Алматы 1998, 453 б.). Бұл жұмыс “Кіріспе” мен *Абайыл* атауынан *Іле Алатауы* атауына дейін (6-беттен 220-бетке дейін) қазақша жазылған, 232-беттен 470-бетке дейін “Отчество” деген атпен “Кіріспе” және “Абайыл ауылы — Іле Алатауына” дейін орысша жарияланған. Автор өзінен бұрынғы авторлардың әрбір топоним жайлы айтқан пікірлерін келтіре отырып, өз ой-пікірін жаңа тұрғыдан баяндаған. Әсіресе туыстас түркі тілдері фактілерін және туыстас емес тілдер фактілерін келтіре отырып, тарихи-салғастырмалы тұрғыда

зерттеуі нәтижесінде көптеген топонимдердің төркінін ашып, мән-мағыналарын айқындап, айтарлықтай зерттеу жасалған.

Махпиров В.У. Имена далеких предков. Истоки формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики. Алматы 1997, 299 с., 16.75 изд. л. Монография өлі де жете зерттелмеген көне түркі дәуіріне тән жалқы есімдердің дамуы мен қызмет аясына арналған. Көне ұйғыр және араб ою жазуларымен жазылған ескерткіштердегі көне түркі антропоним, этноним, топонимдерді талдауды мақсат тұтқан. Олардың құпия сырларын, ұмыт болған мағыналарын ашып, этимологиясын анықтаған.

Кітапта көне түркі этнонимдері, көне түркі антропонимдері, көне түркі топонимдері тарихи-лингвистикалық, этнолингвистикалық және экстралингвистикалық сипаттарда зерттелген.

Сұлтаньяев О.А. Қазақ ономастикасы. Көкшетау -1998, 149 б. Бұл кітаптың аты қазақ ономастикасы деп аталғанымен, онда топонимдер мен микротопонимдерді, көбіне Көкшетау өңірі топонимдерін сөз еткен.

Қыздархан Рысбергенова. Оңтүстік Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеу. Алматы, “Ғылым”, 2000, 8,6 б.т., 152 б. Орыс тілінде жазылған бұл монография үш тараудан тұрады. Оның бірінші тарауы “Оңтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің шығуы, дамуының тарихи-лингвистикалық негіздері”, екінші тарауы “Аймақ топонимдерінің этнолингвистикалық аспектілері мен экстралингвистикалық факторлары”, үшінші тарауы “Аймақ топонимдерінің фонеморфологиялық құрылымы” деп аталады. Бұл монография басқа монографиялық зерттеулерде сөз болмаған топонимдер құрамындағы фонетикалық ерекшеліктер, этномәдени көріністер, гомогендік түбірлерді талдау, номинация (аталу, атау), уәж, уәждеме (мотив, мотивация) мифотопонимдер, аридті топонимдер бірінші рет ғылыми тұрғыдан зерттелді. Көптеген топонимдердің хронологиялық тұрғыдан топтастырылуы, лексика-семантикалық құрылымдық жүйелері, этимологиясы — шығу тегі анықталды.

Гүлгайша Сагидолдақызы. Түркі (қазақ) және монғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. Алматы 2000, 8 б.т. 250 б. Бес бөлімнен тұратын бұл монографияда: “Қазақ және монғол топонимияларын салыстыра зерттеудің ғылыми негіздері”, “Қазақ және монғол топожүйелеріндегі гомогенді топонимдер мен қазақ монғол

тілдеріне ортақ географиялық терминдер”, “Монғол топонимдеріндегі түркі текті атаулар”, “Қазақ топонимдеріндегі монғол текті атаулар”, “Қазақ топожүйесіндегі монғол текті атаулардың құрылымдық сөзжасамдық тұрғыдан меңгерілуі” тәрізді мәселелер қарастырылған.

Қазақ және монғол топожүйесінде орын алатын ұқсастықтар, сәйкестіктер, ортақтықтар, олардың пайда болу себептері, екі жақты кірмелік пен көстілділіктің топонимияда көрініс табуы сияқты мәселелер сөз болған.

Ұлдай Ержанова. Ақжайық өңірінің топонимиясы. Алматы, 2001, 10.8 б.т., 172 б.

Монография 4 тарауға бөлінген. 1-тарауда “Батыс Қазақстан облысының тарихи-лингвистикалық құрылымы” қаралса, 2-тарауда “Ақжайық өңірі топонимдерінің лексика-семантикалық сипаты”, 3-тарауда “Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің құрылымдық сипаты”, ал 4-тарауда “Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты” жан-жақты талданған. Аймақ топонимдерінің шығу, қалыптасу кезеңдері мен тарихи қабаттары, лексика-семантикалық сипаттары, олардың лексикалық топтары мен қалыптасу негіздері анықталған. Бұл монографияда да аймақ топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары тұңғыш рет сөз болады.

Бердібек Бияров. Өр Алтайдың жер-су аттары. Алматы, 2002, 11,3 б.т.180 б.

Монография үш бөлімнен тұрады. 1-бөлімде “Өлке оронимдерінің тарихи-лингвистикалық сипаты”, 2-бөлімінде “Өлке оронимдерінің лексика-семантикалық және этнолингвистикалық сипаты”, 3-бөлімде “Өлке оронимдерінің құрылымдық жүйесі” толық талданған. Монографияда қосымша ретінде “Оңтүстік Алтай оронимдерінің алфавиттік сөздігі” деген айдармен 2002 оронимнің (тау аттары) тізімі берілген. Шығыс Қазақстанның Оңтүстік өңірдегі тау аттарын ғылыми тұрғыдан зерттеу барысында автор олардың тілдік, экстралингвистикалық, этномәдени сырларын ашып, байыпты түрде талдаған.

Ә.Жақыпұлы. Қазақстан топонимикасы. Қызылорда, 2002, 9,8 б.т. 138 б.

Бұл еңбек 4 тарауға бөлініп жазылған. Монография “Қазақстан топонимикасы” деп үлкен тақырыппен аталған Республикамыздағы күллі топонимдер жүйесін қамтымаған. Әрбір тарауда берілген материалдар мен жіктеу, саралау,

ғылыми жүйелеу бұдан бұрын жазылған еңбектерді қайталайды. Автор тарапынан айтылған жаңа ой-пікірлер мен дәйекті тұжырымдар байқалмайды. Жұмыс маңызды ғылыми-теориялық тұрғыда жазылған монографиялық зерттеуден гөрі жер-су аттарына ынтық, құмар жай көпшілікке арналған еңбек дәрежесінде орындалғандай.

Осы автордың 1993 ж. жазған “Байырғы атаулар айтқан сыр” атты кітапшасындағы материалдар да бұл еңбектен көрініс табады.

КІТАПТАР, КІТАПШАЛАР

Т.Жанұзақов, Я.П. Белоусов. Қандай есімді ұнатасыз? Какое выбрать имя? Алматы, 1968, 116 б. Бұл кітапшаны Қазақ ССР Министрлер Советінің заң комиссиясы және Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты бекіткен. Кітапшада “Есімдер сыры” атты тақырыппен алғы сөз берілген (3-11 б.). Ұсынылған есімдер тізімінде ер аттарының қазақша және орысша жазылуы, әйел балалар аттарының қазақша және орысша жазылу нұсқасы көрсетіліп, туған баланы тіркеу жөнінде нұсқау, әке аты мен фамилияның жазылу тәртібі және жаңа дәстүрлер берілген.

Кітаптың екінші бөлімі орыс есімдеріне арналған. Онда “Балаларға жарасымды есім беру”, “Ата-тегіміз қандай есімдерді иемденген”, “Ұлыңызды қалай атайсыз?”, “Қызыңызды қалай атайсыз?”, “Нәрестелерді тіркеу жайлы”, “Орыс есімдерінің септелуі” деген анықтамалар ұсынылған.

Т.Жанұзақов. Есімдер сыры. Тайны имен. Алматы, 1974, 132 б. Алғысөз ретінде “Есімдеріміз қалай қойылған” мақала, одан соң ер және әйел есімдері жалпы алфавиттік тәртіппен беріліп, олардың білдірер мән-мағыналары қазақ және орыс тілдерінде түсіндірілген.

Т.Жанұзақ. Сіздің есіміңіз. Ваше имя? Алматы, 1989, 192 б.

Қазақ есімдерінің тарихы халқымыздың қоғамдық-өлеуметтік даму тарихымен тығыз байланысты. Көптеген есімдердің шығу тегі мен мәні ғасырлар қойнауынан сыр тартады. Бұл еңбекте есімдердің жасалу жолдары, олардың әртүрлі лексикалық астарлары, көне түркі, қазақ, араб, парсы, монғол, Батыс Еуропа, орыс тілдерінен алынған есімдердің мән-мағыналары түсіндіріліп, этимологиясы анықталған.

О.А. Султаньяев. Понятные непонятности. Алматы, 1973, 62 с. Кітапша мектеп оқушыларына көмекші құрал ретінде арналған.

Оның негізіне Қазақстан топонимдері этимологиясынан қазақша ақпарлар беріліп, топонимдердің мағыналары орыс тілінде түсіндірілген.

А.Әбдірахманов. Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, “Ғылым”, 1979, 124 б.

Еңбектің зерттеу объектісі этнотопонимдер болғанымен, мұнда олар екінші жағынан этноним ретінде де қарастырылады. Этнотопонимдік және тарихи материалдарға сүйене отырып, автор Қазақстандағы және көршілес аймақтағы көне тайпалардың аттарына тарихи-этимологиялық талдау жасауға тырысқан. Қазіргі кезде ұлт болып қалыптасқан қазақ халқының этногенезі тарихи тұрғыдан сараланады.

Е.Керімбаев. Атаулар сыры. Алматы “Қазақстан” 1984, 119 б. Автор Қазақстанның кейбір жер-су аттарының, қала, елді мекен атауларының қойылу, пайда болу, шығу себебін тілдік, тарихи, археологиялық материалдарды пайдалана отырып қарастырады. Шетел саяхатшыларының еңбектерінде айтылған қазақ жер-су аттарына тоқталып, олардың түрлі өзгерістерге ұшырап жазылу себептерін талдайды. Атаулардың қойылу себептерін қоғамдық-саяси жағдаяттарға байланыстыра қарайды.

Бексұлтан Нұржекеев. Өзендер өрнектеген өлке: Ел-жұрт, жер-су және Жетісу жайында тараулар. Алматы, “Жалын”, 1984, 248 б.

Белгілі жазушы Б.Нұржекеев бұл кітабында Талдықорған өңірін, оның жер табиғаты мен ел-жұртын, шаруашылығы мен тарихи-мәдени жайларын, Республикадағы өйгілі бай да сұлу жерін, оның керемет табиғатын, өңірдің жер-су аттарын, олардың мән-мағыналарын, аталу, қойылу себептерін көркем тілмен халыққа жеткізген. Сондықтан да бұл еңбек географтарға, тарихшылар мен әдебиетші және тілшілерге аса қажет те құнды құрал болып есептеледі.

Т.Жанузаков. [Т.Джанузаков. Тюркская ономастика. Перспективы и развитие. Алма-Ата, “Наука”, 1990 4 п.л. 65 с.]. Бұл кітапшада ономастиканың жалпы мәселелері, өсіресе оның теориялық проблемалары баяндалады. Автор ономастика ғылымындағы теориялық мәселелер: *ономастикалық кеңістік, ономастикалық категориялар, зона, сектор, өріс (поля), поэтикалық ономастика, номинация теориясы, ономастикалық этимология, семантика мен мағына*, олардың ара жігі мен айырмасы, жалқы есімдердің аудармасы, этнонимдер мен зоонимдер номинациясы, ономастиканың тарихи, лингвист-

тикалық, географиялық компоненттері жайлы, экстралингвистикалық жағдайлар, ономастикалық лексиканың қабаттары т.б. сөз болады. Сондай-ақ кітапшада ономастикалық жинақтар, ономастиканың топонимика, антропонимика, этнонимика, космонимика, зоонимика жайлы жазылып, жарыққа шыққан еңбектердің көрсеткіші берілген.

Т.Жанузаков, Т.В.Линко, В.У.Махпиров и др.

Имена народов Казахстана. Алма-Ата 1990, 110 с. Кітапта Қазақстанда тұратын: қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, кәріс, әзірбайжан, түрік халықтарының антропонимиялық (есімдер) жүйесі сипатталады. Сондай-ақ, көрсетілген халықтар тілдеріндегі антропонимдердің жазба тілдегі үлгілері мен айтылуы жайлы ұсыныстар беріліп, олардың есімдерінің тізімі қоса тіркелген. Кітап Азаматтық Хал актілерін тіркейтін мекемелерге, паспорт үстелдері қызметкерлеріне т.б. мекемелерге қажетті құрал ретінде ұсынылған.

Ф.Р.Ахметжанова, А.Ә.Әлімхан. Қазақ шығысының жер-су аттары. Өскемен 2000, 102 б.

Кітапта Шығыс Қазақстан аймағының Күршім, Зайсан, Марқакөл, Тарбағатай аудандарының жер-су аттарының құрылымдық түрлері, мағыналық топтары, лексикалық құрамдары мен семантикасы, жасалу жолдары, өзіндік ерекшеліктері жан-жақты баяндалған. Қосымша материал ретінде “Шығыс Қазақстан облысы бойынша 1998 жылдың I қаңтарына дейін аттары ауыстырылған елді мекендер тізімі” беріліп, онда бұрынғы атау, жаңа атау, атаудың орыс тіліндегі транскрипциясы көрсетілген.

Омаров Т.Р. Қазақстанның өзендері мен көлдері. Алматы, 1975, 70 б.

Бұл шағын кітапшада Республикамыздың өзендері мен көлдерінің ерекшеліктері, олардың халық шаруашылығына тигізер пайдасы, сонымен қатар суда кездесетін көптеген микроэлементтер жайлы сөз болады. Көл және өзен аттарының лексика-морфологиялық құрылымы жайлы мағлұмат болмағанмен атаулар материалдары тілші ғалымдарға аса қажет дерек болады.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ СӨЗДІКТЕР (ЛЕКСИКОГРАФИЯ)

Қазақ ономастикасының лексикографиялық мәселелері өткен ғасырдың 50 жылдарынан бастап қарала бастады. Алғашқы лексикографиялық жұмыстар жер-су аттарының

сөзтізбесінен басталып, бұл күнде екі тілді (орысша-қазақша, қазақша-орысша) және түсіндірме сөздіктер жасау ұштасуда. Жарық көрген сөздіктердің шыққан жылын, көлемін көрсете отырып, олардың құрылысын, материалдарды беру тәсілдерін және әрбір сөздік жайлы толық сипаттама беріп отырмыз.

І. Г. К. Конкашпаев. Казахские народные географические термины // Известия Академии наук Казахской ССР. N 99, Серия географическая. Выпуск третий. Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1951, С. 1-47.

Орыс тілінде жазылған бұл еңбегінде автордың өзі былай деп жазған: “В основу настоящего словаря легли личные наблюдения автора, для которого казахские географические термины являются терминами родного языка. Кроме того, были использованы соответствующие печатные, рукописные и картографические материалы.

Таким образом, словарь включает в себя:

а) термины как казахские по своему происхождению, так и заимствованные из языков других народов, но осмысливаемые им как собственные (в этих случаях в скобках указывается вероятное происхождение термина);

б) термины как бытующие в настоящее время среди казахского населения, так и устаревшие, почти забытые, но часто входящие в состав собственных географических названий или сохранившиеся в фольклоре, старинных словарях и т.д.

в) термины, имеющие распространение по всей территории Казахстана, и местные термины, известные населению лишь в отдельных районах республики;

г) термины, отражающие географические особенности Казахстана, а именно: особенности рельефа, гидрографии, климата, ландшафта в целом, особенности ведения хозяйства” (С. 4).

Осы сөзден кейін *Ағаш* терминінен – *Емел* (эмель) терминіне дейін, барлығы 550 халықтық географиялық терминдер сөздік үлгісінде, қатаң алфавиттік тәртіппен реестр ретінде беріп терминдердің орыс тіліндегі транскрипциясы көрсетіліп, жақина ішінде қазақша нұсқасын беріп отырған. Мысалы: *Аймак* (аймақ) – одан соң түсінігі орысша баяндалған. *Айнабұлақ* (айнабұлақ), *Аиржол* (айыржол), *Ақжауын* (акжауын), *Ақсу* (Аксу), *Арқа* (арқа), *Боктер* (бөктер), *Бұғаз* (бугаз), *Дөңес* (дөңес), *Жылға* (жылға), *Қақ* (қак), *Кезен* (кезен), *Көп* (көп) т.б.

Аздайта кейбір терминдердің қазақша нұсқалары берілмей, орысша аудармасын беріп отырғанын көреміз. Мысалы: *Айдыт* — открытая водная поверхность большого озера; *Айналма* (буквально — огнибающий или обходящий); *Арна* — русло реки; *Боз* (буквально — светлый, серый, белесоватый); *Жиек* (буквально — край чего-либо); *Жыра* — балка, лошина, овраг т.т.

Қазақ халық географиялық терминдерін жинап, тұңғыш рет жасалған бұл сөздіктің қолданбалы мәні айрықша зор болды. Қазақстан топонимдері бойынша диссертациялық жұмыс жазған жас ғалымдарға аса қажет болумен қатар, зор қызмет атқарды.

2. *Конкашпаев Г.К.* Словарь казахских географических названий. Алма-Ата, 1963.

Көлемі алты баспа табақ бұл сөздікте автор бір мыңнан аса географиялық атауларды қамтып, әрқайсысының мағынасын ашып, орыс тілінде түсініктерін берді. Автордың бұл сөздігі де қазақ ономастикасындағы тұңғыш рет орындалған, қалың көпшілікке, мектеп, жоғары оқу орындары мен ғалымдарға арналған бағалы құрал болды. Ғылыми құндылығын әлі де жоймай келе жатқан пайдалы сөздік болып есептеледі.

А.С.Титова. Словарь русской транскрипции терминов и слов, часто встречающихся в географических названиях Казахстана. М., 1960, 61 с.

Сөздіктің негізгі мақсаты — Қазақстан топонимдер жүйесінде жиі қолданылатын географиялық терминдер мен сөздердің бірыңғай орысша транскрипциясын қалыптастыру болған еді.

Автор бұл сөздікті жасау барысында *Ғ.К.Қонқашбаевтың* “Қазақтың халықтық географиялық терминдері” атты сөздігін толық пайдаланғанын ашық айтады.

Географиялық терминдер мен сөздер сөздікте қатан алфавиттік тәртіппен беріліп отырған.

Алдымен қазақ терминдерінің орыс тілінде жазылу нұсқасы, одан кейін оның қазақ тіліндегі жазылуы көрсетілген. Одан соң терминнің орысша қолдануы, аудармасы айтылып, кенінен кездесуі, географиялық атаулармен қосыла айтылуы жайлы мысалдар берілген. Сөздік үлгісінен мысалдар келтірейік.

Аир-Айыр; от глагола **айыру** — разделить. Развиллина; раздвоенный, парный. Термин встречается в составе сложных

названий и в качества самостоятельного географического названия: г. Аиртау (двухвершинная гора) и оз. Аир в Вост. Каз. Обл.; г. Аиртас в Караг. обл.; Н.П. Аирколь в Кост. обл.

Ала-Ала; пестрый, разноцветный. Входит в состав сложных географических названий: Н.П. Алаколь в Кост. обл.; оз. Алаколь в Алмат. обл.; Жамб. Вост. Каз. и др. областях.

Алма-Алма; Яблоко; яблочный. Алмалы, алматы-яблочный, изобилующий яблоками. Слово встречается в составе географических названий: отсюда название г. Алма-Ата (правильно — Алматы); н.п. Алмасай в Вост. Каз. обл.; р. Алмалы в Юж. Каз. обл.; н.с. Алмалы в Алмат. обл.

Бастау-бастау; от слово бас — голова; букв.-начало. Родник, горный ключ, источник, исток реки. Термин входит в состав сложных географических названий: к. Сарыбастау и родн. Карабастау в Алмат. обл.; р. Акбастау в Караг. обл. и тд.

Сөздіктің қосымша бөлігінде терминдер мен сөздердің қазақшасы, одан соң орысша транскрипциясының тізімі берілген. Мыс.: ағаш-ағаш, балық-балық, жайылма-жайылма, айрық-айрық, бидайық-бидайық, жалаңаш-жалаңаш, ашық-ашық, бөгет-богет, жасылкөл-жасылкөл т.б.

4. *Е. Койчубаев.* Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. “Наука”, Алма-Ата, 1974, 273 с.

Сөздікте екі мыңнан аса географиялық атаулардың шығу тегі анықталып, мағыналары орыс тілінде түсіндірілген.

Республикамыздағы Қазақстан топонимдері көбірек камтылып, ғылыми тұрғыдан толығырақ талданған бұл сөздік өз кезінде жоғары бағаға ие болды. Сөздік соңында 150-дей пайдаланылған әдебиеттер тізімі қатаң алфавиттік тәртіппен берілген.

5. *Е. Қойшыбаев.* Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, “Мектеп” 1985, 256 б.

Бұл сөздік — автордың 1974 ж. жарыққа орысша шығарған сөздігінің қазақша нұсқасы. 1974 ж. шыққан сөздікте Қазақстан географиялық атауларының орыс тілінде жазылу нұсқасы алынса, 1985 ж. қазақ тілінде шыққан сөздікте атаулардың қазақша нұсқасы ғана алынып (жақша ішінде орысша транскрипциясы көрсетілмей), мағынасы ашылып, қазақша түсіндірілген. Түсінігі қиын, кейбір көне атаулардың шығу тегі, этимологиясы тереңірек қарастырылып, тарихи-лингвистикалық талдаулар жасалған.

6. *Қазақстан географиялық атауларының сөздігі.* Жезқазған

обл. Жауапты редакторы – филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты *Т.Жанұзақов*. “Ғылым”, Алматы 1990, 294 б. 20 баспа табақ. Бұл сөздікке бес мыңға жуық географиялық атаулар қатаң алфавиттік тәртіп бойынша берілді. Олардың ішінде қала, село, селолық кенес, аудан орталықтарының аттары, мыңдаған физика-географиялық атаулар бар.

Әрбір атаудың мән-мағынасы толық түсіндірілді. Көпшілікке мағынасы түсініксіз, сыры белгісіз ерте замандарға тән ескі атаулардың шығу төркіні, яғни этимологиясы туыстас және туысы басқа тілдермен салыстырыла отырып айқындалды.

7. *Қазақстанның географиялық атаулары. Ақмола облысы.* Жауапты редакторы — филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі *Телғожа Жанұзақ*. Алматы, “Рауан” 1998, 325 б. 19 б.т.

Бұл еңбек – Ақмола облысының жер-су аттарын, яғни Сарыарқаның солтүстік бөлігінде орналасқан кең-байтақ, ұлан-ғайыр аймақтың жер-су атауларын мүмкіндігінше камтып, олардың мән-мағыналарын ашып, саралап түсіндіріп, шығу тегін жан-жақты сипаттауға арналған. Мағынасы көмескіленіп кеткен атаулардың этимологиясына назар аударып, егжей-тегжейіне жете ашып беру ісі аса көңіл қоярлық жайт болған. Болжал, түспал талдаудан гөрі ғылыми дәлелге құрылған талдаулар бұл еңбекте ерекше орын алған.

8. *Бектасова Б.К.* Краткий топонимический словарь Костанайской области. Костанай облысының қысқаша жер-су аттарының сөздігі. Ответственный редактор доктор филологических наук, профессор *Жанұзақов Т.* Костанай, 1996, 113 б.

Бұл шағын сөздік жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы ретінде жарық көрген.

Сөздіктің реестріне қазақ топонимдерінің орысша транскрипциясы, жақша ішінде топонимдердің қазақша жазылу нұсқасы берілген. Топонимдердің мағынасы орысша түсіндірілген. Біріккен тұлғалы топонимдердің бірінші сыңары, одан соң екінші сыңарының аударма баламалары орыс тілінде көрсетіліп, одан соң топонимиялық мағыналары беріліп отырған. Бұл шағын сөздікті автор болашақтағы екінші басылуында толық та, қомақты етіп шығаруды жоспарлаған.

9. *В.Н.Полова.* Ономастика. Словарь географических

названий Казахстана. Павлодарская область. (Редакторы: д.ф.н. А.Абдрахманов, Т.Жанузаков) ч. I. ч. II. М. 1994, 511 с. Сөздікке Павлодар облысы аумағындағы қалалар мен село, поселкелер, аудан орталықтары, таулар мен қыр, қырат, жота, тобе, шоқы атаулары, озендер мен көл, бастау, бұлақ, сайлар мен жыра т.б. жалпы саны 5 мыңдай географиялық атаулар енген. Бастапқы сөз ретінде қазақ топонимдерінің орысша жазылуы, одан сон қазақша жазылу нұсқалары беріліп, әрмен қарай нысан түрлері, орналасқан жері көрсетіліп, мағыналары түсіндіріліп, шығу тегі айқындалған.

Сөздік қалың оқушы қауымға, ғалымдарға, көлік, байланыс, ішкі істер қызметкерлеріне, бұқаралық ақпараттар мен мектеп, жоғары оқу орындарына, селолық, ауылдық, аудандық әкімшіліктерге, ЗАГС бөлімдеріне арналған.

10. *Ұлдай Рысқалиқызы*. Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі. Орал, 2001, 173 б., 13,5 б.т.

Бұл еңбек екі бөлімнен тұрады.

I бөлім. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің тарихи-лингвистикалық құрылымы. Бұнда “Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің қалыптасу негіздері”, “Батыс Қазақстан облыс топонимдерінің тарихи қабаттары”, “Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің классификациясы”, “Топонимдік детерминативтер мен реликтілік тұлғалар”, “Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты”, “Батыс Қазақстан облысы жер-су аттарының топонимдік кластары” атты мәселелер жан-жақты сараланып талданып, ғылыми тұрғыдан зерделенген.

II бөлім. Батыс Қазақстан облыс жер-су атауларының алфавиттік сөздігі.

Бұл сөздікке облыс жер аумағындағы жер-су аттарының бәрі бірдей енбеген. Атаулардың қазақша нұсқасы әдеби тіл нормасына сай алынып, олардың мағыналары ашылып, мүмкіндігінше кең көлемді түсініктер мен этимологиялық талдаулар жасалған. Сөздік қосымшасында: пайдаланылған әдебиеттер тізімі, детерминативтер арқылы қалыптасқан топонимдер және ономастика терминдерінің шағын сөздігі, осымен қатар атаулардың түрлері, топонимдердің түрлерінің кестесі берілген.

11. *Қазақстан Республикасының топонимдері. Топонимия Республики Казахстан*. (составители: Т.Жанузаков, К.К.Рысбергенова, Н.Б.Онгарбаева). Алматы, 2001, 425 с., 25 п.л. Отв. редактор д.ф.н. Т.Жанузаков.

Бұл анықтама-сөздікте Республикамыздың сегіз мыңдай елді мекендері мен физика-географиялық нысандар (объектілер) атаулары қамтылып, олардың мемлекеттік тіл — қазақ тілінде, ресми тіл — орыс тіліндегі жазылу нұсқалары берілді.

Республикамыздың бүгінде халықаралық аренаға шығып танылуы, қоғам өмірінің алуан салаларында жүргізіліп жатқан ынтымақтастықпен байланысты еліміздің топонимдерін жүйелеу, бірізге түсіру, стандарттау көкейкесті де өзекті мәселенің бірінен саналады. Өйткені ел, жер-су, елді мекен және ірі физикалық-географиялық объектілер атаулары көптеген әлем елдерінде белсенді түрде қолданылып, қарым-қатынас аясында қызмет етуде. Бұл кітапқа енген атаулардың негізінен — облыстар мен аудандардың, қалалар мен қалашық, жұмысшы кенттерінің (поселкелердің), темір жол стансалары мен байланыс бөлімдерінің, ауыл, село әкімшіліктері орталықтарының, ірі де үлкен таулар мен шың, күз, жоталардың, көлдер мен өзендердің аттары. Бұл атаулардың бәрі де Республикалық, облыстық, аудандық топокарталарда берілумен қатар, әкімшілік аумақтық бөліністерде, тарихи-географиялық анықтамаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында, мемлекеттік құрылымдардың іс қағаздарында, байланыс бөлімдер мен транспорт жүйелерінде, түрлі дипломатиялық құжаттарда, халықаралық қатынас жүйелерінде, Ішкі істер мен Әділет министрліктерінің іс жүйесінде, бұқаралық ақпарат пен мектептер, жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылып, күнделікті өмірімізде ерекше қызмет атқаруда. Сондықтан да бұл анықтама-сөздіктің қолданбалы маңызы айрықша зор, күнделікті өмірде аса қажет пайдалы құрал екені баршаға аян.

12. *Т.Жанұзақов, К.Есбаева.* Қазақ есімдері. Казахские имена. Алма-Ата, “Наука” 1988, 478, 25 п.л.

Бұл анықтама-сөздікке он мыңға жуық жиі қолданылатын қазақ есімдері енді. Осымен қатар адамдардың тоя есімдері мен әке аттары және фамилияларының жазылу үлгісі де көрсетілді.

Кітапта ерлер мен әйел есімдері бөлек түзіліп, олардың қазақ және орыс тілдерінде жазылу нұсқалары берілді. Ол қалың көпшілікке, Азаматтық Хал актілерін тіркеу органдары мен ІІМ паспорт орындарына, ауылдық, селолық, қалалық, облыстық әкімдіктерге, бұқаралық ақпарат пен мектеп оқытушыларына арналған болатын.

13. *Телғожа Жанұзақ.* Есімдер сыры. Тайны имена. Алматы 2004, 210 б.

КАНДИДАТТЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР

1. *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины. Автореферат дисс... кандидата географических наук. Алма-Ата, 1949, 24 с.
2. *Абдрахманов А.* Некоторые вопросы топонимики Казахстана. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1954, 12 с.
3. *Жанузакөв Т.* Лично-собственные имена в казахском языке. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1961, 19 с.
4. *Попова В.Н.* Гидронимы Павлодарской области (Лингвистический анализ). Автореферат дисс... к.ф.н. Томск. 1967, 21 с.
5. *Койчубаев Е.* Основные типы топонимов Семиречья. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1967, 24 с.
6. *Султаньяев О.А.* Топонимика Кокчетавской области (Лингвистический анализ). Автореферат дисс... к.ф.н. 1969, 52 с.
7. *Махпиров В.* Собственные имена в памятнике XI в. "Дивану дугат-ит-пирк" Махмуда Кашгарского. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1980, 21 с.
8. *Керимбаев Е.А.* Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1988, 24 с.
9. *Бектасова Б.К.* Топонимия Костанайской области. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1989, 22 с.
10. *Кожанов М.* Топонимия Гурьевской области (Историко-лингвистический анализ). Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1989, 24 с.
11. *Линко Т.В.* Зоонимы в казахском и русском языках. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1990, 28 с.
12. *Оразалиева Г.* Тюркоязычные топонимы в прозе А.С.Пушкина. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1990, 19 с.
13. *Мадиева Г.Б.* Гидронимы Восточного Казахстана. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1990, 22 с.
14. *Жартыбаев А.Е.* Состав и структура топонимов Карагандинской области. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1991, 21 с.
15. *Аронов К.Г.* Этнолингвистическая природа народных космонимов в казахском языке. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1992, 22 с.
16. *Сембиев К.З.* Топонимия Кызылординской области (Исторический и этнолингвистический анализ). Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1992, 28 с.

17. *Рысбергенова К.К.* Историко-лингвистический анализ топонимов Южно-Казахстанской области (на материале западных районов). Автореферат дисс... к.ф.н. Алматы, 1993, 20 с.

18. *Сагидолдагийн Г.* Казахско-монгольские топонимические параллели. Автореферат дисс... к.ф.н. Алма-Ата, 1993, 25 с.

19. *Мусабаева М.Д.* Қазақ тіліндегі антропонимиялық “аталымдардың” этнолингвистикалық сипаттамасы. ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 1995, 22 б.

20. *Тілеубердиев Б.М.* Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 1995, 27 б.

21. *Мусабекова У.А.* Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков. Автореферат дисс... к.ф.н. Алматы, 1996, 27 с.

22. *Ержанова Ұ.Р.* Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 1998, 26 б.

23. *Қаймулдинова К.Д.* Қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің топонимикалық аспектілері. Г.ғ.к... авторефераты. Алматы, 1998, 21 б.

24. *Ермекбаев Ғ.Ж.* Жер бедері атаулары (семантикалық, морфологиялық талдау, фоносемантикалық сипаттама). Ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 1999, 26 б.

25. *Омарбекова А.С.* Социальные и природные факторы в формировании топонимии Улытау-Торгайского региона. Автореферат дисс... кандидата географических наук. Алматы, 1999, 30 с.

26. *Сабитова Ш.А.* Номинативный ряд со значением лица по роду деятельности и профессии (на материале тюркских заимствований). Автореферат дисс... к.ф.н. Алматы, 1999.

27. *Айдарбек К.Ж.* Ономаσιологический анализ именованя лиц. Автореферат дисс... к.ф.н. Алматы, 1999, 26 с.

28. *Бияров Б.Н.* Өр Алтай (Оңтүстік Алтай) оронимдері (тарихи-лингвистикалық талдау). Ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 2000, 30 б.

29. *Жаппар К.З.* Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова. Автореферат дисс... к.ф.н. Алматы, 2000, 25 с.

30. Головина К.М. Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков. Автореферат дисс... к.ф.н. Алматы, 2000, 24 с.

31. Әлімхан А. Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағы топонимдерінің тілдік және этномәдени негіздері. Ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 2001, 25 б.

32. Кошімова Б. Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі. Ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 2001, 28 б.

33. Иманбердиева С.Қ. Қаладағы тағамхана атаулары. Ф.ғ.к... авторефераты. Алматы, 2001, 23 б.

34. Аялбекова Ә.Е. Батыс Қазақстан аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі жүйесі. География ғылымдарының кандидаты авторефераты. Алматы, 2002, 25 б.

35. Досжанов Б. Қазақ тіліндегі көне антропонимдер. Ф.ғ.к... авторефераты. Астана, 2002, 20 б.

ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР

1. Джанузаков Т.Дж. Основные проблемы ономастики казахского языка. Автореферат дисс... д.ф.н. Алма-Ата, 1976, 129 с.

2. Абдрахманов А. Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана. Научный доклад по опубликованным трудам, представленный к защите на соискание ученой степени доктора филологических наук. Алматы, 1991, 58 с.

3. Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен. Автореферат дисс... д.ф.н. Алма-Ата, 1992, 61 с.

4. Бектасова Б.К. Топонимия Северных областей Казахстана. Автореферат дисс... д.ф.н. Москва, 1998, 54 с.

5. Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика (Источники формирования, особенности функционирования, структурные типы и смысловые модели). Автореферат дисс... д.ф.н. Алматы, 1998, 50 с.

6. Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана. Автореферат дисс... д.ф.н. Алматы, 1998, 52 с.

7. Қалиев Б.К. Названия растений Казахстана. Автореферат дисс... д.ф.н. Алматы, 1991, 56с.

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ БОЛАШАҚ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

XXI ғ. лингвистикасының перспективалары, оның басты бағыттары мен әдістері жөнінде тілші-ғалымдар сөз қозғағанда тілді зерттеудегі дәстүр бір жағынан сақталып, екінші жағынан бұрынғы жетістіктердің жетіле түсетіндігін айтады, яғни жалпы ғылымдағы іргелі принцип — ол сабақтастықтың сақталуы.

Келешектегі лингвистикалық ізденістерде басым бағыттардың орнына тілдік нысаналарды зерттеуде кешенділік орын алмақ. XX ғ. аяғы мен XXI ғ. әлемдік лингвистикада жаңа ғылыми концептуалды парадигма — *антропоцентристік, этноцентристік* бағыт бой көтеріп, ұлттық лингвистикаларға, оның ішінде қазақ лингвистикасындағы зерттеулерде де тілдегі адами факторларға қазірдің өзінде басымдылық беріле бастады. Лингвистикалық зерттеулердің басты нысаны “тілдік тұлға” (языковая личность) болғандықтан адами факторға сүйенетін адам тіршілігінің ойлау, сойлеу аспектілерімен байланыста антропоцентристік бағыт күшейе түсті, өйткені тіл деген феноменнің өлшемі де, ғаламның, “әлемнің тілдік бейнесінің” көрсеткіші де осы адамның өзі.

Ономастика саласына ойыссақ, ұлттық ономастикондар — лингвистиканың жеке бағыттарын (контактология, этнолингвистика, ономастиологияны т.б.) байытып қана қоймай, тілдің, жалпы тіл білімі теориясын да толықтыратын, аса мазмұнды да өркенді сала.

Отандық ономастика ғылымы келешекте қалай дамиды, оның перспективалары қандай болмақ деген мәселе тәңірегінде сөз қозғағанда, оларды екі басты бағытта қарастырғанды жөн көрдік; біріншісі — теориялық бағыт, ал екіншісі — қолданбалы бағыт.

Қазақ ономастикасының жалпы теориялық бағыты:

— жалқы есімдердің когнитивтік құрылымы негіздерін зерттеу қажет, өйткені жалқы есімдер “әлемнің тілдік бейнесінің” ұйымдасқан бір бөлігі ретінде жеке тұлға мен ұжымның тілдік санасынан өзіндік орын алады:

— қазақ ономастикасының ғылыми-терминологиялық аппаратын жүйелеу, жетілдіру жұмыстарын іске асыру керек;

— ономастикалық семантика теориясын когнитивтік негізде қарастыру жемісті болмақ.

Осыған байланысты жалқы есімдердің семантикасының

екі өлшемін — оның семантикалық көлденеңі мен семантикалық тік түзілген деңгейін ажыратып қараған жөн.

Онимдер семантикасының көлденең түзілімін зерттеу ономастикалық кодтың рухани мәдениеттің жүргізетін өзге кодтармен байланысын, өзара ықпалының ерекшеліктерін айқындайды. Бұл жерде өзара ықпалдасудың екі жағдайын көрсетуге болады: 1) есім прецеденттік атаулар қатарына өткен кезде, ол қатар тұрған басқа ономастикалық немесе апеллятивтік-мәдени кодтарға енеді. Бұндай ауысулар жалқы есімнің әлем бейнесіндегі маңыздылығын көрсетеді; 2) жалпы тілдік есімді өзге мәдени кодтар қайталайды, яғни ол мәдениет ономастиканың фактісіне айналады. Жалқы есімнің мәдениет ономастиканына енуінің критерийі — бір кодтағы ақпаратты екінші кодқа ауыстыру мүмкіндігінің бар болуы.

Жалқы есімнің семантикалық тік деңгейін зерттеу оним семантикасының көпдеңгейлі моделін құруды қажет етеді. Бұл міндетті шешу үшін жалқы есім концептісін айқындау қажет. Жалқы есімнің концептуалдылығы деп тілді тұтынушыда қалыптасқан ономастикалық белгіні қолдануға байланысты барлық тілдік және экстралингвистикалық білімді (қолдану мүмкіндігінің жинақталған ұғым ауқымы) атайды. Бұл концептуалды модельді екі деңгейде қарастыруға болады:

1) есімді апеллятивке қарсы қоюдан шығатын оның жалпы категориалды семантикасы;

2) оним-жалпы лексика байланысына негізделген жеке категориалды семантика тілдің онимдік жүйесіндегі әртүрлі салаға жататын жалқы есімдерді қарама-қарсы қарастыру мүмкіндігін тудырады;

3) есімдерді бірінен бірін айыратын және есімнің денотативтік байланысы мен уәжділік мәніне негізделген жеке сипатта дараландыратын семантика;

4) жалқы есімді қолдану ерекшелігіне байланысты тілдік ұғым үшін мәні бар аялық білімді көрсететін фреймдер (тілдік аядан тыс білімдер, мысалы, *Елубай*, *Тұңғышбай*, *Ұлтуар* есімдерін қоюға қатысты барлық білім) өз кезегінде бұл модельді есімнің “тік” семантикасындағы “мәдени коннотация” компонентімен толықтыруға болады.

Жалпы қазақ жалқы есімдерінің ішкі табиғатына бойлап, когнитивтік лингвомәдени бағытта (философия, этнопсихология, психолінгвистика, социология, тарихи антропология т.б.) зерделеу-ономастикалық ізденістердің ең қызықты перспективаларының біріне саналады.

Бұл бағыт ұлттық ғылым жүйесін құрылымдық, классификациялық сипаттау әдісінен тыс оларды зерттеуде өзге жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы жаңа қоғамдық даму үрдісімен оның қазіргі геосаяси, экономикалық жағдайы ұлт мәдениетінің, ғылымының, тілдік жүйесінің сыртқы факторларды ескере отырып, жаңа бағытта дамуын талап етіп отыр. Осыған орай қазақ ономастикасының құрылымдық, құрамдық сапасына да өзгерістер еніп отыр. Жалқы есімдер жүйесі бұрын-соңды қарастырылмаған немесе болмаған, тың, маргиналды саналатын онимдік топтармен толығуда. Бұл онимдік класты *прагматонимдер* деп жалпылама атауға болады. Прагматонимдер жүйесі өз кезегінде іштей бірнеше ірі салаға бөлініп, ол салалар әрі қарай жіктеле түседі. Бұл сала уақыт өткен сайын сандық жағынан көбейіп, күрделене түсуде. Қазақ ономастарының бұл бағыттағы алғашқы міндеті — оларды орынды жүйелеп, басты айырымдық, тақырыптық белгілерін айқындау болмақ. Мысалы, прагматонимнің бір саласы *эргонимдер* жүйесінде мынадай ішкі салаларды бөлуге болады: 1) мекеме, фирма, компания, мәдени орындар мен сауда-саттық нысандарының атаулары; 2) тауарлық белгілер атауы немесе сериялық өндірістегі өнім атаулары; 3) фармацевтикалық өнім атаулары;

Прагматоним саласының ең шеткері шеңберінде орналасқан топ *хрематоним* — қазақша баламасы *мұрағат*, мысалы, *Тайқазан*, *Алтын Адам*; *порейоним* — тасымал, жол көлігі атаулары, мысалы “*Алатау*” пойызы; марапат белгілерінің атауы, мысалы, “*Даңқ*” ордені, “*Алтын алқа*” белгісі — бұл *фалеронимдер* класы тіптен қолға алынбаған жалқы есімдер тобына жатады.

Прагматониммен қатар тұрған жаңа саланың бірі *идеонимдер* тобы өз кезегінде адамның рухани тіршілігіне қатысты *артионим* (бейнелеу өнер туындыларының аты), *библионим* (көркем, ғылыми, саяси т.б. шығармалар аты), *гемероним* (бұқаралық баспасөзге қатысты атаулар), *поэтонимдер* (көркем әдебиеттегі есімдер), *хрононимдер* (тарихи маңызы бар кезең аты), *геортоним* (кез келген мереке, мерейтой атаулары) т.б. деген топтарға жіктеле түседі.

Прагматонимдер мен идеонимдер тобындағы атаулардың номинациялық принциптерін, уәждік негіздерін, семасиологиялық, семиотикалық табиғатын қарастыру келешектің мақсатына жататындығы анық.

Кейбір прагматонимдік, идеонимдік нысандардың өзінің тіптен қай тақырыптық топқа жататындығы, тауарлық, дәрі-дәрмек атауларының семантикасының да терминдік әлеуеті басымырақ болғандықтан дау тудыратын тұстары жетерлік. Кейбір тауарлық белгінің меншік құқығын қорғауда, мысалы, *Жұлдыз*, *Таңғы жұлдыз*, *Түнгі жұлдыз* сынды ұқсас атаулардың семантикалық талдау арқылы айырым белгілерін көрсетудің маңызы зор.

Қазіргі таңда қазақ ономастикасының бұл саласы өз бетінше бей-берекет даму үстінде, сандық жағынан шапшаң көбеюде. Бұл сала бойынша материал жинау, оны жүйелеп, ретке келтіру, даму үрдісін байқап бағдарлау келешектің ісі болмақ.

Алайда сөз басында қазақ ономастикасын зерттеуде тіл біліміндегі іргелі принцип — *сабақтастықтың* сақталатындығын айтқан болатынбыз. Осыған орай ономастиканың зерттеліп келе жатқан дәстүрлі бағыттарында жүзеге асырылуға тиіс нақты ғылыми, ғылыми-практикалық шараларға тоқталған жөн.

Мәселен, жазба ескерткіштер ономастикасын зерттеуді жалғастырып, кешенді түрде қолға алып, тереңдете қарастырып, зерттеудің теориялық, әдістемелік сапасын жетілдіре түсу керек.

Антропонимика қазақ ономастикасында біршама толығырақ зерттелген саласы болғанмен, оның келешекте зерттейтін тұстары:

— қазақ антропонимдік жүйесінің соңғы 20-30 жыл көлеміндегі тілдік ерекшеліктері, олардың тілдік, экстралингвистикалық сипаты туралы зерттеулер қажет;

— қазақ антропонимдеріне социолінгвистикалық мониторинг жүргізу, әр аймақтағы есімдер моделінің қолданылу жиілігін, кісі есімдері репертуарының қалыптасуын кезеңге боліп қарастыру, нәтижесінде антропонимиядағы қазіргі қалыптасып отырған жағдайды байқап-бағдарлау;

— ұлттық дәстүр бойынша қазақ аты-жөнін рәсімдеу жағдайын байқау;

— орамандар есімдер жүйесінің статикалық, динамикалық қалпын зерттеу қажет.

Топонимика саласында:

— тарихи-салыстырмалы, этимологиялық, типологиялық зерттеулерді тереңдету, зерттеулердің теориялық, әдістемелік сапасын жетілдіре түсу керек;

— топонимжасаушы халықтық географиялық терминдер мен апеллиативтер жүйесіне кешенді зерттеу жүргізу қажет;

— қазақ атаулар мазмұнындағы аса жоғары ұлттық-тарихи әлеует мол болғандықтан тарихи ономастика мәселелерін іргелі түрде зерттеген абзал;

— жалпы лексика мен географиялық апеллиативтердің өзара ықпалдасу принциптерін, географиялық апеллиативтердің полисемантикалық алуандығын теориялық тұрғыдан дәйек-теген жөн;

— топонимиканың әлі де жеткіліксіз зерттелген немесе мүлдем қолға алынбаған кейбір топтары мен салаларын, маргиналды салаларын зерттеу керек;

— қазақ ономастикасының ең қызықты да күрделі саласы саналатын ру, тайпа атаулары жүйесін, соған байланысты шежіре, әңгімелердің екінші рет номинациялану үрдісін тілдік тұрғыдан зерттеу әлі де қолға алынған жоқ. Сондықтан бұл онимдік топты лингвомодени, танымдық-когнитивтік негізде зерделеу нәтижелі болмақ;

— қазақ онимдерінің сойлеу тілдегі орны, коммуникация аясындағы көрінісі, қызметі, коммуниканттардың өзара әлеуметтік қатынасы, оның этнопсихологиялық срекшеліктері мен халықтық этникалық аспектілері зерттелуі тиіс.

Лексикографиялық бағыттағы қолданбалы шаралар:

— антропонимиялық түрлі түсіндірме сөздіктер;

— тарихи антропонимдердің этимологиялық сөздігін;

— ономастикалық терминдер сөздігін;

— қазақ географиялық терминдер сөздігін;

— қазақ этнонимдер сөздігін;

— Қазақстан Республикасы топонимдерінің қазақша-орысша-латынша сөздігін;

— Қазақстан Республикасы тарихи атауларының “Қызыл кітабын” (реноминациялануға тыйым салынатын тарихи атаулар кітабы);

— Қазақстан Республикасы жер-су атауларының, қала атауларының, ойконимдерінің (елді мекен атауларының) энциклопедиясын;

— алғы перспектива ретінде ономастиканың шеткері салалары бойынша сөздіктер жасау керек.

Сөз соңында айтарымыз, қазақ ономастикасы — тіл білімінің іргелі саласы ретінде қалыптасып орныққан ғылыми арна. Қоғамның қазіргі даму барысы — ономастика ғылымының күн тәртібіне іргелі де ауқымды міндеттер қойып отыр. Қазақ ономастикасы — ұлт мәдениетінің мәйекті де мәнді бөлігі ретінде мемлекеттік деңгейдегі қамқорлықты қажетсінетін, ортақ мұраға қосар үлесі мен тәрбиелік мәні зор, мейлінше бай халықтық рухани қазынамыз.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
Кіріспе	6
I-Бөлім	
Қазақ ономастикасының зерттелу тарихына аналитикалық шолу	16
Қазақ тіл біліміндегі ономастикалық зерттеулердің тәсілдері мен әдістемесі	32
Жалпы есімдердің жалқы есімдерге, жалқылардың жалпы есімге ауысуы заңдылықтары	36
Ономастика және қоғам	41
Антропонимия — социолінгвистикалық зерттеу нысанасы ..	43
Топонимиканың социолінгвистикалық мәселелері	46
Қазақ онимдерінің лексикалық құрамы	50
Мағынасы көмескі ономастикалық лексемалар	50
Араб, иран тілдері негізінде жасалған онимдер	56
Монғол тіліндегі сөздерден қойылған топонимдер	60
Орыс тілінен енген онимдік қабаттар	61
Ономастиканың ерекшелік белгілері және ғылымның басқа салаларымен байланысы	62
II-Бөлім	
Ономастиканың мемлекеттік мәні, қолдану аясы мен қызметі (деректер мен анықтамалар)	67
Қазақ ономастикасы бойынша жарық көрген еңбектер және қорғалған докторлық, кандидаттық диссертациялар	100
Монографиялар	100
Кітаптар, кітапшалар	107
Ономастикалық сөздіктер (лексикография)	109
Кандидаттық диссертациялар	116
Докторлық диссертациялар	118
Қазақ ономастикасының болашақ даму жолдары	119

Телғожа Жанұзақ, Қыздархан Рысберген

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫ: жетістіктері мен болашағы.

әдістемелік құрал

Суретшісі *Н. Наурызбаев*
Компьютерде беттеген *М. Сәрсенбай*

Терімге 10.09.2004 ж. тапсырылды. Басуға 29.10.2004 ж.
қол қойылды. Қалыбы 84x108¹/₃₂. Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі “Таймс”. Көлемі 7.87 б.т.
Таралымы 1500 дана. N 1117 тапсырыс

ЖШС “Азия” баспасы. Алматы қаласы. Абай даңғылы
143 үй, 516 бөлме. Тел.: 8(3272) 435797
ЖШС “Жедел басу” баспаханасында басылып шыққан.

100-00

УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ
ПО КУРСУ «ИСТОРИЯ И ТЕОРИЯ
ПЕДАГОГИКИ»

Составитель: [Имя]
Рецензент: [Имя]

Учебное пособие предназначено для студентов педагогических вузов и факультетов, обучающихся по специальности «Педагогика и методика начального образования».

Учебное пособие подготовлено на кафедре педагогики и методики начального образования [Имя]

✓

